

**МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН**

**КАЗАХСТАНСКО-АМЕРИКАНСКИЙ СВОБОДНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ**

МЕЖДУНАРОДНЫЙ НАУЧНЫЙ КОНГРЕСС

**ИННОВАЦИОННОЕ РАЗВИТИЕ: НАЦИОНАЛЬНЫЕ
ПРИОРИТЕТЫ И МЕЖДУНАРОДНЫЙ ОПЫТ**

Сборник докладов международного научного конгресса
(28-30 сентября 2016 года)

Часть 2

Усть-Каменогорск
2016

УДК 001 (063)
И 66

Редакционная коллегия: Е.А. Мамбетказиев
А.Е. Мамбетказиев
Д. Бэлласт
Г.А. Конопьянова
Т.В. Левина
А.Н. Нурланова
Ф.В. Искендерова
Г.Б. Едильбаева
Ж.К. Саданова
Е.Н. Вдовина

И 66 «Инновационное развитие: национальные приоритеты и международный опыт»: Сб. докл. междунар. научного конгресса (28-30 сентября 2016 года). – Усть-Каменогорск, 2016. – В 3-х частях. – Ч. 2. – 210 с.

ISBN 978-601-7334-92-5

Сборник публикуется по материалам международного научного конгресса «Инновационное развитие: национальные приоритеты и международный опыт». Тематика статей на казахском и русском языках описывает актуальные вопросы педагогики, психологии, гуманитарных наук.

Материалы второй части конференции включают доклады, представленные в секциях, посвященных данным вопросам.

Материалы сборника адресованы научным сотрудникам, профессорско-преподавательскому составу вузов и студентам, работникам образования.

УДК 001 (063)

ISBN 978-601-7334-92-5

© Казахстанско-Американский
свободный университет, 2016

ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМНЫҢ ДАМУ ТӘЖІРИБЕСІ МЕН ТЕОРИЯСЫ

ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТІЛДІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН ДАМУДА ДЕБАТ (ШІКІРТАЛАС) ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ МАҢЫЗЫ

Ағыбаева Е.Ш.

*С. Торайғыров атындағы №22 гимназия-мектебінің, Екібастұз,
Қазақстан*

Әр пәннің ісі баланың ойын қозғау,
ойлағанын ауызша я жазумен сыртқа
шығару, яғни, тілсіз оқытылатын,
ұғылатын пән жоқ екендігі анық.

Ж. Аймауытов

Әрбір күн өзгеріске толы бүгінгі жауапты кезеңде заман көшінен қалмай уақыт талабына сай ертеңгі болашақ ұрпақты білімді етіп тәрбиелеуде ұстаздарға көп жауапкершілікті жүктейді.

Ол мұғалімнің үздіксіз ізденуді, өз білімін жетілдіріп отыруды, өскелең ұрпаққа сапалы білім беруді талап етеді. Өйткені, еліміздің ертеңі - бүгінгі жас ұрпақтың қолында.

Сапалы білім беру - ел экономикасын, саясатын әлем алдында бәсекеге қабілетті болуға апаратын бірден-бір жол. Сондықтан, заман талабына сай жаңа мазмұнда білім беруді ұйымдастыру - бүгінгі күннің талабы.

Оқушының шығармашылық қабілеті оның ойлауы мен практикалық әрекеттері арқылы дамиды. Ойлауға үйрететін сабақтар жаңа технологияларды қолдану сабақтары болып табылады. Мұндай сабақтарда оқушыға ерекше ахуал, мұғалім мен оқушы арасында ынтымақтастық қатынас қалыптасады. Мұғалім бұл жағдайда дайын білімді түсіндіріп қоюшы, бақылаушы, бағалаушы емес, танымдық іс-әрекетін ұйымдастыратын ұжымдық істердің ұйытқысы. Тек осындай оқыту ғана оқушы интеллектісінің көзін ашып, шығармашылығын дамытады.

Осыған сәйкес сабаққа қойылатын қазіргі талаптар да мұғалімнен зор шеберлікті қажет етеді. Халқымызда «Шайнап берген ас - ас болмайды» деген мақал бар, сол сияқты мұғалім де сабақ үрдісінде материалды дайын күйінде бермей, оқушы ізденісіне жол ашатындай түрткі болатындай әдіс-тәсілдерді таңдап алуы қажет. Сонда ғана оқушы шын мәнінде өзіндік ойлау қабілеті бар, жеке адам болып қалыптасады. Ұлы ойшыл, қытай философы Конфуцийдің: «Естігенімді – ұмытамын, көргенімді - есте сақтаймын, ал өз ақыл - ойыммен

істеген ісімді түсінемін», - деген даналық сөздері осы айтылғандарды дәлелдей түседі.

Оқу үрдісінде оқушының тілдік құзырлығын қалыптастыру - ең өзекті мәселе. Сабақ барысында проблемалық мәселені таба білу, оны шешу оған деген өзіндік ой-пікірін білдіру оқушы үшін оңай емесі анық. Сондықтан оқушының өз ойын анық, батыл жеткізе білуіне, ой-пікір алмасып, сөз мәдениетіне жетік болудың тиімді әдіс-тәсілдерін меңгеруді үйренуіне пікірталас сабақтарының орны ерекше деп білеміз.

Тілдік құзіреттіліктің әдебиет сабағында дебат технологиясын пайдалана отырып, оқушылардың бойында қалай дамытуға болатынын іс-тәжірибемізде іске асырудамыз. Себебі тілдік құзыреттілік қазақ тілі мен әдебиеті сабағына етене жақын.

Өз іс-тәжірибемізде қолданатын пікірталас моделінің арнайы құрылымы, ережесі бар, қолданыс аясы және уақыты шектеулі. Оның негізін салушы - американ философы Карл Поппер. Оның ерекшелігі - әр қарсылас топтың бір-бірімен белгілі ережеге сәйкес ізденіске негізделген сайысқа түсуі, ақиқатқа жету жолын қарастыруы, дәлелдерін салыстыруы. Көрсетілген слайдта Карл Поппер бағдарламасының пікірталас форматы берілген.

Бұл технологияны сабақта да, сабақтан тыс тәрбие жұмысында да қолдануға өте қолайлы. Егер әдебиет сабақтарында дебат технологиясы тиімді қолданылса, онда оқушылардың білім деңгейімен қоса, сөйлеу, ұсыну шеберлігі интеллектуалды - логикалық ой-өрісі дамып, шығармашыл жеке тұлға қалыптасады.

Әдебиеттен 7-сыныпта өтілетін М. Әуезовтың «Көксерек» әңгімесін аталған технология бойынша талдайық.

Сабақтың тақырыбы: М. Әуезов «Көксерек» әңгімесі

Сабақтың мақсаты:

а) Әңгімедегі Көксеректің іс-әрекетіне екі түрлі көзқараста баға беру. Қызу пікірталасқа қатыса отырып, әр топ (даттаушы, жақтаушы) өз пікірін дәлелдемелеріне сүйеніп, бұлтартпас айғақтар келтіру арқылы және мақал-мәтел, афоризм сөздерді тірек ете отырып өз көзқарастарын қорғап шығу.

ә) Әңгімені түсініп оқу, яғни сөз астарына үңіліп, мағынасын түсіну, өзекті ойды бөліп ала білу, сыни тұрғыда ой қорытындысын жасау, өз пікірін қорғай білу және сөйлеу мәнерін қалыптастыру дағдыларын дамыту.

Сабақтың түрі: «Дебат – пікір – сайыс» сабағы

Сабақтың әдісі: мәтінмен жұмыс, пікірін айту, қарама-қарсы сұрақ қою, сөздіктермен жұмыс, миға шабуыл сұрақтары.

I. Ұйымдастыру кезеңі: «Дебат – пікір – сайыс» сабағының шар-
тымен таныстыру. Пікір-сайысқа қатысушылар екі топқа бөлінеді:

1) жақтаушы 2) даттаушы. Әр топ алдын ала өз дәлелдемелерін,
айғақтары мен кілт сөздерін дайындап әкеледі.

Жақтаушы топтың қарары (тақырыбы): «Құрмаштың өліміне
Көксерек кінәлі», даттаушы топтың қарары: «Құрмаштың өліміне
Көксерек кінәлі емес», екі түрлі көзқараста пікірталасқа түседі.

Сайысты жақтаушы топтың I спикері бастайды. Қарары: «Құр-
маштың өліміне Көксерек кінәлі»

Кілт сөздер: Өлім - дүниемен қош айтысу.

Кінәлі - белгілі бір іске айыпты болу

1 - дәлелдеме: Көксерекке қорған бола білген Құрмаш

Құрмаш Көксерек үшін барлық жағдайды жасады. Тіпті Көксе-
ректі кішкентай балаша бағып, ерекше мейіріммен қарады. Оған ас-
құйғыш, итаяқ әзірлеп, түн болса қасына немесе аяқ жағына алып жат-
ты. Сол үшін кәрі әжесінің қойнынан да шығып кетті. Күніне екі мез-
гіл тамақ береді.

Ауыл әйелдері: - Ұры. Асырасаң да мал болмайды.

Тұқымы жау емес пе? десе, ауыл үлкендері:

- Бұны өлтіріп, терісін алу керек. Осы кәпір түбінде ел болмайды,
- дейтін сөздеріне Құрмаш құлақ аспады.

Көксерек алғаш рет қойға шапқан қасқырлармен бірге ауылдан
кетіп, қайта айналып келгенде әжесі:

- Тұу, мына кәпірдің екі көзі жап-жасыл болып кетіпті-ау, тұ-
қымын сезген жүзі қара; қой, балам, енді мұны өлтіріп, терісін алайық,
- деген әже сөзіне де көнбеді. Көксерек ауыл иттерінен де көресіні
көрді, бірақ Құрмаш қасында болса таяқ жемейді.

Осылай Құрмаш Көксеректі бәрінен қызғыштай қорғады. Ал
Көксерек не істеді? Бар ызасын, кегін адал асын алдына тосқан
Құрмаштан алды.

Сондықтан «Құрмаштың өліміне Көксерек кінәлі» деген көзқа-
расты ұстанамыз. Міне, осы айғақ негізінде 1 - дәлелдеме бойынша өз
көзқарасын жақтап шығады. Қарама-қарсы сұрақты даттаушы топтың
III спикері қояды:

1. Ауыл адамдарының қасқырлар күшігіне жасаған аянышты іс-
әрекетіне не деп жауап берер едің?

2. Қасқырды үйде ұстап өсіру, сенің ойынша дұрыс па?

Сұрақтар осылай сабақталып кете береді. Сұрақ қоюшы топ қа-
рама-қарсы сұрақ қойғанда, қарсы топты өзі ұстанған көзқарасынан
жаңылдыруды көздейді.

Келесі кезекті даттаушы топтың спикері бастайды. Даттаушы

топтың қарары (тақырыбы): «Құрмаштың өліміне Көксерек кінәлі емес».

1 - дәлелдеме: «Көксерек –табиғаттың тағы перзенті»

Біз даттаушы топ Құрмаштың өліміне Көксерек кінәлі емес, адамдар кінәлі деген көзқарасты құптаймыз. «Көксеректе» оқиға басталғанда ауыл адамдары қасқыр ініндегі 7 күшіктің бесеуін көздеріне қарап тұрып өлтіріп, біреуінің тірсегін қиып, біреуін ауылға алып келеді. Адамдардың бұл әрекетінен қаталдықты, жауыздықты, табиғат-ананың құшағындағы тіршілік иелеріне деген озбырлықты, қоршаған ортаға қамқорлықтың жоқтығы деп түсінемін. Аң да тіршілік иесі. Олар да өз ұрпағын аман-есен өсіруді ойлайды. Адамдар қасқырлар апанын бұзып, күшіктерін өлтірді. Қасқырлар психологиясы бойынша осындай қорлықтардан кейін жер бетіндегі екі аяқтылардан өш алуды алдарына міндет етіп қойғандай болады. «Қанға - қан, жанға - жан» демекші, Көксерек соңында Құрмашты тап беруіне адамдар кінәлі. Қарама-қарсы сұрақты жақтаушы топтың ІІ спикері қояды.

1. Құрмашты өлтірген Көксерек. Сіз соған келісесіз бе?

2. Көксеректен күдіктенген ауыл адамдарының ойы жүзеге асты ма?

Пікірсайыс жалғасып, жақтаушы топтың ІІ спикері сөз алады.

Иә, біз «Құрмаштың өліміне Көксерек кінәлі» дейміз.

1 - дәлелдеме «Бөлтірікті қанша асырасаң да тауға қарап ұлиды»

І спикер айтып кеткендей Құрмаштың Көксерекке деген пәк көңілі, мейірімі ерекше еді. Көксеректі ауылға алып келгенде екі күннен кейін көзін ашып көргені осы Құрмаш болатын. Бірақ Көксерек жанына жылу бола білген кінәсіз Құрмашты айуандықпен өлтіреді. Автор былай суреттейді: «Туғаннан бергі барлық көресі осыдан, екі аяқтыдан дегендей, жығылып домалап жатқан балаға тап берді». Көксерек ырылдап тұрып: тісінің ұшымен қағып жұлып алып, басын шайқап өткенде, баланың бір жақ көзін қопарып алып кетті. Жүріп бара жатып, қылғып салды... Осы үзіндінің өзі Құрмаштың өліміне Көксерек кінәлі екенін айқындап тұр.

Даттаушы топтың ІІ спикері өзінің қарарына қайта оралып, өзінің кейсін ұсынады. Шығарманың негізгі түйіні - қасқыр қасқырлығын істейді. Оны қанша үйрет, қолда тәрбиеле, жоқ, бәрібір айналып келіп, қапылыста өзіне тиеді. Оған себеп не? Себеп біреу - табиғаттағы барлық тіршілік иесінің өзінің өсіп, дамып, өркендеу жолдары бар. Ол күштеп бағындыруға әрқашан қарсылықпен жауап береді. Сол жолдан оларды ажыратуға болмайды. Адам мен табиғат арасындағы тепе-теңдік қатынас бұзылған жағдайда оның әкеп соқтырар зардабы қиын болады. Қатыгездік тек жабайы аңдар арасында ғана емес, адамдардың

арасынан шығуы қоғамға қауіпті. Шығарманың тақырыбы: адамдар арасындағы жауыздық, қаталдық, қоршаған ортаға қамқорлықтың жоқтығы. Ендеше Құрмаштың өліміне адамдар кінәлі.

Жақтаушы, даттаушы топтың III спикерлері ешқандай дәлелдеме, айғақтар келтірмейді, олар тек пікірталастың қалай өткені жөнінде анализ (талдау) жасайды. Ойын барысында қандай қақтығыстар болды, қарсы топтың I, II спикерлерінен кеткен кемшіліктер болса, соны түзейді. де өз позициясының дұрыстығына тағы көз жеткізеді

Мұғалім сабақты жинақтап, қорытынды жасайды.

«Дебат» сабақта байқағанымыз - әдебиетке жаңаша көзқарасты оқушы жастар әкелетін сияқты. Кейде мұғалім ескере бермейтін тосын нәрселерді оқушы аузынан естігенде түрлі ойға қаласың. Кейбір ұшқары пікірлер де кездеседі, ондай жағдайда төреші ретінде мұғалім жөн сілтеуіне қақысы бар.

«Дебат» үлгісін әдебиет сабақтарында кеңінен пайдалану керек. Сонда ғана біздің алдымыздағы балалар қарапайым оқушыдан сөз білетін ділмар тілді шешенге, ойлап, шешім айта алатын, өмірді шынайы қалпында танитын еркін ойлы азаматқа айналады деген қорытындыға келдім.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әуезов М. Жинақ. - Алматы, 2003.
2. Бітібаева Қ.О. Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары. - Алматы, 2009.
3. Бітібаева Қ.О. Әдебиетті оқыту әдістемесі. - Алматы, 1997.
4. Бітібаева Қ., Құдайбергенова Г., Мұқашева М. Әдебиетті оқытудың инновациялық технологиясы. - Өскемен, 2002.
5. Құдайбергенова К.С. Құзырлылық педагогикалық категория ретінде дамуының теориялық - әдіснамалық негіздері. - Алматы, 2012.

«ОЙ ТАСТАУ, ОЙЛАНТУ» ТЕХНОЛОГИЯСЫ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫСТАРҒА ЖЕТЕЛЕУДІҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Мұқашева М.Қ.

ДБА Жамбыл атындағы ОММГИ, Өскемен, Қазақстан

Қазіргі таңда, білім - ғылымның, ақпараттың дамыған заманында, еліміз бәсекеге қабілетті мемлекет болуды көздеп, әлемдік кеңістікке қарыштай қанат қақты. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев халқына Жолдау-

ында: «Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек», - дегендей [1, б. 22], еліміз бәсекеге қабілетті елу елдің қатарында болуды көздеп, сол жолда игі мақсаттар ұстанды.

Ел болашағы – білімді, «көкірек көзі ашық» ұрпақтарында екендігі сөзсіз. Осы орайда Жолдауда көрсетілгендей, Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың: «Балаларымыздың, жалпы барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет. Балаларымыз қазіргі заманға бейімделген болуы үшін бұл аса маңызды», - деген сөзі ел болашағының сауатты ұрпақ қолында екендігін ескерте отырып [1, б. 18], бүгінгі білім ордаларына аса жауапкершіліктер жүктейді.

«Мектеп – білімнің көзі, адамгершіліктің ордасы, тәрбиенің бекігі», - деген нақылға сүйенсек, жан-жақты дамыған, қоғамға бейім сауатты да білімді, салауатты, рухани дүниесі бай тұлғаны тәрбиелеуде мектептегі қай пәннің болмасын алатын орны зор. Осы көзделіп отырған мақсаттар мен міндеттерді атқару үшін мұғалімдер қауымы тың ізденістер мен жаңашылдықтарға ұмтылып, озық технологияларды тәжірибеге енгізіп, заманға бейім, сауатты ұрпақты тәрбиелеуде еңбек етуде. Тұлғаның адами болмысын, рухани жан-дүниесін, шығармашылық дарын көзін ашуда қазақ тілі, әдебиет пәнінің маңызы сөзсіз.

Осы орайда қазақ педагогикасының жарық жұлдызы, «Қазақтың Қанипасы» атанған Қанипа Омарғалиқызы: «Әдебиет пәні де - өнер пәні. Әдебиетті ұлағатты адамдар «адамтану құралы» десе, әдебиет пәнін «адам тәрбиелеу құралы» дер едік. Ол жас өспірімдерге әдебиеттанудан, сөз маржандарының қыр-сырын игеруден жай білім ғана беріп қоймайды, ең бастысы, өмірдің ең қымбаттысы, ең асылы – жақсылық пен ізгіліктің ұрығын себеді», - деп анықтама бергендей, әдебиет пәнінің ауқымы өте жоғары, сондықтан да оны оқытудың күрделілігі мен қиындығын да ұстаз өз еңбектерінде атап көрсетеді [2, б. 6]. Ғалым ұстаздың тағы бір пікіріне жүгінбесек болмас: «Ой, ойлану, ойланту барлық пәндерге де керек. Ойсыз өмір сүру мүмкін емес. Бірақ бұл жердегі ерекше бір еске алатын мәселе - өзіндік ойлау, өзіндік пікірде жатыр. Әдебиетті оқытуда мұғалім оқушыларға көркем туынды туралы оқулық авторы, не ғалымдар пікірін қайталауда, не соны қаз-қалпында мазмұндануды мақсат етпеуі керек, ең бастысы, сол көркем туынды туралы оқушы пікірі, ойына ерекше көңіл бөлген жөн. Бұл пәннің басқа пәндерді оқытудан өзгешелігі де, күрделілігі де осында», - деп оқыту барысының нәтижелі, жемісті болуы мұғалім әдістемесіне, шеберлігіне де байланысты екендігін атап көрсетеді.

Қ. Омарғалиқызының «Ой тастау, ойланту» технологиясы жоға-

рыда айтылған осынау талаптарды басшылыққа алған, оқушының білімді өз әрекеті арқылы ғылыми ізденіске жетелейтін, құзырлыққа бағытталған тапсырмалар мен «ой салу, ойланту» технологиясы сабақтың өн бойынша оқушының өнімді әрекетке жетуіне негіз болып отырады. Ұстаз - «Әдебиетті оқытудың әдістемесі», «Мектепте Абайды оқытудың», «Мектепте М. Әуезовті оқыту» сынды бірнеше қомақты ғылыми еңбектер мен ғылыми мақалалардың авторы.

«Әдебиетті тереңдетіп оқыту» атты еңбегінде ғалым ұстаз: «Мектептегі оқыту процесі оқыту әдістері арқылы жүзеге асады. Әдебиетті оқытуда сөздік әдіс, көрнекілік әдіс, тәжірибелік әдіс, түсіндірмелі – иллюстриативтік әдіс немесе репродуктивтік әдіс, эвристикалық әдіс (ішінара іздендіруші) әдіс, зерттеу әдісі, мәтінді көркемдеу, мәнерлеп оқудың орны ерекше», - оқыту әдістерін саралап қана қоймай [2, б. 24], оларды тиімді жүргізудің жолын көрсетеді. Соның ішінде ұстаз еңбектерінде терең зерттелген, бүгінгі заман талабы бойынша жан-жақты дамыған тұлғаны дамытуда, тұлғаның шығармашылық қабілетін оятуда ғылыми бағыттағы жазба жұмыстарының да маңызы зор. Ғалым ұстаз өзінің ғылыми зерттеу, еңбектерінде жазба жұмыстарын жазғызудың инновациялық технологиясын, тың жолдарын ұсынды. Соның бірі, дәстүрден тыс жазба жұмыстарын жүргізудің ғылымилығы, яғни, оқушыларды сабақта ғылыми ізденіске жетелеудің тың жолдарын көрсетті.

Жаттығу жұмысы дәстүрлі оқыту кезеңінде де, қазіргі технологиялық оқыту кезеңінде де қазақ тілінен білім берудің негізгі жолдарының бірі болып келеді. Жаттығу туралы Педагогикалық энциклопедияда төмендегідей анықтама берілген: «планомерно организованное повторное выполнение действия (умственного или практического) с целью овладения им или повышения его качества» [3, б. 382].

Жаттығу тіл сабақтарындағы ең көне, тәжірибеде жиі пайдаланылып жүрген жұмыс түріне жатады. Атақты педагогтар Я.К. Коменский, Д. Ушинскийлер оған ерекше назар аударған. Олар, әсіресе, жаттығу мәтініне қойылатын талаптарға аса көңіл бөлген.

Жаттығу жұмыстары оқушылардың алған білімдерін практикада қолдана алу дағдыларын іске асыру мақсатында жүргізіледі. Оның тиімділігін біршама ғалымдардың еңбектері мен іс-тәжірибелері дәлелдейді.

Орыс ғалымы профессор А.В. Текучев жаттығу жұмыстарының тиімділігіне төмендегіше баға береді: «Жаттығуды грамматикадан өтілген теориялық материалды түсіндіруді сипаттайтын әдіс деп қарауға болмайды, ол - тілден ұйымдастырған сабақтың қажетті бөлімі және айырып қарауға келмейтін тарауы. Егер орыс тілін оқытуда жат-

тығуды қолданбай білім беретін болса, ол өмірден, практикадан нақтылы тілдік материалдардан қол үзген құрғақ теориялар болып шыққан болар еді», - дейді [4, б. 5.]. Ал, ғалым Г.Н. Приступа: «... чтобы упражнения были эффективными, они должны выполняться в системе, важнейшим же звеном системы является их последовательность», - деп түсінік береді [5, б. 69].

Сондай-ақ, ғалым Л.В. Щерба былай дейді: «Упражняться можно только в чем-либо известном... Если же... правила неизвестны, то и упражняться не в чем» [6, б. 81].

Қазақ ғалым-педагогтары да жаттығудың тиімділігі, әдістемесі туралы жазып келді. Әдіскер - ғалым Қ.Жолымбетов: «Грамматикалық материалдарды түсіндіргеннен кейін, жаттығу жұмыстары жүргізіледі. Жаттығу жұмыстарының мақсаты – грамматикадан алған білімді жазу практикасында пайдалана білуге төселу», - дейді [7, б. 74]. Жаттығу жұмыстарының сапалы орындалуы оның тиімді мақсатқа сай құрылып, жүйелі ұйымдастырылуына байланысты болмақ.

Жаттығудың түрі көп, себебі ол өтіліп жатқан тақырыптарға тікелей байланысты болып келеді. Түріне қарай дидактикалық - әдістемесі де нақты жағдайларға байланысты өзгеріп отырады.

Ғалым Қ. Жолымбетов жаттығу жазғызудың дидактикалық талаптарын төмендегіше сараптайды: «Жаттығудың әр жақтығы және қайталай жаттығу. Тақырыпты өту кезіндегі жаттығумен шектеліп қалуға болмайды. Келесі сабақтарда, немесе келесі тақырыптарды өту кезінде де қайталана жаттықтыруы керек. Сондай-ақ, кластағы оқушылардың белгілі орфограмманы игеру дәрежесіне қарай жеке оқушыларға арнайы тапсырма беру жолымен жаттығу орындату процесіндегі тиімді тәсіл болып табылады», - дейді [7, б. 78].

Жаттығулардың тиімділігін төмендегідей саралауға болады (өз іс-тәжірибеміз негізінде):

- Алған теориялық білімді тәжірибеде пайдалана білуге, білімдерінің тереңдеуіне;
- Көркем жазуға, зейінінің жетілуі, еске ұстау қабілетінің дамуына;
- Өз беттерімен анализ, синтез жасай білуге;
- Сөздік қорларының дамуы, тіл байлықтарының жетілуіне;
- Мәтінді талдай білуге, сауатты жазуға;
- Шығармашылық қабілеттерінің дамуына;
- Пәнге деген қызығушылықтарының артуына түрткі жасайды.

Қазақ тілі сабақтарында жаттығу жұмыстары ауызша да, жазбаша да жүргізіліп келеді. Сондықтан да оқушылардың ауызекі сөйлеу тілі мен жазба тілін дамытуда жаттығу жұмыстарының маңызы зор. Қазір-

гі қазақ тілі оқулықтарында жаттығу жұмыстарына біршама назар аударылған. Дегенмен, жаттығу мәтіндерінде бірізділік сақталынып, технологиялық оқыту талаптарына негіз делінбеген. Ол оқушылардың қабілеті, дарынын дамытуға, шығармашылық жұмыстарға баулуға, өз бетімен білімді оқушылық деңгейден шығармашылық деңгейге дейін жетелеуге бағытталғаны дұрыс. Бұл мақсаттардан шығу үшін пән-аралық байланысқа жүгінудің тиімділігі зор.

Өз іс-тәжірибемізде тақырыптың ауыр, жеңілдігін зерделей отырып, оқушылардың орындауына қиындық келтірмейтін, қайта қызығушылықтары мен ынтасын, ойлау белсенділіктерін дамытатын мәтіндерді тандап алып жүрміз. Сол мақсатпен М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясына жүгінудеміз. Күтілетін нәтижеге алдын-ала болжам (прогноз) жасап сараладық:

- Білімді тереңдетіп, іскерлік дағдыларының жетілуіне түрткі жасайды;

- Сауаттылықтары (көргенді еске сақтау негізінде) артады;

- Сөздік қорларының баюына, жазба тілінің дамуына ықпал етеді;

- Дарыны, қабілетінің дамуына әсер етеді әрі шығармашылық іс-әрекеттерге баулиды;

- «Абай жолы» эпопеясын өз беттерімен ары қарай оқуға ынталандырады, қызығушылықтарын арттырады.

Бір ескертетін мәселе, күтілетін нәтиже тақырыпқа, жаттығу жұмыстарының түрлеріне, сабақ мақсатына сай өзгеріп отырады. Ал жаттығу жұмыстарын жүргізудің инновациялық технологиясынан іздену - басты мақсат. Енді ұжымдық оқыту мен интерактивті әдістерді басшылыққа алған шығармашылық бағыттағы «Ойлан, тап» жаттығуын қалай жүргізіп келеміз, соған тоқталайық.

Әдістемесі:

- Әр оқушы, ең алдымен, берілген мәтіндегі оқиғаны анықтайды;


- Мәтіннің мазмұнын жұптаса отырып, бір-біріне түсіндіреді;

- Қазақ тілінен өтіліп жатқан ережелерді қайталайды;

- Берілген тапсырманы орындап (мысалы, сын есімдер), астын сызады;

- Әр оқушы өз беттерімен сын есімдердің синонимін табады. Үлгіні басшылыққа алады.

Үлгі:



- Келесі кезеңде өздері тапқан синонимдерінің бірін мәтінге орналастырады.

- Ары қарай мәтіннің өзгерген түрін бір-біріне оқып, пікір алмасады.

Қорытындыда мұғалім көмегімен ұжым болып өздері тапқан сөздерінің мәтін түпнұсқасына әсерін саралайды (мүлде өзгерді ме, жоқ мәтін мазмұны сақталды ма).

- Сын есімнің көркем әдебиеттегі маңызына өз беттерімен баға береді.


I жаттығу мәтіні

Қазақ тілі: Есімше, көсемше.

Тапсырма:

1. Есімше, көсемшелердің тиісті орнын тауып, көшіріп жаз.
2. Есімше, көсемшелердің синонимдерін тауып, мәтінге қойып көр де сөйлем мағынасына тигізген әсерін сарала.

Үлгі:



3. Есімше, көсемшелердің қазақ әдебиетіндегі орны.

Жаттығу мәтіні: Таудан соқ... суық ызғар, катал мінездердің ызғары тәрізді. Ызылда... суық лептің қарсысына ана жыры, мейіршапқат жыры үн қосады. Құшағына тартқан өзгеше бір күш, бар дүниені өзіне бағындырар орны бар, баяу да болса, басым саз. Абай бір түрлі сейіл..., іштей серпіл... ал..., тау жотасынан биікте..., аспанға қарады. Толық ай ашық көкті қалқы..., сыз... кел..., бір топ шоғыр қара бұлтқа кірді. Кірді де қызық күйге түсті. Абай соған қара... өзге жайдың бәрін ұмыт..., аңыр... телмір... қалды («Абай жолы» Жолда, 90 б.).

Қазақ тілі: 6-сынып. Сын есім.

Тапсырма: «Өз орнын тап» жаттығу жұмысы.

1. Сын есімдердің өз орнын тауып, қойып жаз.
2. Жасалу жолына қарай талдау жаса.
3. Мәтінді өзгертіп, өзіңше жазуға талаптан.
4. Сын есімдердің көркем әдебиеттегі орнын дәлелде.

II жаттығу мәтіні:

.... көштің алдында есік пен ... жерде аттарын қатар бастырып бір топ қыз келеді. Топ орталарында ... күйде бос жетектелген, кекілі

күзелген, ат бар. Сол топтан әнтек кейін үлкен көштің алдын бастап келе жатқан бәйбіше екен. Басына желек жамылыпты. Бұл бастаған он бес көштің сәні өзгеше көрінді. Бар түйенің үстіне артылған жүктерді жапқан өңшең ... кілем, ... алаша, текемет көрінеді («Абай жолы» Бел-белесте, 186 б.)

Керекті сөздер: Қара ала, Үлкен, қара көк, жұқа қара, түйелі, ерттеулі, қара, төрдей, қоңыр, сұп-сұр жүдеу.

Енді оқушылар жұмыстарынан мысалдар келтірейік:

Смағұлова Назым 6-сынып.

Таудан соққан ызғырық ызғар, қатал мінездердің ызғары тәрізді. Ызындаған суық лептің қарсысына ана жыры, мейіршапқат жыры үн қосады. Құшағына тартқан өзгеше бір күш, бар дүниені өзіне бағындырар орны бар, баяу да болса, басым саз. Абай бір түрлі сергіп, іштей тынығып алып, тау жотасынан өрлей, аспанға қарайды. Толық ай ашық көкті жүзіп, қалқып келіп, бір топ шоғыр қара бұлтқа кірді. Кірді де қызық күйге түсті. Абай соған қарап тұрып, өзге жайдың бәрін естен шығарып, аңыра телміріп қалды.

Оқушы:

Үлкен көштің алдында есік пен жоғарыдай жерде аттарын қатар бастырып бір топ қыз келеді. Топ орталарында әбзелдеген күйде бос жетектелген, кекілі күзелген, қара кер ат бар. Сол топтан әнтек кейін үлкен көштің алдын бастап келе жатқан сұр өңді бәйбіше екен. Басына қара желек жамылыпты. Бұл бастаған он бес өркешті көштің сәні өзгеше көрінді. Бар түйенің үстіне артылған жүктерді жапқан өңшең кілең кілем, қара көк алаша, қоңырқай текемет көрінеді («Абай жолы» Бел-белесте, 186 б.)

Қазақ тіліндегі жаттығу жұмыстарында М. Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясын пайдалану барысында, ең бастысы, оқушылардың алған білімді тәжірибеде қолдана білу дағдыларын қалыптастыруды, бекітуді, қорытындылауды мақсат еттік. Оқушылардың өз бетімен жұмыс жасауына ерекше назар аудардық. Жаттығуды орындап болған соң, мұғалім басшылығымен жұптық жұмыстары тиімді ұйымдастырылды. Әр жұп бір-бірінің жұмысын тексеріп, қателерін өз беттерімен табуға талаптанды. Соңынан тапсырманы өз беттерімен орындаған соң, мұғалім оқушылардың қалай жұмысты орындағандарымен танысып, ортақ талдау жұмыстарына уақыт бөледі.

Жаттығу жұмыстары арқылы оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту басшылыққа алынды. Сондай-ақ, пәнге деген, көркем мәтінді оқуға деген ынталарының оянуына түрткі жасалды.

Жаттығу жұмыстарын жүргізу барысында төмендегідей нәтижелерге қол жеткіздік:

- оқушылардың өзіндік дербес іс-әрекетке дағдылануы жетілді;
- сөздік қорлары молайды;
- жазба жұмыстарына, көркем жазуға төселді;
- алған білімді тәжірибеде қолдана білу машықтары артты.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жаңа әлемдегі Жаңа Қазақстан. Елбасы Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Өскемен қ, 15 наурыз, 2007.
2. Бітібаева Қ.О. Әдебиет пәнін оқытудың тиімді жолдары. – А., 2009.
3. Педагогикалық энциклопедия. Т 4. – М., 1968
4. Текучев А.В. Методика русского языка в средней школе. – М., 1970.
5. Приступа Г.Н. Система орфографических упражнений в средней школе // Ученые записки Рязанского института. - Рязань, 1967.
6. Щерба Л.В. Избранные работы по языкознанию и фонетике. Т. I. - - М., 1958.
7. Жолымбетов Қ. Қазақ орфографиясының негіздері. – Алма-Ата, 1975.
8. Әуезов М. Абай жолы. - Алматы: «Жазушы», 2007.

ГЕРОНТОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫ ТУРАЛЫ ТҮСІНІК

Байтемирова Қ.Б.

Қазақстан-Американдық еркін университет, Өскемен, Қазақстан

Бүкіл әлемде қарт адамдардың саны айрықша өсуде, ал қарттық және қартаю мәселесі өзекті мәселе болып отыр. Адамның қартаюының өзіне назар аудартуының жоғарылауына қарамастан көптеген сұрақтар осы уақытқа дейін өңделмеген. Қазіргі уақытқа дейін қартаю ұғымының дәл анықтамасы жоқ. *Homosapiens* деген адам түрінің латынша атауына саналы деген сөзден басқа қартаюшы не, қарттық адамның мінездік белгісі деген сөздерді де білдіреді.

Қартаю кезеңі «кеш естиярлық», «қарттық жас» деген анықтамалар кездеседі. «Демографиялық-энциклопедиялық» сөздікте 1985 ж. мынадай анықтамалар келтіріледі.

Қартаю бұл - адамзат тарихының әртүрлі тарихи-эволюциялық кезеңдерімен және әртүрлі экологиялық манипуляциялық әлеуметтік алмасушы биопсихологиялық және әлеуметтік ұғым. Белгілі бір кәмет жасқа жеткеннен кейін организмнің функциялық мүмкіншіліктерінің үдемелі төмендеуін қартаю деп атаймыз. Қартаю - онтогенез нә-

тижесі, ағзада ерекше құрылымдық қызметтік және биохимиялық өзгерістердің пайда болуымен сипатталады. Биологиялық қартаю физиологиялық және психологиялық үрдістер түрлерінде өтеді. Ғылымның негізгі мақсаты - ерте қартаюдың алдын алу, болдырмау, адамдарға физиологиялық қартаюға дейін толыққанды, белсенді өмір сүруге мүмкіндіктер жасау болып табылады. Адам өмірінің ұзақтығы мен қартаю туындауына әсер ететін факторлар: сыртқы орта факторлары, өмірдің сапасы, өмір салты, тұқым қуалайтын аурулар, медициналық қызмет деңгейі. Қартаю үрдістерін тездетеді: гиподинамия, дұрыс тамақтанбау, залалды дағдылар, қоршаған ортаның ластануы, әртүрлі аурулар. Адам өмірінің ұзақтығы мен қартаюдың туындауына сыртқы орта факторлары, әсіресе экологиялық зардаптар шеккен аудандарда тұратын тұлғалардың денсаулық жағдайларының бұзылуына көп үлес қосатыны белгілі [1, 121 б.].

Қазіргі кезде жоғары дамыған елдерде адамдардың қартаю кезеңі созылып, өмірлері ұзарып, ол отыз жылдай уақытты алатын болды. Қазақстан елімізде басқа елдер де сияқты егде жасқа жеткен азаматтардың саны өсіп келе жатыр (2006 жылы - 7,8 пайыз); 2030 жылы бұл көрсеткіш 11,5 пайызға жететін болады, бірақ Біріккен Ұлттар Ұйымы эксперттерінің көзқарастары бойынша Қазақстанда қартаюдың туындауының жылдамдығы дамыған мемлекеттермен салыстырғанда тезірек өтеді. Қартаюдың Қазақстандағы ерекшелігі - халықтың қартаюы - екі фактор әсерінің нәтижесі: өлім жітімнің жоғары болуы және туудың азаюы. Адам өмірінің ұзақтығы мен қартаю үрдістеріне әсер ететін қоршаған орта факторларының маңызы өте зор. Олар еліміздегі, әсіресе экологиялық зардап шеккен аудандарда жеке адамның денсаулығының бұзылуына теріс әсерлер түріндегі көп үлес қосып отыр. Кәзіргі күні Қазақстанда өмір сүру ұзақтығы ер адамдарда - 64 жас, әйел адамдарда - 74 жасқа жетіп отыр, бұл көрсеткіш басқа елдер тұрғындарының өмір сүру ұзақтығынан төмен келеді [2, 48 б.].

С.И. Ожегованың сөздігінде «егде» - «қартая бастаған», «қарттық» - «организм әлсізденетін, кемелдеген кезеңнен кейінгі өмір» және «қарт» - «қартаюға жеткен». Мұндай анықтамалар мынадай ойға әкеледі, біздің елімізде анық бейнеленген, біз адам қартайғанда қандай болатынын және қарт кісілердің тобына 60-тан 75-ке дейінгі жасты жатқызады. Бұл топқа кіретін адамдар үшін белсенділік деңгейі айтарлықтай жоғары сақталған, ал олар үшін әлеуметтік-психологиялық бейімделуі және осы арқылы психологиялық, педагогикалық өзін жақсы сезінетінін бұзу маңызды мәселелердің бірі болып табылады.

Жалпы алғанда қартая бастағанда ренолитруктивтегі деструктивтік процесстерін меңгеруге байланысты динамикалық өмір сүруді

түсінеді, ал қартаю – осы өзгерулердің жетістігі. Бұл өзгерулер биологиялық деңгейде мына жағдайда өтеді организм өзгере бастағанда, өлім жақындағанда; социологиялық деңгейде – адам зейнеткерлікке шығып статус өзгергенде; психологиялық деңгейде – адам болып жатқан өзгерістерді байқап және оған үйрене бастайды.

Қарттық нормасының физиологиясы мен медицинадағы ортақ мағынасы адамның организмнің, оның мүшелері мен функцияларының бірдейлік қоршаған орта шартында оптималды өмір қызметін қамтамасыз етуші. Организмнің структуралық және функционалдық нормасы – оның жалпы денсаулықты қамтамасыз ететін тұрақты-резистенттілігі, жұмысқа қабілеттілігі, адаптацияға қабілеттілігі және ұзақ өмір сүруді белсенді сақтауы.

Қарттық жас – қартаю процесі ашық көрінетін, онтогенездің аяқталу кезеңі.

Қазіргі кезде қартаюдың әртүрлі анықтамалары бар. Ғалымдардың кейбіреулері қартаюды клеткалық заттың физико - химиялық структура өзгерісі есебінен реактивті клеткалардың біртіндеп өзгеруі деп қарайды. Басқалардың ойынша, қартаю ішкі және сыртқы ортадан қорғанудың, мінез-құлықтың, физиологияның, биологияның төмендеуі. Сондай-ақ, қартаюды өмір сүруімен және қорғанудың төмендеуіне әкелетін мінез-құлықпен организмнің есейгендегі өзгеруі [3, 272 б.].

Осы кезге дейін қартаюдың себептері мен қарттық эволюцияның бірінші элементтері қандай деген сұраққа жауап жоқ.

Қартаюдың себебіне ең көп ескі анық ғылыми түсініктеме, ол Аристотельдің еңбегінде жазылған. Аристотельдің ойынша қартаю индивидуалды өмірдің басында әртүрлілік иесіне берілетін, «туылғаннан бастап берілген жылудың» біртіндеп азаюымен түсіндіріледі. Сондай-ақ, Аристотель адам өмірін кезеңдерге бөлуге тырысып, сол арқылы биожас есебінің негізін салды. Бірінші бөлім – жастық, екінші бөлім – кемелдену, үшінші – қартаю.

Қартаю мәселесі ерте заманда адам өмірінде маңызды орынға ие болды. Қартаюдың алғашқы анықтамалары мен оның себептері антикалық дәуірге жатады. Ұлы көне грек дәрігері Гиппократ (б.д.д.V-IV ғ.ғ) қарттықты – табиғи жылудың азаюы және ағзаның кебуінің нәтижесі деп санаған.

Сол кезеңде өмір сүрген философ Платон, қартаюға әсіресе орта жастағы өмір сүру салты әсер етеді деп көрсеткен.

Қартаю өз даму жылдарында мына сала мамандары бойынша: дәрігерлерден және физиологтардан, философтардан және биологтардан, психологтардан, социологтардан, тарихшылар және құқық-

танушылардан өзіне жаңа білімдер жинады.

Қартаю мәселелері туралы Цицерон, Аристотель, Роджерс, Бэкон, Ж.А. Кондорсе өз еңбектерінде жазған. Мәңгілік жастық, ұзақ жасау және мәңгі жасау туралы мифтер мен аңыздар адамзат дамуының барлық кезеңінде пайда болып қолдау тауып отырды [4, 57 б.].

Адам қартаюының нормалы процесін оның негізгі көрінулері мен факторларын, мінез-құлыққа әсер етуін, үлгілері мен қарттық өзгерістерінің күшейе түскендігін зерттейтін ғылым – геронтологияның басын әдетте ағылшын философы Бэкон есімімен байланыстырады. Бэкон қартаю процесін жүйелі зерттей отырып, қартаюдың себептерін ашуға мүмкіндік береді және ол қартаю процесіне жағымсыз әдеттер әсер етеді, - деп санаған.

Ресейде қартаюдың белсенді ұзартуына байланысты алғашқы еңбектер XVIII ғасырда пайда болған. Мәселен, орыс дәрігері И. Фишердің «Қартаю, оның деңгейлері мен аурулары туралы» атты кітабын айтуға болады.

Ғылыми геронтологияның негізін салушы И.И. Мечников болып табылады. Геронтологияның қазіргі ұғымы XX ғасырдың ортасында қалыптасты. Геронтологияның тапсырмаларының бірі – орта әсеріне, өмір салтына, еңбегіне, әлеуметтік қатынастарына және өзара қарым-қатынасына байланысты қартаюдың ерекшеліктерін зерттеу болып табылады.

Қазіргі кезде геронтологияны қарт адамдар ауруын зерттейтін медицина облысы, әлеуметтік геронтология, яғни оның өмір салты мен ұзақтығын зерттейтін геронтология бөлімі бөліп қарайды.

Қоғамның әртүрлі тарихи кезеңдерінде және әртүрлі мәдениеттерінде қартаю мынадай жолмен анықталады: Пифагор – 60 жас, Қытай ғалымдары – 70 жас, XX ғасырдағы ағылшын физиологтары – 50 жастан жоғары, неміс физиологы М. Рубнер – 50 жас қарттық, 70 жасты қадірлі қарттық деп санаған.

Ю.Б. Гварнавский бүкіл қарттық кезеңді жеке топтарға бөлуді ұсынады: егде жас – 50-65; қарттық жас - 65-тен жоғары[5, 256 б.].

Сондай-ақ, зейнеткерлік жасты мемлекет жасайды. Зейнеткерлік жасты анықтауда хронологиялық жас кезеңі, яғни өмір сүрген жылдардың санын есепке алмайды, бірақ жұмыс атқарған жылдарына қарай анықтайды.

Функциялық жас кезең – жас ерекшелік динамикасының физиологиялық функциясында көрініс береді, генетикалық компонентінен, өмір салтымен жүре пайда болған ауруларымен, стресстік жағдайларымен, физикалық-психикалық және интеллектуалды белсенділікпен анықталады.

Психологиялық кезең – көрсеткіштер тобы. Психиканың жас ерекшелік өлшемдерімен сипатталады.

Биологиялық кезең – жастық структура және ағза функциясының деңгейлерінің көрсеткіші.

Осы кезге дейін қартаюдың себептері мен қарттық инволюцияның бірінші элементтері қандай деген сұраққа жауап жоқ.

Қартаюдың себебіне ең көп ескі және оның ғылыми түсініктеме, ол Аристотельдің «De juventute et senectute» еңбегінде жазылған. Аристотельдің ойынша, қартаю индивидуалды өмірдің басында әртүрлілік иесіне берілетін, «туылғаннан бастап берілетін жылудың» біртіндеп азаюымен түсіндірілді. Сондай-ақ, Аристотель адам өмірін кезеңдерге бөлуге тырысады, сол арқылы биожаз есебінің негізін салды. Бірінші бөлім – *juventus* (жастық), *virilitas* (кемелдену), *senium* (қартаю), Гиппократтың «De diaeta» шығармасында «табиғи ыстықтың» жоғалту туралы ой бар.

Гиппократ пен Аристотельдің ойлары қартаю кезіндегі жылудың бөлінуі жас кездегі жылу бөлінуге қарағанда баяу өтеді дегенге негізделген.

Гален одан ары барады. Оның ойынша қартаю тәннің ылғалдығын азайтуын табатын «табиғи ыстықтан» анықталады. Гален қарт адамдары қалпының көлемі азаяды, нәтижелерінде өмірді ұстап тұратын негізгі жылу кетеді. Бұл ой XVIII ғасырға дейін үстемділік құрды. Дәрігер А. де Лауренсон қартаю шырын мен «табиғи ыстықтың» үздіксіз 4 соғысты көрсетеді деп жазды. «Майшам майды қалай керек етсе тән де ылғалды солай керек етеді. Ылғалдық тән тамақтанғанда ғана қалпына келеді, бірақ бұл қалпына келу әрқашан толық болмайды, біздің тәніміздің органикалық заттары тамақпен сұйық болады. Организм құрғақ және салқын болады және соңында өмір өшеді. XVIII ғасырда «табиғи ыстық» деген ескі термин «өмірлік күш (энергиямен)» алмастырылды. Ағылшын дәрігері Э. Дарвин атақты биологтың ағасы «өмірлік түршігудің жүдеуіне әкелетін витаминикалық болжам жасады», бұл жерде қартаю клеткалардың ауыстырылатындай болуын құрауы ретінде растайды. Орта ғасырларда өмірді жеті кезеңге бөлген.

Қартаюдың себебін анықтауға қанша ұмтылғанына қарамастан, осы күнге дейін ұзақ жасау проблемасын шешетін түзу теория жоқ. Қарттық нормасының физиологиясы мен медицинадағы ортақ мағынасы адамның организмнің, оның мүшелері мен функцияларының бірдейлік қоршаған орта шартында оптималды өмір қызметін қамтамасыз етуші. Организмнің структуралық және функционалдық нормасы – оның жалпы денсаулықты қамтамасыз ететін тұрақты-резистенттілігі,

жұмысқа қабілеттілігі, адаптацияға қабілеттілігі және ұзақ өмір сүруді белсенді сақтауы [6, 97 б.].

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Тульчинский М.М. Психология позднего возраста. - М., 1993.
- 2 Анциферова Л.И. Поздний период жизни человека: типы старения и возможности поступательного развития личности // Психологический журнал, 1996. - №6. – Б. 45-48.
- 3 Пухальская Б.М. Психологические особенности пожилых и старых людей. - М., 1996.
- 4 Хрисанфова Е.Н. Основы геронтологии (Антропологические аспекты). – М., 1999.
- 5 Яцемирская В.С., Беленькая И.Г. Социальная геронтология – М., 1999.
- 6 Максимова С.Г. Социально-психологические особенности личности позднего возраста. - Барнаул, 2008.

БАЛАНЫ МЕКТЕПКЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЖАҒЫНАН ДАЯРЛАУ МӘСЕЛЕСІ

Асаубаева Б.Н.

*«Ғ. Мүсірепов атындағы орта мектебі» КММ, Байтоғас а.,
Тарбағатай ауд., Қазақстан*

Қазіргі кезде білім мекемесінде баланы мектептегі оқуға психологиялық жағынан даярлау өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Соңғы жылдары осы тақырып зерттеумен айналысқан жүздеген ғалымдар еңбегі теңдессіз мәліметтер бергенімен, зерттеу нәтижелерін білім беру жүйесіне ендіру осы уақытқа дейін эксперименттік сипат алып отыр. Баланың жеке басын жан-жақты дамыту мен мектепке даярлау ісі - бүгінгі таңда білім беру саласындағы психологтардың аса маңызды жұмыстарының бірі болмақ.

Баланы мектепке психологиялық тұрғыда даярлау процесінің маңызы оның оқушы позициясына жылдам әрі оңай бейімделіп, психикалық дамуы сапалы өзгерістермен толығып, жеке тұлға ретінде мазмұнды қалыптасуына негіз болатындығымен анықталады.

Мектепке психологиялық даярлықтағы негізгі нәрсе білімдер мен ұғымдардың сандық қоры емес, психологиялық әрекеттің жаңа сапасы, ал мұндай жаңа құрылымдар баланың бүкіл психикалық өміріне өзгеріс әкелетін жинақтай алу жүйесінің пайда болуы болып табы-

лады. Л.И. Божович баланың мектепке психологиялық дайын болу проблемасын екі аспектіде қарастырады: тұлғалық және интеллектуалдық дайын болу. Мұнда баланың психикалық дамуының мектепте оқудың жемісті болуына едәуір әсер ететін бірнеше параметрлері айқындалады:

1) оқудың танымдық және әлеуметтік мотивтерін қамтитын баланың мотивациялық даму деңгейі;

2) еркін жүріс-тұрысының жеткілікті дамуы;

3) интеллектуалдық аясы дамуының белгілі бір деңгейі.

А.А. Запорожец, А.Н. Леонтьев, В.С. Мухина, А.А. Люблинская, т.б. психологтар мектепке даярлық ұғымына баланың оқу тапсырмаларын түсінуін, орындау тәсілдерін меңгеруін, өзін-өзі бағалай және бақылай алуын, мұғалімді тыңдап, материалды еске сақтау қабілеттерін жатқызады. Бұл пікірді Қазақстан ғалымдары Н. Айғабылов, Ғ. Нығыметова, Б. Дабылова, Г. Қасымова, М. Бапаевалар да қуаттап, өз зерттеулерінде жергілікті жағдай ерекшеліктерімен тығыз ұштастырып келеді [1].

Мектепке психологиялық даярлықты жүзеге асыру ісін ғалымдар түрліше жіктейді. Мәселен, Е.Е. Кравцова даярлықты төрт бағытта қарастырады: бірінші бағытқа балаларды мектептегі оқуға қажетті нақты іскерліктер мен дағдыларды қалыптастыруды жатқызса, екінші бағыт – мектеп жасына дейінгі кезеңнің аяғында байқалатын жаңа құрылымдар мен бала психикасындағы өзгерістерді зерттеу болып табылады. Оқу әрекетінің алғы шарттары мектепке психологиялық даярлықтың үшінші бағытын құраса, баланың берілген ережелер мен ересектер талабына саналы түрде бағыну іскерлігі төртінші бағытты құрайды [2].

Л.А. Венгер, А.Л. Венгер, В.В. Холмовской, Е.А. Панько психологиялық даярлық құрылымында төмендегідей компоненттерді бөліп қарау қабылданған:

1. Тұлғалық даярлығы. Баланың жаңа әлеуметтік позиция – мектеп оқушысы статусын қабылдауға, оның құқығын біліп, міндеттерін орындауға дайындығын қалыптастыру. Бұл тұлғалық дайындық баланың мектепке, оқу іс-әрекетіне, мұғалімдерге, өзіне қатынастардан байқалады. Тұлғалық дайындық мотивациялық сфераның белгілі бір даму деңгейі де кіреді. Болашақ оқушы өзінің тәртібін, мінез – құлқын, танымдық іс - әрекетін еркін басқаруы қажет және бұл қалыптасқан иерархиялық түрткілер жүйесінде мүмкін болады.

Тұлғалық даярлық, сонымен бірге баланың эмоциональды сферасының даму деңгейінде қарастырады. Бала мектептік оқытудың басында, оқу іс - әрекетінің дамуы және өтуіне жағдай туғызатын салыс-

тырмалы түрде жақсы эмоциональдық тұрақтылыққа жетуі қажет.

2. Интеллектуалды даярлығы. Даярлықтың бұл компоненті балада ой-өрісінің, нақты білімдер қорының болуын қарастырады. Бала бірқалыпты және бөлшектенген таңдамалы қабылдауды, қарастыратын материалға теориялық тұрғыдан қарау элементтерін қолдана білуді, ойлаудың жинақтаушы түрлерін және негізгі логикалық амалдарды, түсініп еске сақтауды меңгеруі қажет. Сонымен бірге, интеллектуалдық даярлық балада оқу іс - әрекет саласында бастапқы біліктіліктерін, жекелей алғанда, оқу міндетін бөліп алу және оны өзіндік іс-әрекетінің мақсатына айналдыру біліктіліктерін қалыптастыруды қарастырады.

3. Әлеуметтік-психологиялық дайындық. Дайындықтың бұл компоненті балада басқа балалармен, мұғаліммен қарым-қатынас жасай алатын сапаларды қалыптастыруды көздейді. Бала топ болып бірге жасап жатқан жұмыс үстінен түседі. Осы кезде балада өзін ортаға бейімдеу қабілеті өте қажет болады. Ол үшін балалармен араласып кетуге, олармен бірге әрекет етуге, олардың қызығушылығына ортақтасуынан, оқу процесіндегі түрлі жағдайларға икемделуіне ықпал ету керек.

Мектепке келу кезеңі:

- мінез-құлықтың жаңа сапалық деңгейге көтерілуі;
- әрекетке іштей талдау жасау;
- нақтылыққа жаңа танымдық қатынасының дамуы.
- қарым-қатынастың жаңа сапалы кезеңіне өту болып табылады.

4. Физиологиялық дайындық. Бұл дайындық бала ағзасының қызметі мен денсаулық жағдайының даму деңгейімен анықталады. Баланың мектепке дайындығын дәрігерлер арнайы өлшемдермен белгілейді. Баланың мектепте оқуға психологиялық және физиологиялық дайындығын анықтау кезінде денсаулық жағдайы басты назарда болуы шарт. Өйткені білімді игеруге, оқуға деген қызығушылығы басым болғандығымен, денсаулығы сәйкес келмеуі мүмкін. Ондай балалар жай, қатардағы мектептерде оқығаны жөн. Баланың жүйке жүйесінің дамуында функционалдық және органикалық түрлі ауытқулар болуы мүмкін. Оны арнайы дәрігерлер анықтайды. Оқу жылының басындағы оқу-тәрбие процесінде балаға ерекше салмақ түседі. Жүйелі оқу жұмысы, көлемді ақпарат, орындықта ұзақ отыру, күнделікті күн тәртібінің өзгеруі, мектеп ұжымының ортасы кішкентай мектеп оқушысын ақыл-ойы жағынан да, физиологиялық жағынан да шаршатады. Әр баланың дамуы түрліше болатынын естен шығармау керек. Олардың жасы биологиялық дамуымен сәйкес келе бермейді. Бір бала 6 жаста өзінің дене дамуы жағынан жүйелі оқуға дайын, екінші балаға

7 жаста болса да, оған мектеп бағдарламасы ауыр тиеді [3].

Ал А.Н. Леонтьев «баланың мектептегі оқуға даярлығының психологиялық мазмұны» мәселесіне арналған зерттеулер жүргізген. Ол баланың мектептегі оқуға даярлығының психологиялық мазмұнын мектеп талабынан бөліп қарастыра отырып, мектептегі оқу баланың есіне, қабылдауына және тілінің дамуына, яғни, таным процесстерінің дамуына ықпал етеді.

Сонымен қатар Е.Е. Кравцова өз еңбектерінде баланың мектепке психологиялық даярлығының негізі ретінде бала дамуындағы қарым-қатынас рөліне ерекше көңіл бөледі. Осыған орай бұл қарым-қатынасты 3-ке бөліп қарастырған: 1) Үлкендерге қатынасы; 2) Құрдас-тарына қатынасы; 3) Өзіне деген қатынасы [2].

Мұндағы қарым-қатынас негізіне бала дамуының деңгейі мектепке психологиялық даярлық дәрежесін анықтап және ол оқу іс-әрекетінің негізгі құрылымдық компоненттеріне анықталған түрде сәйкес келеді. Яғни, жеке тұлғаның интеллектуалдық, психологиялық компоненттерін қарым-қатынасыз елестету мүмкін емес.

Сонымен, мектепке оқуға психологиялық даярлық баланың негізгі психикалық аймағының қалыптасқандығынан көрінеді: ықыластанушылық, адамгершілік, еріктік, ақыл-ой. Осы психикалық аймақтардың қалыптасуы мектептегі оқу материалын табысты меңгеруді қамтамасыз етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Оспанбаева М.П. Мектепке психологиялық даярлық диагностикасының ғылыми негіздері: психолог. ғ.к. дәрежесін алу үшін дайын автореф. – Алматы, 2005.
2. Кравцова Е.Е. Психологические проблемы готовности детей к обучению в школе. - М., 1991.
3. Егенисова А.Қ. Балаларды мектеп оқуына психологиялық дайындау: Оқу –әдістемелік құрал. - Ақтау, 2011.
4. Овчарова Р.В. Практическая психология в начальной школе. - М.: ТЦ Сфера, 2002.
5. Чейпи Дж. Готовность к школе: Как родители могут подготовить детей успешному обучению в школе. – М., 1992.
6. Шаграева О.А., Козлова С.А. Детский практический психолог. - М., 2007.

ҚАЗІРГІ ӘЛЕУМЕТТІК - МӘДЕНИ КОНТЕКСТЕГІ МОРАЛЬДЫҚ САНАНЫҢ ЖАҢА МОДЕЛІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ НЕГІЗДЕРІ

Уалиева Р.Т.

*Қазақстан-Американдық еркін университеті колледж, Өскемен,
Қазақстан*

Ұлттық өркениеттің маңызды бір бастауы – Қазақстандықтардың ынтымақтастығы мен өзара жарасты өмірі. Қазақстанда ұлтаралық арақатынас әрдайым динамикалық түрде дамып, тұтастығын жетілдіруде. Оған Республикамыздағы 35 ұлттық-мәдени орталықтардың атқарып отырған қызметі өз септігін тигізіп отыр. Қоғамдық өмірдің бұл жетістігін одан әрі дамытып, тұрақты ету барлық Қазақстандықтардың парызы. Қазақ халқы – сол ортаның темір қазығы. Ұлтаралық мәселелердің елімізде дұрыс шешімге ие болуы – ең алдымен қазақ халқының өнегелі - адамгершілік әрекетіне қатысты.

Тақырыптың өзектілігі: қазіргі Қазақстан жағдайында қалыптасқан әлеуметтік-мәдени үрдістерден туындайды. Бүгінгі таңда қазақстандық қоғам кеңістігімізге батыстық моральдық құндылықтар мен жаңа өмірлік ұстанымдардың енуіне байланысты күрделі әлеуметтік-мәдени, саяси-құқықтық және экономикалық трансформациялық өзгерістерге ұшырап отыр. Жаһандану үрдістері ұлт өмірі мен тұрмысына бұрын-соңды болмаған тың өзгерістер әкелуде. Қазіргі әлемдегі жаһандану үрдістерінің тегеурінді белең алған жағдайында қаймағы бұзылмаған Қазақстан мәдениетін сақтап қалу үшін этникалық мәдениеттің дәстүрлі құндылықтарына назар аудару қажет. М.М. Әуезовтің әділ атап өткеніндей, «кез келген халықтың рухани әлемі қаншалықты бай болғанымен, ол ұлттық әлемі болып қала береді. Ол белгілі бір кеңістік-уақыт ортасында өсіп өнеді, оның мәнін, оның мүддесін білдіреді» [1, б. 32].

Тұлғаның шығармашылық болмысының өнегелік дүниесін қалыптастырудың жаңа моделінің басты қағидасы ретінде Ұлы Абай атамyzдың «Адам бол» ұстанымын негізге алуға болады. «Адам бол» ұс-танымы, әлемді Жарық дүние деп түсіну, адамның көңіл-күйіне мән беру, әлеммен және басқа адамдармен үйлесімділікте болу, жасы келгендер мен ананы қастерлеу сияқты қазақ дәстүрлі мәдениетінің құндылықтары қазіргі Қазақстандық руханиятта ерекше орын алатын моральдық - өнегелік құндылықтар.

Зерттеушілер қазақ өркениеті тарихын хронологиялық және рухани - ділдік негіздерде қарастыра отырып, төмендегідей хронотоптарды атап өтеді: 1) сақ кезеңі; 2) кейін қазақ құрамына енген тайпа-

лардың мемлекеттік бірлестіктері (үйсін, қаңлы, ғұн); 3) ежелгі түркілік кезең; 4) қарақандар мемлекеттілігі; 5) қимақ-қыпшақ кезеңі; 6) моңғол кезеңі; 7) моңғол империясы ыдырау кезеңі; 8) қазақ хандығы қалыптасуы кезеңі; 9) жоңғар басқыншылығымен күресу кезеңі; 10) Ресейдің отарлау кезеңі; 11) кеңестік кезең; 12) ұлттық интеллигенция мен мемлекеттің қалыптасу кезеңі [2, б. 239].

Ал қазақтардың рухани мәдени типтеріне жататындары: мифология, Ренессанс, Жер ұйық, Зар заман, ағартушылық, ұлттық ояну, тоталитаризм мен маргиналдану, төлтума өркениетті жаңғырту.

Тәуелсіздікке қолы жеткен Қазақ өркениеті алдында ұлттық архетиптерді сақтай отырып, оларды қазіргі әлемдік өркениет құндылықтарымен үйлесімді ету міндеті тұр. Қазақстан үшін бүгінгі ғаламдану дәуіріне аяқ басар тұста глобализация желеуімен кіріп жатқан, мәдени төмендеуге ұшырататын көптеген діндік, ділдік ықпалдар шырмауында қалып қою қауіпі бар. Бүгінгі таңда қазақ мәдениеті өркениет аясындағы ұлт дәстүріне негізделген жолмен немесе бұқаралық мәдениет үрдісімен жүру жолын таңдауы қажет [2, б. 240].

Тоталитарлық мәдениеттен кейінгі Қазақ өркениетінде ұлттық ренессанс идеясы басқа да ТМД елдердегідей өзінің күрделілігімен көзге түседі. Көптеген архаистік мәдени бағдарлар (магия, хиромантия, гороскоп, жалған діндарлық) көрініс тапты, қоғамда жаңа идеялардың аздығынан Ресейден, АҚШ-тан, Еуропадан, Қытайдан, мұсылман елдерінен алынған "дайын үлгілер" көбейіп кетті. Мәдениеттегі кейбір қайраткерлер бүкіл мәдениетке музейдегі экспонат сияқты қарайды, мәдени тұлғаларға инвентаризациялар жасау олардың басты қызметіне айналды. Мерейтойлар, ежелгі-оқиғалар, батырлар, хандар, т.т. - басты мәдени тақырыптарға айнала бастады. Тек өнеркәсіп өнімдері ғана емес, сонымен бірге мәдени идеялар да "импорттана" алынды. Қазақ мәдениетінің қазіргі күрделі болмысы мен оны ары қарай дамыту жобаларына қатысты терең ойлар Елбасының және басқа да саяси қайраткерлердің еңбектерінде айтылған. Олар тек саяси мүдделіктен туындамаған, халық тағдырына қатысты шынайы қам жеуден түйінделген. Өркениеттік үдерістердің тенденциялары мен мәнісін ашу қашан да ауқымды мәселе болып табылады. Бұл сипатта өзгермелі қоғамдағы жаңашыл мәдени феномендер өз талдауын күтіп отыр. Кіндік Азия - әлемдік өркениеттілік қайнарларының бірі [5, б. 235].

Елдің беріктігі мен биігі - осы тұғырлықты тең ұстайтын тұлғалардың талпынысында, татулығында, санаттық тұрасында, әсіресе халқын, елін, мемлекетін ойлайтын қазақтардың талпынысы мен дүниетанымдық бетбұрысында. Нағыз дүниетанымдық бетбұрыс тарихты объективті әрі әділет тұрғысынан таразылаудан және әр халықтың

төлтума мәдениетін биік парасат деңгейінде тұжырымдаудан құралады. Мұның өзі қазақ халқының, Қазақстанның кемел келешегіне деген сенімін арттыра түседі.

Тәуелсіздік - саяси-әлеуметтік қана емес, рухани-мәдени, яғни этно-мәдени ұғым екенін, әсіресе XX ғасыр үйретті. Жаңа дәуір тәуелсіздіктің тірегі - мемлекеттің тәуелсіздігін, елдің әлеуметтік – экономикалық дамуын, қоғамның парасаттылығын ұлттық мәдениет шеңберінде тұтастанды және сол ұстанымдарға тұрақтау екенін айқындады, сол талпыныс пен ұмтылыстың түрлі үлгілерін қалыптастырды. Сондағы мақсат - ұлттық болмыстың тұтастығына тұрақтау және өзін әлеуметтік-рухани күш ретінде көрсететін бағыт - бағдарды қолдау. Бұл - мүддемізді асқақтататын ұлттық ұстаным және дамудың рухани негізі. Әзірге осы тұрғыдан заман талаптарына бейімделу туралы құнды ойлар көп-ақ. Олар, әсіресе республикамыздың гуманитарлық ғылымдар саласында қалыптасып, халықтық зердені әртүрлі тармаққа тартады.

Қазіргі заманда қоғамды ұлттық мемлекеттік үлгіде дамытудың түрлі жолдары ұсынылуда. Сондағы мақсат - халқымыздың мәдени мұрасын дәйектеу, қоғамдағы ұлттық ресурсты жинақтау, адам әлеуетін жетілдіру. Әлемдік жаһандану мен оның түрлі әлеуметтік-саяси тәжірибелері ұлттық мемлекеттің өз негізінде қалыптасуына әр қалай ықпал етуде. Табан терісте өркениет өрісі мен жас мемлекеттегі ұлттық өлшемнің бір-бірімен ұласа бермеуі көзімізді көп нәрсеге ашуда [6, б. 208].

Басты мәселе - қоғамның даму моделі мен бағдары. Халқымыздың болашағы - жер байлығын, ел мұрасын, өзге ұлттардың рухани тәжірибесін бүкіл қазақстандықтардың ортақ игілігіне айландыру жолында. Ұлтқа тірек болатын үш негізге - жерге, тілге және мәдениетке деген қатынас тиянақты және мекем болса, онда ұлтқа қауіп жоқ, болашаққа көңіл тоқ, Бұлар ұлттық өркениетті өрбітетін бастаулар екені рас.

Ұлттық өркениеттің келесі бір бастауы - қазақстандықтардың ынтымақтастығы, өзара жарасты өмірі. Қазақстанда этникалық арақатынас әрдайым күйде түрленуде, тұтастығын жетілдіруде.

Мүдде - байырғы этникалық құндылықтар мен қазіргі ұрпақтардың мінез-құлықтар арақатынасының мәнісіне, оларға деген талғамның сырына назарды қалыптастырады. Ерекше ықылас ұлттық санасезімнің әлеуметтік ортаны сақтандырудағы, адамды жаңа жағдайға бейімдеудегі рөлін жандандыра түспек.

Тарихи тұлғалар елдің іргесін, ұлттың, мемлекеттің, өркениеттің қоғамдағы ұқсастығын нығайту арқылы және қоғамдық түрленудегі

азаматтық және этникалық, идеялық және діни өзара үйлесімділікті ұлғайтатын бастамаларды – ұштастыру арқылы нығайтты. Мемлекетіміздің ұлттық және өркениетті дамуын қатар қарқындату, оны әлеуметтік - медени кеңістікте тарату - еліміздің бүгінгі тапқан өзіндік жолы.

Осыған орай елдің әлеуетін ашатын, әрі көтермелейтін бәсекелі рухты баптау – ұлттық болмысты танудың бастапқы міндетіне айналады. Бәсекелі рух - еркіндік пен естіліктің тамырын бекітетін арна. Бәсекелі рухта қазақылық жарау дегеніміз ұлттың, мәдениеттің, өркениеттің қоғамдағы ұқсас негізін нығайту. Ұлттың, мемлекеттің, мәдениеттің адамды, қоғамды түрлендіретін қуатын игермей, естіліктің, ерліктің, мәдениеттің бастамаларын еркін үйлестіре алмаймыз. Бәсекелі рух сыртқы деңгейді - мемлекеттік, өркениеттік жетістікті, ішкі дәрежемен - рухани адамгершіл, және азаматтық серпіліспен ажарлайды. Шаралық бәсеке - азаматтық рухани ұқсастыққа апаратын, адамның өмірлік бағдарын талдауға ұйытқы болатын немесе елдің үлгісі мен үйлесімділігін белгілейтін шарт болып есептеледі.

Кәсіби дегенде ұлттық болмыстың өмірді жаңартудағы, ұрпақты тәрбиелеудегі, дәстүр аралық және пәнаралық байланысты жетілдіретін әлеуетін ашып, тәжірибелерін іріктеуді айтамыз. Мемлекеттік дегенде Қазақстанның беделі мен болашақта қазақ халқының болашағы, қазақ халқының болмысы мен белсенділігінің іргетасына тікелей байланысты және тәуелді екенін айқындайтын саяси тұрғыдан дұрыс шешім табуды айтамыз.

Бүгінгі таңда қоғамның моральдық-психологиялық келбеті мәселесі қазіргі заманның ғаламдық проблемаларының біріне айналды десек, біз қателеспейміз. Олай деуге толық негіз бар. Жаһандану процестері әлеуметтік-мәдени проблемаларды одан әрі ұшықтырып, күрделі етуде. Жаһандану мен модернизациялау процестерінің күшейе түсуі этномәдени және рухани жаңғыру мәселелерін бір мемлекет аясында шешудің мүмкін емес екендігін көрсетті. Бұл ғаламдық проблема болғандықтан халықаралық күштердің көмегі ауадай қажет. Моральдық сана маңызды мәселеге айналуының тағы бір себебі - бұл XX аяғы мен XXI ғасырдың басында көптеген елдерде этникалық сана-сезімнің оянып, күрт өсуі, қайтадан жаңғыруы, полиэтникалық мемлекеттердің құлдырауы мен бұрын сонды болмаған жаңа мемлекеттердің бой көтеруі. Кейбір сараптамашылардың айтуынша, XXI ғасырда этникалық және этносаралық қайшылықтар басқа да барлық қайшылықтардан озып, алдыңғы қатарға шығуы мүмкін. Осыған байланысты, бұл проблемаларды ғылыми негізде танып-біліп, дұрыс шешім қабылдауға, оларды реттеудің өркениеттілік жолдарын тұжырымдауға

атсалысуымыз қажет.

Егерде қазіргі адамзаттың даму үрдісін өркениеттілік процесс десек, онда бұл үрдіс барысында туындаған барлық проблемаларды өркениеттілік жолмен шешуіміз – заман талабы.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ауэзов М. Энкидида: К проблеме единства миров кочевья и оседлости // Кочевники. Эстетика: Познание мира традиционным казахским искусством. – Алматы: Искусство, 1993. – С. 31-62.
2. Ғабитов Т.Х. Қазақ өркениеті // «Өркениеттік сананы қалыптастыру мәселесі» атты халықаралық ғылыми конференцияның материалдары. - Алматы, Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 28-29 қазан 2004 ж.
3. Дробницкий О.Г. Проблемы нравственности. - М., 1977.
4. Дробницкий О.Г. Понятие морали. Историко-критический очерк. – М., 1974.
5. Назарбаев Н.А. Стратегия трансформации общества и возрождения евразийской цивилизации. – М.: Экономика, 2000. – 543 с.
6. Нысанбаев Ә. Қазақстандағы толеранттық сананың қалыптасуы және этностардың бейбіт қатар өмір сүру мәдениеті // Әлеуметтік философия. – 20 томдық. – 17 том. – Астана, 2006.
7. Толстых В. О морали, совести и современном мире // Свободная мысль. - № 11. – 2009
8. Молдабеков Ж. Өркениеттің ұлттық Өрнегі және Әдістемелік негізі // «Өркениеттік сананы қалыптастыру мәселесі» атты халықаралық ғылыми конференцияның материалдары. - Алматы, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 28-29 қазан 2004 ж.

МОДУЛЬДІК ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қабдықалиқызы Ж.

«№11 мектеп-гимназиясы» КММ, Өскемен, Қазақстан

Ұлттық тіл - әр халықтың өзіне тән ой-санасын, парасатты, бүкіл болмыс - тіршілігі мен сезім-түйсігін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін күретамыр.

Әрбір уақыт кезеңінде адамдардың ақыл-ойы мен көзқарасы өзгеріп отыратыны – заңды құбылыс. Қоғамдық қарым-қатынастардың өзгеруі, жаңа білімнің жинақталуы, өндірістің жетілдірілуі, әлеуметтік

прогресс педагог қызметінің мазмұндық сипатына да тікелей ықпал етеді.

Кез келген елдің болашағы білім беру жүйесінің және зиялылар қауымының деңгейіне байланысты болғандықтан, Қазақстан халқына да әлемнің дамыған елдерімен тең дәрежеде білім беру қажеттігі күмән тудырмайды. Әлемдік білім кеңістігіндегі оқытудың озық технологияларын қамтитын жаңа білім мазмұны шынайы жарыс, адал бәсекеге қабілетті адам тәрбиелеуді қамтамасыз етуі тиіс. Бұл талап мұғалімдер қауымына да үлкен жауапкершілікті жүктейді. Сол себепті біздер де әр кез үлкен ізденісте жүріп, әр сабаққа жан жақты дайындалуымыз қажет.

Елімізде білім берудің жаңа жүйесі жасалып, оқыту мазмұнының түбегейлі өзгеруі, оның дүниежүзілік білім кеңістігіне енуі бүкіл оқу-әдістемелік жүйеге, мұғалімдер алдына жаңа міндеттер қойып отыр. Осыған орай білім берудегі озық, жаңа технологияларды меңгермейінше маман болу мүмкін емес.

Қазіргі уақытта қазақ тілі - Қазақстанның мемлекеттік тілі. Біріншіден, қазақ халқының салт-дәстүрі мен тұрмысын, әдет-ғұрпын, мәдениетін, тарихын білуге жол ашты, екіншіден, көпұлтты халықтың қарым-қатынасындағы өндірістік әрі тұрмыстық қажеттілікті іске асыруға халықтардың достық қарым қатынасын күшейтудің құралына айналды.

Модуль дегеніміз – қандайда бір жүйенің, ұйымның анықталатын, біршама дербес бөлігі. Оқу модулі қайта жаңғыртушы оқу циклі ретінде үш құрылымды бөліктен тұрады: кіріспеден, сөйлесу бөлімінен және қорытынды бөлімнен тұрады. Кіріспе бөлімінде оқытушы балалармен оқу модулінің жалпы құрылымымен, оның мақсат-міндеттерімен таныстырады. Сонан соң мұғалім осы модулінің барлық уақытында есептелген оқу материалын қысқаша (10-20 минут ішінде), сызба, кесте және т.б. белгілік үлгілерге сүйене отырып түсіндіреді. Тақырып мазмұнына (тұтас тақырып немесе тарау бойынша) «өсу» бағытымен –қарапайымнан күрделіде, репродуктивтік тапсырмалардан шығармашылық сипаттағы тапсырмаларға, зерттеушілік қызмет элементтеріне қарай бірнеше мәрте қайта оралып отыру әр балаға оқу материалымен жұмыс істей отырып, өз қабілеттерін, жадын, ынтасын, ойлауын, тілін дамытады.

Оқу орыс тілінде жүретін мектептерде қазақ тілі пәнінің мақсаты оқушылардың қарым-қатынас біліктілігін қалыптастыру және дамыту, яғни тілдік және танымдық біліктілікпен қамтамасыз ету екендігі Қазақстан Республикасының жалпы білім берудің мемлекеттік стандартында көрсетілген. Оқу орыс тілінде жүретін мектептерде қазақ тілін

үйренетін оқушылардың өзіне таныс емес тілдің дыбыстық заңдылықтарын, оның грамматикалық құрылысын игеруге, ойын еркін жеткізуге, басқаның сөйлеуін түсінуге, жеткілікті дәрежеде сөздік қорын меңгеруге тиіс екені анық. Қазақ тілін оқытып, үйрету - көптеген ізденістерді, жаңа технологияны қолдануды керек етеді.

Оқытудың жаңа технологияларын белсенді түрде оқу-тәрбие процесіне еңгізу үшін мектебімізде мұғалімдердің шығармашылық топтары құрылып, жұмыс істейді. Осы топтардағы педагогикалық технологияларды оқып үйреніп, олардың элементтерін мұғалімдер сабақта қолданып тұрады.

Педагогикалық технологиялар оқытудың мақсатына жетудің тиімді нақты жолдарын көрсетеді.

«Педагогикалық технология - тәжірибеде жүзеге асырылатын белгілі бір педагогикалық жүйенің жобасы», - деген педагог, ғалым В.П. Беспалько [1, 18 б.].

Қазіргі таңда білім жүйесі күрделі өзгерістерді басынан өткеруде.

Педагогтар үшін басты міндет оқушының қызығушылығын арттыру, оның дамуына жағдай туғызу, сөйлеу қабілетін дамыту. Оқыту технологиясын негізі - оқушының өз бетінше оқу-танымдық іс әрекеті.

Кез келген оқыту технологиясы іс-әрекеттің қарқындығы мен белсенділігін арттырады, жеке тұлғаның жетілуіне, дамуына, бағытталады, Әсіресе, модульдік оқыту технологиясының маңызы - ол өте жеңіл, әрі жайлы.

Модульдік оқытудың өзегі – оқу модулі. Оқу модулі ақпараттардың аяқталған блогынан, бағдарламаны табысты жүзеге асыру бойынша берілген мұғалімнің нұсқауларынан және оқушының іс-әрекетінің мақсатты бағдарламасынан тұрады. Модульдік оқыту білім мазмұны, білімді игеру қарқыны. өз бетінше жұмыс істей алу мүмкіндігі, оқытудың әдісі мен тәсілдері бойынша оқытудың дербестігін қамтамасыз етеді. Барлық жаңа технологияның алдына қоятын мақсаты – оқушының жеке басының дара және дербес ерекше ескеріп, оларды өз бетінше ізденуін арттырып, шығармашылықтарын қалыптастыру.

Модульдік оқыту жеке тұлғаның ақыл-ойын, танымдылығын және шығармашылық қабілеттерін дамытуға, шешуге алғы шарт болатын әлеуметтік мәні бар дағдыларды оқушы бойына қалыптастырады. Оқу модулінің ерекшелігі – жалпы сағат санына қармастан 1-2 сағат теория бөлігіне беріледі, қалғанын практикалық жұмыстарға пайдалануға болады [1, 23 б.].

Ол оқушылардың өз мүмкіндіктерін тексеруге, қабілетін тануға итермелейді. Әр оқушының алдына оның әрі қарай жеке тұлға ретінде

өсуіне мүмкіндік береді. Нашар оқитындар қатарына жататын оқушыларға өз күші мен қабілетін тексеруге көмектеседі. Модульдік оқыту, сонымен қатар, топпен оқыту жұмысы, оқушылардың қарым-қатынасын және бірін-бірі оқытуды, «әлді-әлсізді оқытады» тұжырымы бойынша жүргізіледі. Мен өз сабақтарымда М.М. Жанпейісованың «Модульдік оқыту технологиясын» қолданып жүрмін. Бұл оқыту технологиясының ерекшелігі тұлғаның шығармашылығын арттыруға, дарынды балалармен тұрақты және жүйелі жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Тіл үйретуде ұтымды әдістердің бірі-деңгейлік әдіспен тапсырма беру.

Қазақ тілі сабағында өз тәжірибемнен байқағандай модульдік оқытудың мүмкіндіктері мен ерекшеліктері мынандай деп ойлаймыз:

- мүмкіндігіне қарай оқушылар басқалармен қарым- қатынас жасай береді;

- басқаларды тыңдауды, кез келген жауапқа сыйластық, түсіністікпен қарауға;

- өз ойын топ алдында ашық айта білу, қорғай білуге;

- оқушының оқу мотивациясы өзгереді, өз бетінше ізденуге үйретеді;

- сабақтың мазмұны мен сапасы артады;

Әрине, модульдік оқыту білім мазмұны, білімді игеру қарқыны, өз бетінше жұмыс істеу алу мүмкіндігі, оқудың әдістері мен тәсілдері бойынша оқытудың дербестігін қамтамасыз етеді.

Демек, модульдік оқыту технологиясын білім беру үрдісінде қолдану арқылы келесідей жетістіктерге қол жеткізуге болады: уақыт үнемделеді, сабақтың сапасы көтеріледі, оқу әдісі мен құралдарын таңдауға мүмкіндік туады, оқушылардың белсенділігі мен қызығушылығын арттырады, соның нәтижесінде оқу үлгерімі көтеріледі [2, 11 б.].

Оқушы өз қызметіне талдау, қорытынды, өзіне-өзі баға береді, жаңалыққа ұмтылады.

Модульдік технология оқушылардың даму, тану қабілеттерін жетілдіруге жақсы әсер етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазбекова Н.Т. Қазақ тілі сабақтарында коммуникативтік оқытудың элементтерін қолдану // 12 жылдық білім, 2006. -№1. – 17-28 б.
2. Педагогтың кәсіби деңгейін өсіруде әдістемелік жұмысты ұйымдастыру жолдары //Ғылыми-практикалық жинақ. - Алматы, 2008.

ВОЛЕЙБОЛШЫЛАРДЫҢ ДАЙЫНДЫҚ ЖҮЙЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ КЕЗЕҢДЕРІ ЖӘНЕ КЕЗЕҢДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Советов С.Т., Шорганова А.Б.

Қазақстан-Американдық еркін университет, Өскемен, Қазақстан

Жоғары дәрежелі волейболшыларды дайындау жүйесі жоғарғы спортты нәтижелерге кол жеткізуді көздейтін факторлардың бірыңғай кешенін көрсетеді. Бұл кешенге келесі өзара байланысты компоненттер кіреді: көп жылдық дайындық мақсаттары мен міндеттері, көпжылдық дайындықтың бүкіл кезеңіне спортшылардың топтық – даралық мінездемелері, көп жылдық дайындық кезеңдері бойынша белгілі бір кезеңге педагогикалық іс-әрекеттер кешені, көп жылдық жаттықтыру процесінің бағдарламаланушы және оның тиімділігін бағалау үшін нормативтер кешені, жарыстардың бағдарлануы, қалпына келтіру - профилактикалық шаралар, дайындықтың материалдық - әдістемелік жарақтануы, жаттықтырушылардың біліктілігін жоғарылату, спортшының жеке қасиетін қалыптастыру.

Спорттағы көп жылдық жаттықтыру үрдісі үлкен макроциклдерден тұрады. Олар жылдық және жарты жылдық деп аталады. Әрбір цикл дайындық, жарыс және өтпелі деген үш кезеңнен тұрады.

Дайындық кезеңі жылдық циклде 4-5 айға, жарты жылдық циклде 2-3 айға созылады. Бұл кезеңнің міндеті ағзаның мүмкіншілігін жоғарғы деңгейге жеткізуге. Дайындық кезеңі 2 бөлімге бөлінеді:

1 Жалпы дайындық бөлімінде спортшы ағзасының жалпы қызметтік мүмкіндіктерінің деңгейін көтеру, қозғалыс қасиеті мен қозғалыс шеберлігін, дағдысын жетілдіру мәселелері шешіледі. Жалпы дайындық бөлімі екі түрлі тарту және негіздеу деген орта циклдерден тұрады.

Тарту циклінің мақсаты – жүктеме қарқындылығы мен көлемін жайлап өсіру. Негіздеу немесе базалық циклінің мақсаты негізгі жаттықтыру жүктемесінің көлемін орындау.

Жалпы дайындық бөлімі 2.5 айдан 3 айға дейін созылады. Ол есептік жұмысты қамтамасыз етеді. Дайындықтың көлемі үлкен болуы мүмкін, себебі ойыншылардың жүктемесі өзгереді.

2 Арнайы дайындық бөлімінің міндеті- спортшының өзі айналысқан спорт түріне керек дене қуаты қасиеттерін, техникасын, тактикасын дамыту.

Бұл бөлімде арнайы дайындыққа 60-70 пайыз уақыт бөлінеді. Жарыс жаттығуларына ұқсас жаттығулар, бақылау, тексеру, жаттықтыру амалдары қолданылады. Бұл бөлім тексеру, дайындау, шыңдау цикл-

дерінен тұрады. Тексеріс, дайындау циклінде жаттықтыру жұмыстары бақылау жарыстарына қатысуымен араласа жүргізіледі. Шыңдау циклінде тексеру жарыстарынан кейін анықталған техника, тактика кемшіліктерін жою, айла әдістерін шыңдау жаттығулары жүргізіледі. Күш түсіру қарқындылықты арттыру жаттықтыру көлемін азайту түрінде қолданылады.

Арнайы дайындық бөлімі 1 айдан 2 айға дейін созылады. Ол ойыншыларды қажетті пішінге тұжырымдайды. Көп уақыт топтарға және командаларға бөлінеді. Бұл кезеңнің басты міндеті-алдыңғы кезеңде жақсы жаттыққан спортшы ағзасының жарысқа дейінгі күйін ұзақ уақытқа сақтау. Жарысқа қатысу жиілігі спорт түріне, спортшы дәрежесіне байланысты.

Жарыс кезеңі - бұл жарыстардың негізгі кезеңі. Басты міндет – «спорттық бапты» сақтау. Бұл кезеңдегі ойындар - командалық әрекеттердің негізгі түрі. Жарыс алдындағы циклде спорттық бабына кіру және алдыңғы жарысқа дайындалу жаттығулары жүргізіледі. Жарыс циклдері негізгі жарысқа қатысу кезінде өтеді де бірнеше кіші циклдерге бөлінеді (микроциклдер). Олар: жақындататын, жарысқа қатысу және қалпына келу циклдері. Қалпына келу – көтермелеу циклі кезінде сипаты бір-біріне ұқсас жаттықтыру үрдістерінен спортшыларды жалықтырмау үшін басқа жаттығуларды пайдаланады. Сол жаттығулар көмегімен ағзаның қалпына келуін тездетеді.

Волейболда жарыс кезеңі ұзақ болады. Жоғарғы спорттық шеберлік деңгейінде олимпиадалық ойындарға дайындалуына байланысты төрт жылдық цикл жоспары қолданылады.

Өтпелі кезең. Бұл кезеңнің міндеті - жаттықтыру мен жарыстардан алған әсерін жоғалтпау, ағзаны қинамай уақытында босаңсытып, қалпына келтіру. Бұл кезеңде арнайы дайындық жаттығулары азайтылып, жалпы дайындық жаттығулары көбейеді (спорт ойындары, табиғат аясында жүгіру т.б.). Көбінесе ағзаны тез қалпына келтіретін, спортшы ұнататын жаттығуларды пайдаланғаны тиімді. Өтпелі кезең 2-3 орта циклдерінен тұрады. Қалпына келтіру-көтермелеуші және қалпына келтіру-дайындық циклдерінен біртіндеп, келесі үлкен жаттықтыру циклінің дайындық кезеңінің тарту мезоцикліне ауысады. Кейбір кездерде өтпелі кезеңнің орнына қысқа жеңілдету фазалары кіргізіледі. «Қосақталған микроцикл» деп аталады да, жарыс кезеңінен кейін екінші дайындық, онан кейін екінші жарыс кезеңі, сонан соң ғана өтпелі кезең кіргізіледі.

Осындай жаттықтыру процестері күш жылдамдығын керек ететін спорт түрлерінде қолданылады. Мысалы: ядро лақтыру, биіктікке секіру, ауыр атлетика, спорт ойындары т.б. Ал циклдік сипатындағы

спорт түрлерінде (марафондық жүгіріс, шаңғы спорты т.б.) көбінесе жылдық жаттықтыру циклдері қолданылады. Жаттықтыру микроциклдерінің жалпы ұзақтығы бірдей болса да жеке кезеңдерінің ұзақтығы спорт түрлеріне байланысты әр түрлі болып келеді. Мысалы: көпсайыс түрлерінде дайындық кезеңі, ал спорт ойындарында (волейбол, футбол, хоккей) жарыс кезеңі ұзақ болады.

Жоғары спорттық шеберлік деңгейінде олимпиадалық ойындарға дайындалуына байланысты төрт жылдық цикл жоспары қолданылады.

Жоғары жетістікті спортта артық жаттығу түрлері жүктемеге көп байланысты. Ұзақ мерзімде қайталанған көп жүктеме артық жаттығудың бірінші түріне, ал ұзақ мерзімде аса көп жүктеме екінші түріне әкеліп соқтырады. Жаттықтырушылар артық жаттыққанда спортшыны әбден титықтатып тастайтын мынадай қателерді білуі керек:

1 Жаттықтыру әдістемесінің қателігі біртіндеушілік қағидасын сақтамау.

2 Көп жүктеменің арасындағы демалу уақытының аздығы, өте көп жарыстар және т.б.).

3 Спорт тәртібінің бұзылуы (түнгі ұйқының аз болуы, дем алу жағдайының нашарлығы, теледидарды, кинофильмдерді көп көруі т.б.).

4 Әлеуметтік ортаның жаман әсері (сабақтың ауырлығы, көптігі, нашар оқу үлгерімі, мектептігі, отбасындағы ұрыс-керістер, маңайындағы адамдардың спортқа деген нашар көз қарасы).

5 Денсаулықтың бұзылуы.

Жұмыс қабілеттілігі азайғанға дейін де артық жаттығып, шаршап, болдыра бастаудың белгілері біліне бастайды. Ол үш кезеңге созылуы мүмкін. Бірінші кезеңде спортшы психикасы өзгереді, тынышсыздық, өзіне сенімсіздік, әлсіреу пайда болады. Екінші кезеңде ағза қызметінде өзгеріс пайда болады. Ұйқы нашарлайды, тамаққа тәбет, салмақ азаяды, ішек-асқазан жолдарының жұмысы бұзылады, спортшы тез терлейді, тез қалпына келе алмайды, қалпына келу уақыты көбейеді. Үшінші кезеңде жұмыс қабілеттілігі нашарлайды. Басында қимыл үйлесімділігі, сонан соң қозғалыс қасиеттерінің деңгейі төмендей бастайды. Сондықтан бірінші шаршау, болдыру белгілері біліне бастағанда-ақ жарыс жаттығуларын тоқтатып, жүктемені аз бере бастау қажет. Қалпына келу үрдісіне белсенді демалыс, денеге массаж жасау, су, су массажы процедураларын т.б. орындау қажет. Жаттықтыруды мүлдем тоқтатып қоюға болмайды, ол кері әсерін тиігізуі мүмкін. Жоғарыда айтылған шаршау, болдыру белгілері жоғалған соң біртіндеп жаттықтыру көлемін, сонан соң жүктеме қарқынын көбейтіп, жаттықтыруды жоспар бойынша одан әрі жалғастыра беруге болады.

Қорыта келгенде, жоғарғы дәрежелі волейболшылардың дайындық жүйесін ұйымдастыру кезеңдері өзге спорт түрлері сияқты жаттықтыру кезеңдерінен тұрғанымен әр кезеңге қойылған өзіндік міндеттермен ерекшеленеді. Жылдық жаттықтыру үрдісіндегі дайындық, жарыс және өтпелі кезеңдегі жаттықтыру сабақтарының саны мен жүктеме көлемдерінің волейболшының дайындық деңгейіне сай болуы, сонымен қатар, әр ойыншының, тіпті бүкіл команда мүшелерінің дайындық деңгейінің ерекшеліктері жаттықтырушылардың әрдайым есінде болғаны жөн. Жан-жақтылық дайындықтарды ескере отырып жасалынған тактикалық жоспар мен жеңіске жетуге жасалынған ұмтылыс өз нәтижесін бермей қоймайды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Методическое пособие по обучению игре в волейбол и ее совершенствование. Федерация Волейбола Республики Казахстан. – Алматы, 2008.
2. Барбара Л. Виера Бонни Джилл Фергюсон. Волейбол: шаги к успеху. – М., 2008.
3. Кудашов С. В. Управление подготовленностью волейболистов. // Материалы международной конференции «Проблемы и перспективы развития физической культуры и спорта». – Бишкек, 2003. – С. 64-71.
4. Кудашов С. В. Влияние физических нагрузок в подготовительном периоде на развитие функциональных возможностей волейболистов высокой квалификации. // Материалы. XXXIII научно-методической конференции профессорско-преподавательского состава КазНУ им. аль-Фараби. «Научно- методические аспекты реализации кредитной технологии в системе высшего профессионального образования». – Алматы «Қазақ университеті», 2003. – С. 127-131.
5. Кудашова Л.Р., Кудашов С.В. Теоретические и практические основы системы спортивной тренировки. // VIII Международной научный конгресс «Современный олимпийский спорт и спорт для всех». – Алматы, 2004. – С. 196-198.
6. Құрмашев А.С. Дене тәрбиесінің практикалық сабақтарында волейбол ойынын үйретуге арналған^ әдістемелік нұсқау. – Ақтобе: Жалын, 2010. – Б. 5-10.

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЕБЕРЛІК НЕГІЗІ

Таскимбаева Р.К.

*Қазақстан-Американдық еркін университеті колледж, Өскемен,
Қазақстан*

Заман ағысына сай біліммен қаруланған ой-өрісі жоғары, зерделі, жан-жақты дамыған маман - уақыт талабы. Кеше ғана көк туын жел-біретіп шаңырақ көтерген егемен елімізді өркениетке жетелейтін білім бастауында мектеп, ал сол мектепте жас ұрпақ бойына білім негізінің мәңгілік іргетасын қалаушы - ұстаз тұрады. «Мұғалімдер - қоғамның ең білімді, ең отаншыл, білгілеріңіз келсе, ең «сынампаз» бөлігі болып табылады», - деп Елбасы Н.Ә. Назарбаев бекер айтпаса керек. Сондықтан да бүгінгі таңда тәуелсіз елімізге білікті маман, өз ісінің шебері қажет. Ал педагогикалық шеберліктің негізі неде?

Шебер педагог білімді, тәжірибесі мол, жан-жақты бола отырып, оқушыларды жеке тұлға етіп қалыптастыру мақсатында білім мен тәрбиені ұштастыра алуы қажет. Әр оқушының дарындылығын айқындау, олардың дамуына қолайлы жағдайлар жасау, мектеп, жанұя, мұғалімнің ролін анықтау, студенттер мен мұғалімдер ұжымын қалыптастыру - педагогикалық шеберлікті жетілдіруге негізделеді деп есептейміз.

«Тәуелсіз елге - білікті маман» демекші, педагогикалық шеберліктің негізі, өткен пікірімізде айтып кеткеніміздей, білім мен тәрбиені ұштастырумен қатар – педагогтардың жаңа технологияны меңгере білуінде және оны өз тәжірибесінде қолдана алуында. Педагогикалық көзқарас бойынша, «технология» ұғымы – дәстүрлі оқыту әдістерінен басқа, ерекше үлгіде ұйымдастырылған «педагогикалық өндіріс» деген пікір өз уақытында педагог-ғалымдар тарапынан сынға алынғаны белгілі. Осы сыннан соң бірте-бірте «педагогикалық технологияны» оқыту үрдісінің құрамдас бөлігі ретінде сипаттап, оны дидактикалық үрдістер мен оқыту құралдарымен жабдықтауда жаңа ақпараттық технологияға негіздеу туралы мәселе қозғалады.

Педагогикалық шеберліктің тағы бір көрінісі – мұғалімнің шығармашылық іс-әрекеті, яғни оның тұлға ретінде жеке-даралығы және адамның индивид ретіндегі кейбір ерекшеліктерінің өзгеріске ұшырауы. Осыдан шығарар қорытындымыз: әрбір педагог мұғалім мамандығын таңдап алған соң, ол жауапкершілігін бірге ала жүруі керек. Ұстаз өз пәнін ғана емес, дүние сырын, қоғамдағы өзгерістерді, адам мінездерін, өнердің қуат әсерін білетін жан болуы қажет.

Инновациялық технологиялар оқытуды ізгілендіру, яғни оқу құралдарын оқушылардың өздігінен танымдық іс-әрекетінде пайда-

лануға көмектеседі. Оқытудың инновациялық әдіс-тәсілдерін пайдаланудың шарттарының өзі мұғалімнің әрдайым ізденісте, өздігінен білім алудың жағдайын туғызады. Ол педагогикалық шарттарға: инновациялық ізденіс қажеттілігі; инновациялық әдіс-тәсілдер жайлы білім; инновациялық әдіс-тәсілдерінің тиімді жолдарын қарастыру; инновациялық әдістерді меңгеру; инновациялық әдіс-тәсілдерді пайдалану және білім беруді ұйымдастыру формалары; инновациялық әдіс-тәсілдерінің нәтижесінің болуы; инновациялық әдіс-тәсілдердің озық тәжірибелерін бекіту жатады. Инновациялық іс-әрекетті басшылыққа ала отырып, педагогикалық шеберліктің басқа құрыштарының маңыздылығын жоққа шығармаймыз.

Адам қажырлы еңбегімен табиғатты өзгертсе мұғалім жалпы жасампаз еңбегімен жаңа адамды қалыптастырып, дамытып, жетілдіріп өмірге дайындайды. Оқушыларын тек біліммен қаруландырып қана қоймай, назарын, білгендерін жадында сақтауға, қабілетін, ойлауын, тіл шеберлігін ұштауға, дүниеге деген құштарлығын, өмірге деген көзқарасын дұрыс қалыптастырып, ықыласын, сенімін, төзімділігін, іскерлігін, ізденімпаздығын тағы басқадай танымдық қасиеттерін жетілдіріп, адамгершілігі мол азамат етіп тәрбиелеуді өзінің өмірлік мақсаты, ізгілік мұраты деп санайды.

«Талант» деген сөзді әркім әр түрлі ұғынуы мүмкін. Талант көбіне, ақын – жазушыларда, әртістерде, өнер адамдарда кездеседі. Ал, «мұғалім болу – талант па, ол әркімнің қолынан келе бермей ме?» - деген сұрақ туады. Ұстаздың барлығы талант болып тумайды. Егер кез келген мұғалім ынта – ықылас қойып, табандылық танытатын болса, өз бетімен көп еңбектенсе, идеялық жағынан сенімді, саяси жағынан есейген азамат болса, өз пәнін жақсы білсе, оқытудың әдістемесін меңгеріп, бала психологиясын жете білсе, педагогикалық техниканы қалыптастыра алса, педагогикалық шеберлікке жету қасиеттеріне ие бола отырып, педагогикалық кәсіпті меңгерсе, педагогикалық әдепті бойына сіңірсе, онда талантты, шебер ұстаз бола алады.

Педагогикалық шеберлік – ұстаздық талантпен тығыз байланысты. К.Д. Ушинский: «Педагогика теориясын қаншама жетік білгенмен, педагогикалық әдептің қыр – сырын меңгермейінше бұған оның оның қолы жетпейтіндігін», - айтады.

Педагогикалық шеберлік – тек қана мұғалімнің жалпы, жан – жақты және әдістемелік сауаттылығы ғана емес, ол – әр сөзді оқушыларға жеткізе білу, олардың толық қабыл алуы. Ұстаздық шеберлік: 1) мұғалімнің өмірге көзқарасы, оның идеялық нанымды, моральды бойына сіңірген адам екендігі; 2) пәнді жетік білген, ойын толық жеткізетін және оқушылардың бойында әдеп, әдет, дағды сияқты мораль-

дық нормаларды сіңіре білгендігі; 3) оқыту мен тәрбиелеудің әдіс – тәсілдерін меңгерген, білгенін қызықты да, тартымды өткізе алатын, педагогикалық әдеп пен талантын ұштастырған адам ғана шеберлікке ие болады. Педагогикалық шеберлікте педагогикалық техника деп аталатын мәселеге мән беріледі. Мұғалім әр сөзін дұрыс сөйлеп, нық айтуы тиіс, оның жүріс – тұрысы, қозғалысы, отырып – тұруы білім алушыларға ерсі болмайтындай дәрежеде болуы керек.

Педагогикалық шеберліктің негізі – балалардың өз еркімен дамуына жол ашу, оқу – тәрбие процесінде оқушылармен педагогикалық ынтымақтастықтар жұмыс атқарудың формаларын, әдістерін дамыту, шәкіртке деген қамқорлық пен сүйіспеншілікті арттыру педагогикалық шеберліктерінің басты сипаты болып табылады.

Болашақ ұстаздың педагогикалық мамандыққа өзін-өзі бағыттап, жұмысты ұйымдастыруы педагогикалық шеберлік негіздерін білумен шарттас. Ғалымдардың пікірінше педагогикалық шеберлік мынадай жүйелерге бөлінеді:

- педагогикалық іс - әрекеттегі гуманистік бағыттылығы;
- педагогикалық кәсіби білгірлігі;
- педагогикалық іс-әрекетте бейімділігі;
- педагогикалық техникасы.

Бұл аталған педагогикалық шеберлік жүйелері бір-бірімен тығыз байланыста жүзеге асады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әбиев Ж. Жаңа адамды қалыптастыру. - Алматы, 1988.
2. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. – Астана, 1998.
3. Қоянбаев Р. Тәрбие теориясы. - Алматы, 1991.
4. Абдижамитов К.А., Сабыров Т.С. Жеке тұлға қалыптастыру жолдары // Бастауыш мектеп, 1995.
5. Кертаева Ғ.М. Ұстаз қызметіндегі педагогикалық деонтология. – Алматы, 2002.
6. Бекболғанов Е. Өзіндік танымдық іс-әрекеттерді белсендіру. Қазақстан мектебі. Алматы. 2003 жыл, №6, 4-5 баттер.
7. Ахметова Г.К. Педагогика ғылымының мақсаты мен міндеттері. – Алматы, 2010.
8. Қалиев С. Жеке тұлға және оның ерекшелігі // «Ұлағат», №5. - Алматы, 2000
9. Баширова Ж.Р., Төлешова Ұ.Б. Педагогикалық технологиялар арқылы оқушылардың танымдық қызығушылығын қалыптастыру. – Алматы, 2003.
10. Дүйсенбекова Ш.Д. Тәрбие үрдісінің ерекшеліктері. – Семей, 2003.

БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ӨЗІНДІК ЖҰМЫСТАРЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ – ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ШАРТТАРЫ

Жайлаубек Н.Д.¹, Имашева А.Д.²

¹Қазақстан-Американдық еркін университет, ²С. Аманжолов ат.
ШҚМУ, Өскемен, Қазақстан

Әлемнің жетекші елдерінің көпшілігінің білім беру жүйесі білім берудің мақсатын, мазмұны мен технологияларын оның нәтижесіне қарап бағалайтын болды. Білім берудің қазіргі негізгі мақсаты білім алып, білік пен дағды машыққа қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде дербес, әлеуметтік және кәсіби біліктілікке – ақпаратты өзі іздеп табу, талдау және ұтымды пайдалану, жылдам өзгеріп жатқан бүгінгі дүниеде лайықты өмір сүру және жұмыс жасау болып табылады.

Қазіргі қоғамдық өзгерістердің қарқындылығы жаңа сипаттағы болашақ студенттердің қажеттілігін туғызады. Республикамызда қолға алынған білім беру жүйесін реформалау ісі осы саналы жан-жақты өзгертуге бағытталған кешенді шығармалармен тығыз байланысты. Білім беру ісіндегі жаңа процестің мақсаты, бағыты, сипаты Қазақстан Республикасының тәуелсіз егеменді мемлекет болуына, ұлттық білім беру ісінің әлемдік білім жүйесіне кірігуіне тығыз байланысты болу тиіс.

Қазақстан мемлекетінің білім беру мен ғылымының дамуы қазіргі кездегі экономикалық жүйедегі бәсекелестік жағдайын жоғарылату, аймақтық және ұлттық қызығушылық пен құндылықтарды дамыту маңызды болып отыр. Қазақстан республикасының мемлекеттік білім беру бағдарламасының дамуы 2015 – 2020 жылдар аралығында оқыту жүйесі мен прогрессивті технологиялар өңделіп, енгізілді.

ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында: «Білім берудің басты өлшемі – білім мен білік алған кез келген азамат әлемнің кез келген елінде қажетке жарайтындай маман болатындай деңгейге көтерілу болып табылады», - деп атап көрсетті. Ғылымның әр саласында білімнің мазмұны мен көлемі қауырт өсіп отырған бүгінгі күні жан – жақты дамыған азаматтарды қалыптастыру, әсіресе студенттердің өзіндік жұмыстарын ұйымдастыруына дамыту ең өзекті мәселенің біріне айналып отыр. Өйткені, білім берудің жаңа мазмұнына байланысты оқытудың әрекеті оқыту процесін ұйымдастырушы ретінде қарастырылып, студенттің тұлғалық аспектілеріне дамыту мәселесі алғы орынға шықты. Бұл, оқу қызметінің субъектісі ретінде, даралық, өзіндік жұмыс жасауға, өзін – өзі тануға, білім алу арқылы дамуға ұмтылатын жеке тұлғаны қалыптастыру басты құндылық болып

табылатынын көрсетеді.

Сондықтан студенттің өзіндік білім алу, іздену, қорытынды жасап, талдай білу дағдыларын қалыптастыру үшін, оның өзіндік біліктілігіне сүйене отырып, білім алу технологиясын меңгертуге көңіл аударылуда.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Білім беру туралы Заңында: «Ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау» - деп атап көрсетілген. Демек, білім беру мазмұнын жаңарту қажеттігі қазіргі әлеуметтік –экономикалық жағдайларға байланысты қазақстандық білім беру саласында қалыптасқан ахуалдан туындап отыр. Бұл ретте біз оқытудың ең маңызды мәселелерін нақтылы айқындай отырып, дамыған елдердің прогресшіл тәжірибесіне сүйене білуге тиіспіз. Студенттердің өзіндік жұмыстарды орындау мәселелері философиялық, педагогикалық зерттеулерде көрініс тапқан.

Студенттердің өзіндік жұмыс аспектілерінің өңделуіне қарамастан, отандық ғылымы мен тәжірибесінде қазіргі білім беру процесінде ұйымдастыру ерекшеліктері әлі де жеткілікті зерттелініп, қарастырылмаған. Соның ішінде кредиттік жүйедегі оқыту жағдайында өзіндік жұмысты ұйымдастыру мәселесін атап өткен жөн.

Соңғы кездегі әлеуметтік және экономикалық салалардағы болып жатқан түбегейлі өзгерістер, пайда бола бастаған ақпараттық қоғам ортасында болып жатқан қарқынды өзгерістерге, ақпараттар көлемінің ұлғаюына, жаңа ақпарат технологияларының қарқынды дамуына сай болуын талап етеді.

Біздің жоғары мектеп жүйесінің жалпы үрдістер мен тенденциялардан тыс, дүниежүзілік еңбек нарқының сұраныстарынан тыс дами алмайды. Бүгін, Қазақстан жоғары мектебінің даму мәселелерін шешуді тек ғана ұлттық дәреже көрсеткіштерінен бастауға болмайды.

Студенттердің танымдық белсенділігін дамытудың және жоғары оқу орнында білім алу барысында оларда дербестікті қалыптастырудың неғұрлым тиімді амалдарына, қалыптасуы мен дамуының өзіндік тарихы бар, мамандарды оқыту мен даярлаудың сапасын көтерудегі негізгі резервтердің біріне - өзіндік жұмыс жатады. Білім алудағы дербестіктің маңыздылығы жайлы ойларды бұрынғы ғылыми-педагогтардың еңбектерінен де кездестіруге болады. Олар білім берудің негізгі мақсаттары оқытушының іскерлігімен қатар оқушылар өзінше күш шығарса ғана өз мәресіне жетеді.

Осылайша, қоғамның 20 - жылдарындағы белсенді дамуы дербес

жұмыс жасай алатын тұлғаны қалыптастыру қажеттілігін тудырады; осы кезде Дальтонның жобасы және «бригадалық - зертхана» сияқты әдістер пайда болған. 30-40 жылдары «білім алудағы өзіндік дербес жұмыстарды асыра бағалау білім сапасының төмендеуіне әкелетіні анықталды», акцент дайын білімдерді жариялау әдістерінің орнын басады. Дәл осы кезде қоғам мен экономиканы тұтастай әміршіл - әкімшілік бюрократиялық жүйеге түсу жүзеге асырылды.

50-60 жылдарғы өзіндік жұмыстар мен бастамалардың дамуына ықпал етуші оқу әдістеріне қайта назар бөліне бастады. «Тоқырау» жылдары КПСС-тің XXV съезінде (1976) өз білімін дербес жұмыс жасау арқылы толтыру біліктілігіне үйретудің маңыздылығы мен оқу үрдісіне техникалық құралдарды енгізу жайлы айтылып, КПСС-тің XXVII съезі (1986) үздіксіз білім берудің біртұтас тиянақты жүйесін жасау мақсатында жоғары және орташа арнайы білім беруді қайта құру мәселесін қозғады. Бұл жерде оқу үрдісі барысында тұлғаның қалыптасуына байланысты мәселерді қоюдағы түбегейлі айырмашылық байқалады, жоғары мектеп дербес шығармашылық жұмыс жасай алатын тұлғаны қалыптастыру керек деген мемлекеттік тапсырма алады.

Жоғары оқу орнында жасалатын өзіндік жұмыс жаңа материалдың кезеңде меңгерілуіне, оның бекітілуіне, қолданылуына, қайталануына және т.б. себеп болады. Жеке оқу танымының шынайы біртұтас әрі бөлінбейтін үрдісі жасанды түрде мүшеленеді. Бұл студенттің ойларының дамуын тежеп немесе оның дамуына ықпал ететін білімді меңгеруге мүмкіндік туғызбайды. Негізінде мұндай іс-әрекет барысында осы білімді шығармашылықта пайдаланудың тәжірибелері жинақталмайды.

Студенттің дербес, өзіндік жұмысының нәтижелі болуы оның қалай ұйымдастырылғанына, білімінің мазмұны мен сипатына, оқу үрдісі логикасына, аталмыш өзіндік жұмыс кезіндегі білімі мен алатын білімі арасындағы байланысына, осы жұмыстың нәтижелеріне және т.б. тәуелді болады.

Педагогикалық әдебиеттерден дербес өзіндік жұмыстың мәселесі жайлы көптеген көзқарастарды кездестіруге болады. Бұдан аталмыш ұғымның сан қырлы болатынын түсінуге болады, сондықтан бұл ұғымның анықтамасы нақтылауды қажет етеді.

Орта және жоғары мектеп мамандары мен отандық педагогтардың айтуынша, қандай да бір іс-әрекет саласындағы адамзаттың жинақтаған ілімдерін меңгерудегі оқушылардың өзіндік еңбегі мамандарды даярлаудың негізі болуы қажет.

Студенттердің өзіндік орындайтын жұмыстарын ұйымдастырудың көптеген аспектілерін зерттеу барысында бүгінгі қоғамның сұра-

нысы мен жағдайына байланысты болатын бір айналымдылықты байқауға болады. Оқыту әдістерінің белгілі бір мөлшерде әр кезде уақыттың талаптарына сәйкес болатынын аңғару қиын емес.

Зерттеулердің мақсаттары мен мәселелеріне байланысты авторлардың ұсынған өзіндік орындайтын жұмыс жайлы бірқатар анықтамаларының толық талдаулары М.Г. Гаруновтың, О.А. Наильсонның және П.И. Пидкасистыйдың еңбектерінен орын алған. Студенттің өзіндік орындайтын жұмысы проблемасына көп көңіл бөлудің қажеттілігінің сақталып қалуының себебі сонымен қатар мынада: қазіргі уақыт кезеңі осы тараптағы әр түрлі білім беру жүйелеріндегі жинақталған тәжірибені ой елегінен өткізіп, қорытындылауды талап етеді.

Зерттеушілер атап айтқандай, өзіндік орындайтын жұмысқа берілетін анықтамалардың әр түрлі болуы кездейсоқ емес. Бұны өзіндік орындайтын жұмысты оқытушының да, оқушының да өзара іс-әрекеттерін екі жақты үрдіс ретінде қарастырғанда байқалатын оның екі жақты сипатымен түсіндіруге болады.

Біздің пікіріміз бойынша, П.И. Пидкасистый ұсынған анықтама-сында ғана өзіндік орындайтын жұмыстың мәніне деген көзқарастың көп аспектілі көрсетілген.

Жоғары оқу орнында кредиттік оқыту жүйесі бойынша оқу үрдісін ұйымдастыру, студенттің оқу жылына арналған білім кеңістігін қалыптастырып, кәсіби маман болып шығуында маңызды роль атқарады.

Оқу үрдісін ұйымдастыруға – студенттің белгілі академиялық кезең ішіндегі оқу пәндері бойынша білім алуы мен бақылау іс-шаралары жиынтығы кіреді. Жоспарланған іс-шаралар, оларды өткізу мерзімі студенттің оқу орны басшысы бекіткен академиялық күнтізбесінде көрсетіледі.

Оқу үрдісін дұрыс ұйымдастыру маңызды роль атқарады. Кредиттік оқыту жүйесі бойынша оқу үрдісін ұйымдастыру бүкіл оқу кезеңіне білім кеңістігін анықтауда студенттің қатысуын; оқу жоспарында көрсетілген пәндердің белгілі бір бөлігі мен тьюторларды таңдау еркіндігін; академиялық кеңесшілер қызметтерінің енгізілуін (эдвайзерлер және тьюторлар); студенттердің білімін бағалау үшін балдық - рейтингтік жүйенің пайдалануын көздейді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Беспалько В.П. Элементы теории управления процессом обучения.- М., 1971.
2. Семенов Г.П. Педагогические проблемы обучения первокурсников. – Калининград, 1975.

3. Пидкасистый П.И. Самостоятельная деятельность учащихся. Дидактический анализ процесса и структуры воспроизведения и творчества. – М.: «Педагогика», 1972.
4. Никандров Н.Д. Некоторые вопросы педагогики высшей школы. В кн.: Социально психологические проблемы высшей школы. – Л., 1971.
5. Гарунов М.К. Исследования по проблеме активизации самостоятельной работы студентов в вузах страны. – М., 1976
6. Архангельский С.И. Учебный процесс в высшей школе, его закономерности, основы и методы. – М., 1980.
7. Есипов Б.П. Самостоятельная работа учащихся на уроке. – М.: Учпедгиз, 1961.

ЖАҢА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫҢ МАҢЫЗЫ

Сләмғалиева Н.А.

*Қазақстан-Американдық еркін университеті колледж, Өскемен,
Қазақстан*

Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақ тағдыры ұстаздың қолында.

Н.Ә. Назарбаев

Ертеңгі келер күннің бүгінгіден гөрі нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын құдіретті күш тек білімге ғана тән. Олай болса, білім беруді ізгілендіру, ақпараттандыру – бүгінгі заман талабы. Ақпараттық білімнің, орта мен адамның өзара қарым-қатынасын үйлесімді ету және жаңа ақпараттық қоғамда ақпараттық технологияны пайдалану, ақпараттық мәдениетпен байланысын кеңейту мүмкіндіктері мол. Өркениеттің өсуі ақпараттық қоғамның қалыптасуымен тікелей байланысты екенін ескерсек, қазіргі кездегі білім мен техниканың даму деңгейі әрбір адамға сапалы және терең білім мен кәсіби іскерліктердің болуын, жастардың белсенді шығармашылықпен жұмыс істеуін талап етеді.

«Қазіргі заманда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет», - Н.Ә. Назарбаев.

Білім ақпараттық қоғамда, жаһандану заманында құнның негізгі көзіне айналада. Ғылым мен жаңа технологияларды, білім беруді да-

мытудың жаһандық үрдістері:

1. Ақпараттық коммуникациялық технологиялар.
2. Ақпараттық мәдениет орталығы.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияға интернет, теледидар, электрондық почта, радионы жатқызуға болады. Оқытушы ақпараттық коммуникациялық технологиялар арқылы оқушылармен байланысын жеке-дара жақындаса алатындай жолмен жүргізуге мүмкіндік алады. Мультимедия кабинетінде электрондық оқулықпен сабақ берудің тиімділігі көп:

1. Оқытушы оқушы білімін бағалауды компьютерге жүктейді. Бұл бағалау көрсеткіштерінің нақты, дәл болуын қамтамасыз етеді.
2. Оқушы жеке жұмыс жасайды.
3. Оқытушы сыныптағы оқушылардың жағдайын толық көріп, әрбір оқушының қабілетіне қарай онымен жеке жұмыс жасауға мүмкіндігі ашылады.

Сонымен қатар пәндерді оқыту әдістемесіне интернет жүйесін қосу сапалы білімнің қайнар көзі болар еді. Интернет жүйесі арқылы оқыту оқушылардың өзара ақпарат алмасуын мүмкін етеді, танымдық қызметін арттырады, білім алуға қызығушылық ұлғайып, өз бетінше ізденуге ұмтылдырады. Оқушылардың мұндай қабілеттерін ашып, танымдық іс-әрекетін қалыптастыратын әрине, Оқытушы екені даусыз. Оқытудың бұл жүйелерінде оқытушы тек басшылық жасайды әрі ұйымдастырушы, бағыттаушы рөлінде болады.

Оқытудың жаңа ақпараттық-коммуникациялық технологияларын меңгеру – қазіргі заман талабы. ХХІ ғасыр – ақпараттық технология ғасыры. Қазіргі қоғамдағы білім жүйесін дамытуда ақпараттық – коммуникациялық технологиялардың маңызы зор. Білім беруді ақпараттандыру және пәндерді ғылыми – технологиялық негізде оқыту мақсаттары алға қойылуда. Ақпараттандыру технологиясының дамуы кезеңінде осы заманға сай білімді, әрі білікті жұмысшы мамандарын даярлау оқытушының басты міндеті болып табылады. Қоғамдағы ақпараттандыру процестерінің қарқынды дамуы жан-жақты, жаңа технологияны меңгерген жеке тұлға қалыптастыруды талап етеді.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 11 – бабының 9 тармағында оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде кәсіптік білім беру бағдарламаларының қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттеріне тез бейімделуіне ықпал ететін кредиттік, қашықтан оқыту, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу және тиімді пайдалану міндеті қойылған [1].

Қазіргі таңда елімізде білім беру жүйесінде жаңашылдық қатарына ақпараттық кеңістікті құру енгізілді. Ақпараттандыру жағдайын-

да оқушылар меңгеруге тиісті білім, білік, дағдының көлемі күннен күнге артып, мазмұны өзгеріп отыр. Білім беру саласында ақпараттық – коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы білімнің сапасын арттыру, білім беру үрдісін модернизациялаудың тиімді тәсілдері пайдаланылуда және одан әрі жетілдірілуде.

Білім – болашақ бағдары, кез-келген маман даярлайтын оқу орынның басты міндеттерінің бірі – жеке тұлғаның құзіреттілігін дамыту. Құзірет – оқушының жеке және қоғам талаптарын қанағаттандыру мақсатындағы табысты іс-әрекетіне қажетті білім дайындығына әлеуметтік тапсырыс. Құзыреттілік – оқушының әрекет тәсілдерін жан-жақты игеруінен көрінетін білім нәтижесі. Ақпараттық құзыреттілік – бұл жеке тұлғаның әртүрлі ақпаратты қабылдау, табу, сақтау, оны жүзеге асыру және ақпараттық – коммуникациялық технологияның мүмкіндіктерін жан-жақты қолдану қабілеті. Оқушылардың түпкілікті құзіреттіліктері – білім берудің жаңа нәтижелер. Құзіреттілікті оқушының пән бойынша игерген білім, білігінің жинағы деп қабылдауға келмейді. Ол – оқу нәтижесінде өзгермелі жағдайда меңгерген білім, білік, дағдыны тәжірибеде қолдана алу қабілеті болып табылатын жаңа сапа.

Ақпараттық құзіреттілікті қалыптастырудың басты мақсаты – оқушыларды ақпаратты беру, түрлендіру және оны қолдану білімдерімен қаруландыру, олардың компьютерлік технологияны өз қызметтеріне еркін, тиімді пайдалана алу қабілеттерін қалыптастыру.

Қазіргі заман талабына сай адамдардың мәлімет алмасуына, қарым-қатынасына ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың кеңінен қолданысқа еніп, жылдам дамып келе жатқан кезеңінде ақпараттық қоғамды қалыптастыру қажетті шартқа айналып отыр. Ақпараттық қоғамның негізгі талабы – оқушыларға ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық ойлау - құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны пайдалану дағдыларын қалыптастыру және оқушы әлеуметінің ақпараттық сауатты болып өсуі мен ғасыр ағымына бейімделе білуге тәрбиелеу, яғни ақпараттық қоғамға бейімдеу.

Ақпараттық технология – қазіргі компьютерлік техника негізінде ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу және тасымалдау істерін қамтамасыз ететін математикалық және кибернетикалық тәсілдер мен қазіргі техникалық құралдар жиыны.

Коммуникация – ақпаратты тасымалдап жеткізу әдістері мен механизмдерін және оларды жазып жинақтап жеткізу құрылғыларын қамтитын жалпы ұғым.

Ақпараттық - коммуникативтік технология жағдайындағы жалпы

оқыту үрдісінің функциялары: оқыту, тәрбиелеу, дамыту, ақпараттық болжамдау және шығармашылық қабілеттерін дамытумен анықталады.

Оқытудың ақпараттық - коммуникативтік және интерактивтік технологиялары бағыттары:

- а) электронды оқулықтар;
- ә) телекоммуникациялық технологиялар;
- б) мультимедиялық және гипермәтіндік технологиялар;
- в) қашықтықтан оқыту (басқару) Интернет.

Ақпараттық - коммуникативтік технологияны оқу-тәрбие үрдісіне енгізуде. Оқытушы алдына жаңа бағыттағы мақсаттар қойылады:

- Өз пәні бойынша оқу-әдістемелік электронды кешендер құру, әдістемелік пәндік Web –сайттар ашу;
- Жалпы компьютерлік желілерді пайдалану;
- Бағдарламалау ортасында инновациялық әдістерді пайдаланып, бағдарламалық сайттар, құралдар жасау. (мультимедиялық және гипермәтіндік технологиялар).
- Қашықтықтан оқыту (Internet желісі) барысында өздігінен қосымша білім алуды қамтамасыз ету.

Интерактивтік оқыту технологиясы – бұл коллективтік, өзін-өзі толықтыратын, барлық қатысушылардың өзара әрекетіне негізделген, оқу процесіне оқушының қатыспай қалуы мүмкін болмайтын оқыту процесін ұйымдастыру.

Интерактивтік оқыту – бұл, ең алдымен оқушы мен Оқытушының қарым-қатынасы тікелей жүзеге асатын сұхбаттасып оқыту болып табылады. Сабақтағы интерактивтік әрекет өзара түсіністікке, өзара әрекетке, қатысушының әрқайсысына қажет есепті бірлесіп шешуге алып келетін - ұйымдастыру және сұхбаттасып қарым-қатынас жасауды дамытуды ұсынады.

Оқытудың ақпараттық-коммуникациялық және интерактивтік технологияларын пайдалану – педагогикалық іс-әрекеттердің мазмұны мен формасын толықтыру негізінде оқыту үрдісін жетілдірудің бірден бір жолы. Компьютерлік желілерді, интернет жүйесін, электрондық оқулықтарды, мультимедиялық технологияларды, қашықтан оқыту технологиясын пайдалану оқу орындарында ақпаратты-коммуникациялық технологиялар кеңістігін құруға жағдай жасайды.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияны дамыту білім берудің бір бөлігі. Соңғы жылдары заман ағымына сай күнделікті сабаққа компьютер, электрондық оқулық, интерактивті тақта қолдану жақсы нәтиже беруде. Білім беру жүйесі электрондық байланыс, ақпарат алмасу, интернет, электрондық пошта, телеконференция, Оп-

line сабақтар арқылы іске асырылуда.

Бүгінгі күні инновациялық әдістер мен ақпараттық технологиялар қолдану арқылы оқушының ойлау қабілетін арттырып, ізденушілігін дамытып, қызығушылығын тудыру, белсенділігін арттыру ең негізгі мақсат болып айқындалады.

Әсіресе қашықтан оқыту жүйесі жедел қарқынмен дамуда, бұған бірнеше факторлар, ең бастысы – білім беру мекемелерінің қуатты компьютер техникасымен қамтылуы, оқу пәндерінің барлық бағыттары бойынша электрондық оқулықтар құрылуы және Интернеттің дамуы мысал бола алады. Бүгінгі таңда білім беруді ақпараттандыру формалары мен құралдары өте көп. Оқу процесінде ақпараттық және телекоммуникациялық құралдар мүмкіндігін комплексті түрде қолданды жүзеге асыру көп функционалды электрондық оқу құралдарын құру және қолдану кезінде ғана мүмкін болады.

Білім беруді ақпараттандыру жағдайында оқушылардың ақпараттық сауаттылығын, ақпараттық мәдениетін және ақпараттық құзырлығы сияқты қабілеттіліктерді қалыптастыру мәселесі бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналып отыр.

Ұстаз үшін нәтижеге жету шәкіртінің білімді болуы ғана емес, білімді өздігінен алуы және алған білімдерін қажетіне қолдану болып табылады. Бүгінгі бала – ертеңгі жаңа әлем. Бүгінгі күні ақпараттар ағымы өте көп. Ақпараттық ортада жұмыс жасау үшін кез келген педагог өз ойын жүйелі түрде жеткізе алатындай, коммуникативті және ақпараттық мәдениеті дамыған, интерактивтік тақтаны пайдалана алатын, Он-лайн режимінде жұмыс жасау әдістерін меңгерген Оқытушы болуы тиіс. Заман талабына сай жаңа технология әдістерін үйрету, бағат - бағдар беруші – Оқытушы дерміз. Оқушылардың жаңа тұрмысқа, жаңа оқуға, жаңа қатынастарға бейімделуі тиіс. Осы үрдіспен бәсекеге сай дамыған елдердің қатарына ену ұстаздар қауымына зор міндеттер жүктелетінін ұмытпауымыз керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы
2. “Болашақтың іргесін бірге қалаймыз” Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 2011 жыл
3. Қазақстан Республикасы білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы
4. «Математика және информатика » журналы №4, 2007 жыл
5. Мұхамбетжанова С.Т., Мелдебекова М.Т. Педагогтардың ақпараттық – коммуникациялық технологияларды қолдану бойынша құзырлылықтарын қалыптастыру әдістемесі. Алматы: ЖШС «Дайыр Баспа», 2010.

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҒЫНДА БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫН ФУНКЦИОНАЛДЫҚ САУАТТЫЛЫҚҚА БАУЛУ ЖОЛДАРЫ

Абилмажинова В.Р.

«№30 орта мектебі» КММ, Өскемен, Қазақстан

Қазіргі таңда оқыту жүйесіндегі тың өзгерістер, заманауи әдістер мен білім жүйесінің модернизациялануы болашақ ұрпақтың функционалдық сауаттылығы мен шығармашылық қабілеттерінің дамуына жол ашып отыр. Білім беру жүйесіндегі басты мақсаттардың бірі - әлемдік озық технологияларды пайдаланудың тиімді жолдарынан іздену, шығармашылық ізденістегі жеке тұлға қалыптастыру, оқушыларды функционалдық сауаттылыққа баулу. Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында: «ана тілінде ауызекі және жазба тілде сауатты сөйлеу дағдыларын жетілдіруді, коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруды, оқудағы және жазудағы функционалдық сауаттылығын дамытуды», - деп көрсетілгендей, яғни, қоғамға бейім, жан-жақты дамыған, білімді де білікті, сауатты тұлғаға функционалдық дағдыларды дарыту білім ордаларының басты ұстанымдарының біріне айналды.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың халқына Жолдауында: «Ұлттың бәсекеге қабілеттілігі бірінші кезекте білім деңгейімен айқындалады», - деп айтқандай, өркениетті елдердің қатарынан көріну үшін, бәсекеге қабілетті елу елмен иық тірестіру үшін сауатты ұрпақ керек. «Еліміздің ертеңі сауатты да білімді ұрпақтың еншісінде. Келешекке кемел біліммен», - деп Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев өзінің халыққа жолдаған әр Жолдауында жастарымыздың болашағына жауапкершілікпен қарап, оларға үміт артады.

Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейін білім беруді дамыту тұжырымдамасында: "... жылдам өзгеріп отыратын дүние жағдайларында алынған терең білімнің, кәсіби дағдыларының негізінде еркін бағдарлай білуге, өзін-өзі іске асыруға, өзін-өзі дамытуға және өз бетінше дұрыс, адамгершілік тұрғысынан жауапты шешімдер қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру», - деп жеке тұлғаның өзін-өзі тануына, өзін-өзі дамытуына, өзіндік шешімді тұжырымдар жасай білуіне жол ашылған.

Сондықтан да осы мақсатпен Елбасымыз Н. Назарбаев 2012 жылғы 27 қаңтардағы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту – Қазақстан дамуының басты бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту бойынша бес жылдық ұлттық жоспарды қабылдау жөнінде нақты міндет қойған

еді.

Функционалдық сауаттылықты дамытудың жалпы бағдары Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында анық көрсетілген. Ондағы басты мақсат жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене және рухани тұрғысынан дамыған азаматын қалыптастыру, оның физикалық құбылмалы әлемде әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ететін білім алуудағы қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады.

Функционалды сауаттылық – адамдардың әлеуметтік, мәдени, саяси және экономикалық қызметтерге белсене араласуы, яғни бүгінгі жаһандану дәуіріндегі заман ағымына, жасына қарамай ілесіп отыруы, адамның мамандығын әрдайым жетілдіріп отыруы.

Функционалдық сауаттылық – қазақ тілі пәніндегі басты талаптардың бірі. Ал оқушының сауатты жазуы берілген білім мазмұны мен тыңғылықты жүргізілген әдіс-тәсілдерге, оны ұйымдастырудағы мұғалімнің шеберлігіне де байланысты. Өз іс-тәжірибемізде «Қазақ тілі сабақтарында бастауыш сынып оқушыларының функционалды сауаттылықтарын дамыту» атты тәжірибелі - эксперименттік жұмыс тақырыбын алып, төмендегіше мақсаттар мен міндеттер қойылды.

Мақсаты: оқушылардың қазақ тіліне деген қызығушылығын арттыру.

Ұлттық жоспардың жоғарыда аталған мақсат, міндеттерін жүзеге асыруда төмендегідей тетіктері (механизмдері) нақтыланып, мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту үшін білім беру жүйесінде басшылыққа алынады. Олар:

- білім беру мазмұны (ұлттық стандарттар, оқу бағдарламалары);
- оқыту нысандары мен әдістері;
- білім алушылардың оқудағы жетістіктерін диагностикалау мен бағалау жүйесі;
- мектептен тыс, қосымша білім беру бағдарламалары;
- мектепті басқару моделі (қоғамдық-мемлекеттік нысан, мектептердің оқу жоспарын реттеудегі дербестігінің жоғары деңгейі);
- барлық мүдделі тараптармен әріптестікке негізделген достық қалыптағы білім беру ортасының болуы;
- ата-аналардың балаларды оқыту мен тәрбиелеу процесіндегі белсенді рөлі.

Міндеттері:

- Ойын элементтері, стандартты емес сабақтар, факультатив және сыныптан тыс жұмыстар жүргізу арқылы қазақ тілі пәніне танымдық қызығушылығын арттыру;

- Оқушы білімін тексерудің барлық түрлерінде оқушыларға жекелей және дифференциалды тапсырмалар беру;
- Оқушы білімін тексерудің диагностикасын және мониторингісін жасау.

Зерттеу объектісі – Қазақстан-Ресей гимназиясының бастауыш сыныптарының оқу-тәрбие үрдісі.

Зерттеу пәні – қазақ тілін оқыту барысында оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын дамытудың тиімді жолдарын айқындау.

Зерттеу алаңы: тәжірибелі эксперимент жұмысы Өскемен қаласындағы Қазақстан-Ресей гимназиясында ұйымдастырылып, экспериментке бастауыш сынып оқушылары қатысады.

Зерттеу болжамы: қазақ тілінде еркін сөйлейтін, бәсекеге қабілетті және жан-жақты дамыған тұлғаны қалыптастыру.

Зерттеу оқу әрекетінің жалпы педагогикалық принциптері: жеке тұлғаны қалыптастыруға жағдай туғызу; өзін-өзі жетілдіру; субъектілік т.б.

Зерттеу әдістері: зерттеу мәселесі бойынша педагогикалық, психологиялық, әлеуметтік, ғылыми әдістемелік әдебиеттерге теориялық талдау жасау, диагностикалау, талдау және үлгілеу, салыстырмалы талдау, әңгіме, сауалнамалар жүргізу, жүйенің мақсатқа сәйкестігін тәжірибелік эксперимент барысында тексеру, алынған деректерді өңдеу, қорытындылау.

Зерттеу кезеңдері:

1 кезең. Өзіндік білім көтеру тақырыбында іздену мен әдебиеттер тізімін құру (2015-2016 оқу жылы).

2 кезең. Таңдалынған тақырып бойынша өзіндік білім көтеруді дамыту және үздік әдістерді педагогикалық іс-тәжірибеде қолдана білу (2016-2017 жж.).

3 кезең. Жеке педагогикалық әдісті жоспарлау (жұмыстың жүзеге асуына байланысты нақтыланған сұрақтардың шешімі, мақсат, күтілетін нәтиже, әріптестердің пікірлері) (2017-2018 жж.).

4 кезең. Мұғалім жұмыс атқаратын сыныптағы өзіндік білім көтерудің тәжірибелік - эксперименталды қорытындысы. (әріптестерді сабақты талдауға шақыру, ашық сабақтар өткізу, өзіндік білім көтерудің мақсатты кесік бақылауларын алу, салыстырулар, диаграммалар, шешім шығару: қандай жұмыс атқарылды, қандай нәтижелерге қол жетті) (2018-2019 жж.).

Қорытындыда жүргізілген тәжірибелі зерттеу жұмысының негізінде қорытындылар жасалады, қатысты жұмыстардың үлгілері көрсетіліп, әдістемелік ұсыныстар дайындалады. Жаңа ізденіс тақырыбы таңдалады.

Төменде өз іс-тәжірибеміздегі бастауыш сынып оқушыларын қазақ тілі сабағында функционалдық сауаттылыққа баулуға негізделген сабақ үлгісін ұсынып отырмыз.

Сабақтың тақырыбы: «Біздің отбасымыз», /3 «Б» сынып/

Сабақтың мақсаты: Оқушыларға отбасы, оның мүшелері туралы мағлұмат беру. Отбасының қоғамдағы орны, маңызы жайлы түсінік беру.

Дамытушылық: Оқушыларды ауызекі және жазбаша сауатты сөйлеуге, функционалдық сауаттылыққа баулу. Ойлау қабілеттерін арттыру, өзін-өзі, бірін-бірі оқытуға дағдыландыру.

Тәрбиелік: Өз отбасына деген қамқорлыққа, мейірімділікке баулу. Үлкенді сыйлауға, кішіге қамқор болуға, отбасын аялай білуге баулу.

Көрнекіліктер: Тірек-сызбалар, суретті картинкалар, слайдтар, Венн диаграммасы, бағалау парақтары, модель, сөзжұмбақ.

Пәнаралық байланыс: Орыс тілі, ән-күй.

Сабақтың түрі: Сахналық қойылым сабағы.

Сабақтың типі: Жаңа білімді меңгерту сабағы.

Сабақтың формасы: топтық, ұжымдық, индивидуалды форма

Қолданылатын әдісі: кітаппен жұмыс (сөздік, тапсырмалар, түсіндіру, сұрақ-жауап) мәтінмен жұмыс, талдау, пікірлесу, интерактивті.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

- Сәлеметсіңдер ме, балалар!
- Қазақ тілі сабағында қай тілде сөйлейміз?
- Жылдың қай мезгілі?
- Күз айларын ата?

II. Үй тапсырмасын тексеру.

20 беттегі 3-тапсырма. Үш сөйлем құрап жазып келу (оқушыларға жеке-жеке оқытып тексеру) үй тапсырмасын бағалау.

- Бүгін нешесі, аптаның қай күні?

III. Жаңа сабақ. Сабақтың мақсатымен таныстыру.

Бүгінгі сабағымыздың ең басты мақсаты: Біздің отбасымызда кімдер бар? Олар қайда жұмыс істейді?

Кімдікі? қандай? нешеу? сұрақтарға дұрыс жауап беру, тапсырмалармен жұмыс жасау.

Кіріспе.

- Бүгінгі жаңа сабағымызға, балалар, "Қожанасыр" атамыз қонаққа келіпті, ол кісінің бізге әкелген қоржынында, бірнеше тапсырмалары бар екен. Қандай тапсырмалар бар екен;

- қоржынын ашып көрейік. (мұғалім қоржыннан тапсырма алып дауыстап оқушыларға таныстырады)

Жаңа сөздермен танысу.

Сөздікпен жұмыс (интерактивті тақтада сөздіктер көрсетіледі)

көзілдірік – очки

кімдікі? – чей? чья?

тату -дружый (-ая, -ое)

Сөздерді оқу, қайталау. Дұрыс айтуға дағдыландыру;

Сөз тіркестеріне, сөйлемдер құрастыру.

- көзілдірік кімдікі?

- көзілдірік атамдыкі.

2. Кітаппен жұмыс."Біздің отбасымыз" Модель қорғау.

Мәтінді оқу, аудару. Мәтін бойынша сұрақтарға жауап беру.

Біздің отбасымыз - үлкен. Отбасымызда жеті адам бар. Олар: ата, әжем, әкем, анам, ағам, қарындасым және мен. Атам мен әжем – зейнеткер. Әкем фирмада жұмыс істейді. Анам асханада жұмыс істейді. Ағам - студент. Қарындасым бірінші сыныпта оқиды. Мен үшінші сыныпта оқимын.

- Енді, балалар, Қожанасыр атаның қоржынында тағы қандай тапсырмалар бар екен, танысып көрейік.

«Кім жылдам?» ойының шарты сұрақтарға кім тез жауап береді.

Оқушылар бір-бірден келіп қоржыннан тапсырмалар алады.

- Сендердің отбасыларың қандай?

- Отбасында неше адам бар?

- Олар кімдер?

- Сенің әкең қайда жұмыс істейді?

- Анаң қайда жұмыс істейді?

- Ағаң қайда?

- Қарындасың нешінші сыныпта оқиды?

- Сен нешінші сыныпта оқисың?

Қожанасыр: Жарайсыңдар, балалар! - Мен сендерге ертегілер әлемінен "Шалқан" ертегісін ала келдім. (Мультфильм көреді)

Мұғалім: Балалар, енді қонақты отырғызайық! - отырыңыз (деп орнына отырғызамыз).

Суретпен жұмыс.



3. Суретпен жұмыс.

«Шалқан» ертегісі бойынша сұрақтар қойылады.

- "Шалқан" ертегісінде кімдер бар?
 - Барлығы нешеу?
 - Кімдер жоқ?
 - Отбасында тату ма?
- Оқушылар орындарында отырып жауап береді.

IV. Тапсырмалармен жұмыс

Тәуелдік жалғауының тиісті жалғауларын қой.(-ым, -ім, -м,-ың,-ң-ің, -ыңыз, -іңіз,-сы,-і, -сі.)

I жақ. Менің ата.., іні.. .


II жақ. Сенің ата.., іні.. .

сіздің ата.., іні.. .

Жақ . оның ата.., іні.. .

23 бет 6- тапсырма. Сөзжұмбақты шеш.

Сөзжұмбақты шешіңіз



1. они
2. дедушка
3. ребенок
4. старший брат
5. младшая сестра девочек
6. младшая сестра мальчиков

4. Сергіту сәті. "Көңілді күн" (тақтадан видео қимылдар көрсетіледі)

V. Жаңа сабақты бекіту.

1. Сұрақ – жауап.

22 бет, 2-тапсырма. Мәтін бойынша сұрақ қойып үйрен.

- Біздің отбасымыз (қандай?)
- Отбасында (неше?) адам бар
- Әкең (қайда?) жұмыс істейді?

VI. Сабақты қорытындылау.

- Қожанасыр ата: Жарайсындар, балалар! –келесі кездескенше сау болыңдар.



VII. Үйге тапсырма беру. 23 бет, 5-тапсырма кітап, дәптер сөздеріне тәуелдік жалғауын жалғап жазып келу.

VIII. Білімдерін бағалау. Оқушыларға бағалау парағы таратылады, спикерлердің басшылығымен бірін-бірі бағалайды. Соңында мұғалімнің қорытынды бағалауы жүреді.

Қорытындылай келгенде, оқушыларды функционалдық сауаттылыққа баулу бір ғана сабақтың еншісінде емес, үнемі үздіксіз ізденісті, тынымсыз еңбекті талап етеді. Қай пәннің мұғалімі болмасын, оқушының білім алып қана қоймай, сол алған білімін ертеңгі күнде кезкелген ортада қолдана алатын, өз пәнінің шебер де білгір маманы болып шығуы үшін жауапты. Сондықтан да ел болашағы үшін білімді де білікті, тәрбиелі, рухани жан дүниесі бай оқушыларымыз болса, болашағымыздың жарқын болатынына сенім білдіреміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Жаңа әлемдегі Жаңа Қазақстан. Елбасы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. Өскемен қ, 15 наурыз, 2007 ж.
2. «Қазақстан – 2050» стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. Ақиқат, 2013 жыл, №1.
3. ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты. - Астана, 2006.
4. Әлем халықтарының ертегілері. Жинақ. Алматы, 2007.
5. 12 жылдық оқыту мәселелері. Қазақстан Республикасында жалпы орта білім беру жүйесін дамытудың негізгі бағыттары. - Астана, 2006.

ӘСКЕРИ ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕЛЕУ-ПАТРИОТТЫҚ ТӘРБИЕ БЕРУДІҢ НЕГІЗІ

Касенов К.Т.

*Қазақстан-Американдық еркін университеті колледж, Өскемен,
Қазақстан*

Еліміздің президенті Нұрсұлтан Назарбаев: «Қазақстандық отаншылдық сезімін тәрбиелеу - білім берудің мектепке дейінгі жүйесін жоғары оқу орындарына дейінгі деңгейде барлық ұйымдарда көкейтесті болып табылады. Балаларды Отанды, туған жерді, өзінің халқын сүйуге тәрбиелеу - мұғалімнің аса маңызды, аса жауапты да қадірменді парызы» деген еді. Әр дәуірдің тарихи кезеңдерінде отансүйгіштікке тәрбиелеудің өзіндік мүдделері болады. Ол ең алдымен ұлтжандылық, Отансүйгіштік, патриотизм ұғымдары сол заманның наным – сенімінен туындайтын ақиқаты. Еліміз егемендік алғаннан бері жас ұрпақ тәрбиесінің темірқазығы-қазақстандық патриотизм болды.

Өз отанының патриоты болу-бұл Қазақстанды өз жүрегіне ұялату. Оқушыға мемлекеттік белгілердің аса маңызды екенін, оны ерекше құрметпен мақтан тұту керектігін түсіндіре отырып, ой-өрісін кеңейтіп, сана-сезімдерін Отанды сүю, халқымыздың игі дәстүрлерін құрметтеу рухында тәрбиелеуіміз қажет.

Н.Ә. Назарбаев жолдауында: «Егер мемлекет әр азаматтың өмір сапасына, қауіпсіздігіне, тең мүмкіндіктеріне және болашағына кепілдік беретін болса, біз елімізді сүйеміз, онымен мақтанамыз. Осындай тәсіл ғана патриотизмді және оны тәрбиелеу прагматикалық және шынайы көзқарасты оятады. Әрбір қазақстандық биліктің қолдайтынын

және тірек екенін сезінуге тиіс» делінген.

Патриот болу дегеніміз нені білдіреді? Ол тек қана жерін, елін сүю емес, сонымен бірге өзінің іс-әрекеті арқылы көрсете білу. Патриот – патриотизммен жанданған немесе қандай да бір іске берілген, жан-тәнімен ісін сүйетін адам.

Патриоттық сезімнің қайнар көзі – Отан, оның мазмұны туған жер, табиғат, оның байлықтары, тілі, тарихы, ескерткіштері, дәстүрлері, мәдени мұралары және Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандары, саяси және рухани жағынан пайымдаудан басталады. Мемлекеттік нышандардың көмегімен оқушылардың еліне деген мақтанышы мен патриоттық сезімнің қалыптастыруына ықпал етеді. Оқушыға мемлекеттік белгілердің аса маңызды екенін түсіндіре отырып, оны ерекше құрметпен мақтан тұту керектігін айта отырып, ой – өрісін кеңейту арқылы сана – сезімдерін Отанды сүйуге-халқымыздың игі дәстүрлерін құрметтеп өсуіне тәрбиелеуіміз керек.

Қазақстан – ұшқан құстың қанаты талатын ұлан – ғайыр аумағы бар егеменді мемлекет. Көлемдігі бойынша дүние жүзінде 9 орында. Жер көлемі 2, 7 мың шаршы шақырым. Солтүстіктен оңтүстікке 1600 шақырым, шығыстан батысқа 3000 шақырым. Табиғи және қазба байлықтарға бай. Сондықтан осы ұлан – ғайыр аймақты сақтап қалу үшін рухы биік, өз Отанын шынайы сүйетін болашақ ұрпақты қалыптастыру біздің негізгі парызымыз!

Еліміздің ата Заңының үшінші бөлімі 36 бабында «Қазақстан Республикасын қорғау – оның әрбір азаматының қасиетті парызы мен міндеті»деп атап көрсетілген. Отанның лайықты қорғаушысы болу – күрделі іс, сондықтан әрбір жасөспірім мектеп, колледж қабырғасынан бастап өзін әскери қызметке дайындауға, өз Отаны Қазақстан Республикасы мен оның халқы алдындағы азаматтық жауапкершілігін кәміл ұғынуы тиіс. Алғашқы әскери дайындық пәнінің алаиын орны ерекше себебі – жастарды қазақстандық патриотизм мен интернационализмге демократиялық қоғам ісіне шексіз берілгендіктен Отанға, Қарулы Күштерге деген сүйіспеншілік, әскери борышты мүлтіксіз орындауға әзірлік рухында тәрбиелеуге бағытталған. Жыл бойында ұйымдастырылатын әскери – патриоттық жұмыстар оқушылардың бойында туған жерге, Отанға, әдет – ғұрыпқа деген сүйіспеншілігін арттырып, қазақ халқының ұлттық тәрбиесінде бар ұлтжандылық, қайсарлық қасиеттерін қалыптастыруға әсерін тигізеді.

Әскери патриоттық тәрбиелеу-азаматтарға патриоттық тәрбие берудің негізгі бөлігі. Әскери патриоттық тәрбие беру - еліміздің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін сенімді қорғаудың міндеттерін шешу үшін қажетті, патриоттық және рухани - психологиялық қасиеттерді қалып-

тастыруға міндетті. Әскери патриоттық тәрбиелеудің мақсаты – азаматтардың патриоттық парыздың терең түсінігін, Отан қорғауға дайындығын қалыптастыру және де еліміздің тұтастығы мен бірлігін нығайту, Қазақстан халықтарының достығын сақтау міндеттерін шешуге қабілетті азаматтарды тәрбиелеу. Жастарды Отанды қорғауға даярлау, жас азаматтардың патриоттық тәрбиесінің танымдары мен мінездерін қалыптастыру күрделі және сан түрлі процесс. Студенттің дүниетанымын, білімін, көзқарасын қалыптастыруда колледж шешуші рөл атқарады. Ер жүрек адамды, табанды күрескерді тәрбиелеу осы кезден басталады. Әскери-патриоттық тәрбие - жас өренді Отанды қорғауға ұдайы әзір болуға моральдік жағынан даярлау ұстаздардың құзырында. Жасөспірімдерді өз Отаны-Қазақстан Республикасы мен оның халқы алдындағы жауапкершілігін қғындыру АӘД пәнінің негізгі міндеті. Пәнді оқытудағы негізгі мақсат жастарды қазақстандық патриотизмге, Отанға, Қарулы күштерге деген сүйіспеншілік, әскери борышты мүлтіксіз орындауға әзірлік рухында тәрбиелеуге бағытталады. Патриоттық сезімнің нысаны Отан десек, оның негізі туған жер, ұлттық тіл, дін, дәстүр, олардың адамға жылылық беріп, ізгі ерлік істердің қайнар көзіне айналуы патриотизмге тәрбиелеудің арқауы болып табылады.

Жастарды отансүйгіштікке тәрбиелеуді нысаналы дамыту арқылы азаматтардың бойында жоғарғы патриоттық сананы, өз елі үшін мақтаныш сезімін қалыптастыру, қазіргі заманғы сауатты, бәсекеге қабілетті, өз елінің шынайы патриоттарын тәрбиелеу мен оқыту біздердің-алғашқы әскери дайындық пәнінің мұғалімдерінің өзекті және негізгі міндетіміз болып табылады. Қазақстан Республикасының - «Білім туралы заңы» және «Білім стандарттарының талаптары» бізге осы саладағы барлық мамандарға, бүгінгі оқушылардың ертеңгі тәуелсіз Қазақстан Республикасының азаматтарын елін, Отанын, халқын сүйетін тұлға ретінде қалыптастыруға және заман талабына сай білім беруге міндеттейді. Алғашқы әскери дайындық пәні мұғалімдері Білім берудің 2011-2020 жылдарға арналған бағдарламаны басшылыққа ала отырып, оқыту үрдісіне жаңа педогогикалық технологияларды халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық-салт дәстүрімен, халық ауыз әдебиетінің інжу-маржандарымен, ән-күйлерімен біріктіре отырсақ, әрбір оқушы өзіне қажетті білім мен патриоттық тәрбие алады.

Елбасымыздың «Тарих – халықтың пердесі, ол содан қуат алып болашаққа бағыт алады. Жастардың тарихи санасын қалыптастыру – олардың төл тарихына құрметпен қарауынан басталады. Өткен тарихымызға тағзым да, бүгінгі бақытымызға мақтаныш та гүлденген келе-

шекке сенім де «Мәңгілік Ел» деген құдіретті ұғымға сыйып тұр. Отанды сүю – бабалардан мирас болған ұлы мұраны қадірлеу, оны көздің қарашығындай сақтау, өз үлесінді қосып, дамыту және кейінгі ұрпаққа аманат етіп, табыстау деген сөз. Барша қазақстандықтардың жұмысының түпкі мәні осы!» дегеннің мағынасы терең, тәрбиелік мазмұны жоғары деп ойлаймын.

«Тәрбие тал бесіктен басталады» демей ме дана халқымыз. Ұлтымыздың болашағын ойласақ патриоттық тәрбие осы тәрбиенің негізі демекпін.

Оқушылардың бойына қайсарлық, батылдық және патриоттық сезімді қалыптастыруда тарихи тұлғаларды, оның ішінде әскери қолбасшылардың белгілі бір тарихи оқиғаларға байланысты көрсеткен ерліктері мен соғыс тактикасындағы қолбасшылық өнерлерін дәріптеу оқушылардың жадында қалары сессіз. Мысалға, жас ұрпаққа өнеге болатын аттары аңызға айналған батыр бабаларымыз – Бауыржан Момышұлы, Қасым Қайсенов, Талғат Бигелдинов, Рақымжан Қошқарбаев, Әлия Молдағұлова мен Мәншүк Мәметова апаларымыз және тағы басқалары болмақ. Сабақты талапқа сай ұйымдастыру, оқыту әдістерін жаңаша түрлендіріп өткізудегі мақсат білім мен бірге қоса патриотизмді қалыптастыру, Абай атамыз айтқандай, ұлттық қадір қасиетімізді арттыру.

Әскери - патриоттық тәрбие жасөспірімдерді еліне деген сүйіспеншілікке, ұлттық армия сапында адал қызмет атқаруға, адамгершілік қасиеттерді бойына сіңіруге баулиды. Оларды саяси-идеялық жағынан шыңдап, бүгінгі қоғамның мұраттарына сенімі мол саналы азаматтар даярлауды әскери жетекшілер өздерінің қасиеттері борышы деп санайды. Мұндай күрделі мақсаттарда іске асыруда тәлім-тәрбие жұмыстарының түрлері де әр сан алуан.

Оқу бағдарламасының талаптарына орай, өзге оқу пәр дері сияқты шәкірттердің алғашқы әскери даярлық пәнн де тиянақты меңгеріп, адамгершілік құндылықтарды жоғары бағалайтын, ұлтын, Отанын, тілін ардақтайтын ұрпақ тәрбиелеуге баса көңіл аударманы. Жасөспірімдердің қыры мен сыры мол әскери мамандыққа мектептен және колледжден бастап даярлау – қоғам мен ұлттық армия алдындағы әлеуметтік міндет және азаматтық борыш.

Патриоттық тәрбие мұғалімнен білікті, әдістемелік шеберлікті талап етеді. Сондықтан да әрбір өтілген материал әр оқушының санасына, сезімдене, ішкі жан дүниесіне әсер етіп, оны ойландырып, тебіреніске жетелеуі тиіс деп ойлаймын. Өзімнің сабақтарымда мен алдыма осындай мақсаттар қоямын. Сабақтың білімділік, тәрбиелік және дамытушылық міндеттерін белгілей отырып, оқулықтағы материал

жеткіліксіз болса, онда қосымша материалдар жинастырып, оны жаңа сабақтың қай кезеңінде және қандай әдіс-тәсілдердің көмегімен пайдаланатынымды жоспарлаймын.

Менің жеке ұстанымым - әрбір оқушы, студентті оның жеке қабілеті мен мүмкіндігіне сәйкес терең зерттей отырып, оның бойында қазақстандық патриотизм, отансүйгіштік сезімін қалыптастыру.

Тәуелсіздік алып, өзіміздің төл Қарулы Күштерімізді құрағанымызға 24 жылдан асып, әскеріміз де еңсесін көтеріп келеді. Ал осы әскерді дайындықсыз елестету мүмкін емес. Отанды қорғау – әрбір Қазақстан азаматының қасиеті борышы.

Осы жоғарыда баяндалғандай патриоттық сезімдерді жеткізе білсек, барлық адамның көкейіне патриотизм туралы ой сала білсек, үлгі көрсетсек, атақ та, даңқ та, құрмет те, бақта Отанды сүюден басталады десек, онда заманға сай, қоғамға керекті азамат, отан сүйгіш, ел сүйгіш азамат, елге қызмет ететін қайраткер тәрбиелейміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. «Алғашқы әскери дайындық. Өмір қауіпсіздігі негіздері «Начальная военная подготовка. Основы безопасности жизнедеятельности» әдістемелік журнал 2014, №5. 2013, №3.
2. ҚР президенті Н. Ә. Назарбаевтың «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» халыққа жолдауы, 2014.
3. Жастарды патриотизмге тәрбиелеу – мұғалімнің басты міндеті. // Қазақстан орта мектебі. 2010ж. №9

ПЕДАГОГИКА МЕН ПСИХОЛОГИЯДАҒЫ ОТБАСЫ МӘСЕЛЕСІ

Бакытбекқызы Б., Саданова Ж.К.

Қазақстан-Американдық еркін университет, Өскемен, Қазақстан

Отбасы - қоғамдық қатынастар мен процестердің алуан түрлі формалары біртұтас болып ұштасатын кешенді әлеуметтік құбылыс болып табылады. Сондықтан да әлеуметтік құбылыс бола отырып, ол адамзат өмір сүру жағдайына қарай құрылып, оның дәстүрлері мен әдеттері ғасыр өткен сайын жаңа сипатта көрініс береді. Отбасын әлеуметтану ғылымында былай деп көрсетеді «отбасы дегеніміз – тарихи өзгеріп отыратын әлеуметтік топ, оның жалпы белгілері – бөтен адаммен жыныстық байланыс орнату, туысқандық қатынастар жүйесі, адамның жеке-дара адамгершілік сапаларын қалыптастырып дамыту,

белгілі бір экономикалық қызметті іске асыру». Яғни, адамзат отбасын құра отырып, сол шағын мемлекетке әлеуметтенеді, отбасылық құндылықтар қалыптастырады және әдет-ғұрып дәстүрлерін дамытады. Отбасының жоғарыда келтірілген анықтамасы бойынша, ол - отбасындағы қатынастар, отбасының құрылымы мен формасы тарихи өзгеріп отыратын әлеуметтік топ.

Ең алдымен біз жастар тәрбиесіндегі отбасының рөлін айқындап алайық. Әдебиеттерде көрсеткендей, “Отбасы – жанұя, үй деген сөздің синонимі”, яғни бір оттың (ошақтың) басында өмір сүріп жатқан қандас адамдар жиынтығы. Бір оттың басында өмір сүруге дайындық физиологиялық және психологиялық тұрғыдан негіздеуді қажет ететіндігі сөзсіз. Ер адам мен әйел адамның сезімдерінен туындаған шешім мен жауапкершілікті ұғыну негізінде отбасылық өмір бастала отырып, ұрпақ жалғастыру процесі жүзеге асады.

Кейбір ғылыми зерттеулерде, отбасыға мынадай анықтама берілген: қазіргі заманғы отбасы – ерлі-зайыпты екі адамның арасындағы некеге құрылған негізгі әлеуметтік топ, отбасыға сонымен бірге ұрпақтары (ұл-қыздары) да кіреді. Отбасының негізгі функцияларының қатарына мыналар кіреді: өмірге бала әкелу, оны тәрбиелеп, өсіру, ең бастысы ерлі-зайыптылар жыныстық қарым-қатынас қажеттілігін және эмоциялық сезімдерін және басқа ішкі және сыртқы (әлеуметтік, экономикалық) мұқтаждықтарын өтеу.

Көптеген зерттеулерде отбасына деген жағымды қатынас таныту балалық шақтан қаланады деп тұжырымдалады. Балалық шақта адамгершілік қасиет ата-ананың балаға қатынасына және олардың өз басына деген қатынасына тәуелді болып келеді. Балалық шақ онтогенезде даму барысында адам өмірінің маңызды кезеңі. Тұлғаның балалық шағының өту жағдайына байланысты, яғни оның санасы мен жүрегіне қоршаған әлемнің әсер етуіне қарай бүгінгі нәрестенің ертеңгі болмысы қалыптасады. Қазақ халқы отбасы тәрбиесіне ерекше мән беріп, «он үште- отау иесі» деген. Ерте кезде қазақ отбасыларында қыз баланы 3-5 жастан анасы қасына алып, үйдің жұмысына араластырса, ұл балаларды аңшылық, мал бағу сияқты түздің тірлігіне араластырған. Осы орайда, қазіргі өмір тіршілігіміз мүлде басқа сипатта. Сондықтан отбасында әке мен ананың қарым-қатынасы тұлғаның болашақтағы отбасы егесі ретінде қалыптасуының негізі болып табылады. Ал, қазіргі таңдағы ересек азаматтардың өзі отбасылық жауапкершілік пен міндеттерді дұрыс түсінбеуінен қаншама шаңырақ шайқалып жатқаны белгілі.

Әрдайым отбасы мүшелері тұлғаның ең алғашқы қоғамдық ортасы мен өмір тәжірибесін жинақтау мектебінің ұстазы болып табы-

лады. Бұл жағдайда отбасы қарым-қатынасында жағымды сезімдер оның мүшелерін көркемдейтін болады. Отбасы әлеуметтік институттың алғашқы сатысы болғандықтан тұлға өмірін әрдайым қолдап отыруы қажет. Себебі, осы әлеуметтік ортада әр баланың ата-анаға деген сүйіспеншілігі шексіз, шартсыз, кіршіксіз болып табылады. Егер бала өмірінің алғашқы жылдарында ата-анасының сүйіспеншілігі оның өмірі мен қауіпсіздігін қамтамасыз етсе, өсе келе ата-ана махаббаты адамның ішкі, эмоциялық және психологиялық әлемінің қауіпсіздігі мен қолдау қызметін атқарады.

Ата-ананың махаббаты – адамның жан және тән саулығының, рухани байлығының және берекесінің сапа көрсеткіштері мен қайнар көзі болып табылады. Дәл осыдан ата-ананың бірінші және негізгі міндеті баланың көзқарасында оны жақсы көретіні туралы сенімділікті қалыптастыру болып табылады. Қандай жағдай, қандай күйде болсын балада ата-ана сүйіспеншілігінен еш күмән болмауы тиіс. Ұрпағына қай жас кезеңінде болмасын әрқашан мейіріммен, ілтипатпен және ізгілікпен қарау – ата-ананың табиғи да ең керекті міндеттерінің бірі.

Ата-ана сүйіспеншілігіне сенімділікті ерекшелеу бала тұлғасында кейбір жағдайларға байланысты қажеттілік тудыратындығы белгілі. Қазіргі таңда өсе келе бала ата-анасынан бөлек кететін жағдайлар сирек кездестіріп жүрміз. Бұл жағдайда баланың ең жақын адамдарымен эмоциялық байланыстары үзіліп, психологиялық, ішкі жан дүниелік жағынан алшақтайды. Қазіргі таңдағы зерттеулерге сүйене отырып, психологтар жеткіншектік кезеңдегі маскүнемдік пен нашакорлықтың астарында көбіне ұрпағын сүймейтін ата-аналар жатқанын дәлелдеген. Нарық жағдайында, материалды құндылықтар басым болып тұрған уақытта отбасылық тәрбиеге негізгі психологиялық талап – махаббат болып табылады. Яғни, баланы сүйіп және күнделікті соны жетекшілікке алып қоймай, сонымен бірге баланың өзі қандай қиындықтар мен қақтығыстар, жанжалдар туындатып отырса да, тіпті ол өзара қарым-қатынаста болмасын, мейірімін, олардың оған деген кіршіксіз махаббатын, жылуын үнемі сезінуі керек. Тек осы жағдайда ғана адамның ішкі әлемі дұрыс қалыптасып, сүйіспеншілік негізінде ғана адамгершілік құлықты іс-әрекет жасалады, ал сүйіспеншілікке тек сүйіспеншілік ғана үйретуі сөзсіз.

Қоғамдағы түбегейлі бетбұрыстарға орай, отбасылық қарым-қатынас сипатында, оған деген көзқарас жаңа сипатта көрініс беріп жүр. Ғылыми-экономикалық даму жағдайында ата-ана өз сезімдеріне, жүрегiнің үніне, өз баласының қабілеттеріне сенімділікпен арқа сүйеуі керек. Осы орайда, ата-ана тәрбиенің қандай жүйесін ұстануына тек өзі ғана шешім жасауы тиіс. Бұл жағдайда баланың жараланғыш нәзік

жүрегі үшін оның отбасында сүйікті екенін сезіну, ата-анасы үшін қымбат екенін ұғыну болып табылады.

Ғылыми зерттеулер көрсеткендей, өскелең ұрпақтың қалыптасуындағы отбасының маңызды рөлі оның бала дамуындағы әсерін және қайталан бастығымен, даралығымен және жақындығымен анықталады. Шын мәнісінде ата-анадан жақсы баланы ешкім біле алмайды. Жоғарыда атап өткендей біз жастарды отбасылық өмірге психологиялық дайындауда балалық кезеңдегі отбасы ішілік қарым-қатынасқа тікелей байланысты жағдайларды сипаттап отырмыз.

Ата-ана тәрбиесі негізінде отбасында тұлғаның адами сапалары қалыптасады. Бұл адами сапаларға адамгершілік, қайғыра білу, сөйлеу мәдениеті, зейінділік, мақсаттылық, инабаттылық, ізгілік және т.б. қасиеттер кіреді. Керісінше, ата-ана стиліне қарай, отбасы ішілік қарым-қатынасқа байланысты өзімшілдік, қаталдық, үлкенге деген дөрекілік, қоршаған ортаға салғырттық, жауапсыздық және аяусыздық сияқты жаман қылықтар да дамиды сөзсіз. Осы орайда, ұрпағының тұлғалық сапаларын қалыптастыру мақсатында ата-аналар әр жағдайда отбасылық салт-дәстүрді ұстанып, өз ата-анасына құрметпен қарап, баласына боларлық тәрбиеші болып, шыншылдық, адалдығын көрсетіп, оны жетілдіруі керек.

Жалпы алғанда, әлемде мекендейтін тіршіліктің ішіндегі ең әдемі де қорғансыз тіршілік иесі - бұл адамзат болып табылады. Адам баласы тұлғалық дамып, әрі жетіліп өзіндік өмірге тән мен жан үйлесімдігіне жету үшін және әлеуметтік күрделі қатынастарға дайындалуы үшін шамамен екі он жылдықтай керек. Осы онжылдықтар адамға білім алып, тәжірибе жинап, мамандық алып, еңбек әрекетіне қатысып, қоғамда өз орнын табу үшін маңызды болып келеді. Сондықтан әрбір кезеңдегі тұлғалық дамуды ғылыми тұрғыда зерттеу маңызды мәселелердің бірі. Біздің зерттеуіміздің басты мәселесі болып табылатын студенттерді отбасылық өмірге дайындау өзінің құндылығымен алға шығады.

Белгілі ғалым, гуманистік психологияның негізін салушы А. Маслоу тұлғаның сәтті дамуы үшін оның қажеттіліктері өтелуі тиіс деген тұжырым жасайды. Бұл қажеттіліктердің қанағаттандырылу деңгейі оның қалыпты дамуына, құрдастарынан қалмай жетілуіне немесе оның қате жолға түсуіне әсер етеді. Сонымен қатар, баланың жеке тұлға ретінде қалыптасып, қоғамда өз орнын табуына мүмкіндік береді. Айтылып отырған мәселе тікелей оның ата-анасының қатынасына тәуелді болып келеді.

Бүгінгі күні отбасылық өмір сүру жағдайлары түрлі сипатта көрініс беріп отырған жайы бар. Отбасында ерлі-зайыптылардың бірге

тұруы, олардың ара қатынасын айналасындағылардың «жақсы» деп бағалауы некеде де бақыттылығын білдіре бермейді. Отбасы өмірінің астарында қитұрқылардың әртүрі болады: сырттай тату болып есептелетін отбасыларда ерлі-зайыптылардың бір-бірін жек көріп, рухани салқындық байқалуы мүмкін.

Қазіргі таңда көп белең алып отырған ажырасуға аз қалған ерлі – зайыптар түрлі ойлардан бірге тұра береді. Біреудің қызмет беделіне нұқсан келмес үшін, екіншілерін–белгісіз тұманды болашақ үрейлендіреді, үшіншілерін–бала алдындағы борышын өтеуде отбасы маңызды деп есептейді. Алайда мұндай позиция көп таралған адасуларға алып келеді.

Әке мен ана отбасында баланың бойында белгілі бір қасиеттердің дамуына негіз болады. Бала өзін әкесі сияқты көріп, өзін сол сияқты сезінеді, өзінше оның күшін, сенімділігін, ересектігін алғандай болады. Ол балаға жанына рухани тепе-теңдік пен сабырлық қалыптастыруға көмектеседі.

Отбасы нақты қоғамда өмір сүретін болғандықтан оның жалпы сипатымен қатар, өзі өмір сүретін әлеуметтік қатынастардың мазмұнына сәйкес ерекше белгілері де болатыны анық.

Отбасы туралы философ, педагог, психолог, әлеуметтанушы, мәдениеттанушы және т.б. ғалымдар анықтама беріп, еңбектер жаза отырып, осы мәселенің негізін қалаған. Айталық, әлеуметтанушылардың пікірінше, отбасы бұл қоғамның ажырамас бөлігі, оны тар мағынада қолдану мүмкін емес десе, ал психологтар отбасы бұл әлеуметтік институт, қоғамның бастауыш ұйымы, бірігіп шаруашылық жүргізетін және өмір сүретін кіші топ деп қарастырады.

Әлеуметтік институттардың бірі ретіндегі отбасының бала тәрбиесінде рөлі төмендегідей:

- бала тәрбиесінде отбасы басқа әлеуметтік институттарда жүргізілетін тәрбиелік ықпалдарға қарағанда басым болып келеді;

- жаһандану жағдайындағы өркениетті, зайырлы, құқықты мемлекеттің азаматын тәрбиелеуде отбасы қоғамның негізгі буыны болып табылады;

- отбасы өскелең ұрпақтың бойында ең құнды адамгершілік қасиеттерді қалыптастыратын қоғамның ажырамайтын басты әлеуметтік институт;

- отбасының ең басты міндеттерінің бірі жеке тұлғаны әлеуметтенді. Ол өскелең ұрпақтың дене жетілуіне, шынығуына, рухани және адами дамуына, ең құнды жалпы адамзаттық құндылықтарды және ұлттық рухани байлықты бағалауға, еңбек ету дағдысын тәрбиелеуге ықпал етуші;

- отбасы бала тәрбиесінде адамзат қоғамының тарихындағы ғасырлар сынынан мүдірмей өткен ұлттық дәстүрді жалғастырушы;
- отбасының әлеуметтік міндеттерінің өзегі тәуелсіздікке ие болған ҚР мемлекеттік заңдарын құрметтеуші, елжанды азамат тәрбиелеу;
- отбасы баланың мамандықты еркін және саналы таңдауына ықпал жасаушы.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н.Ә. Ғасырлар тоғысында. - Алматы, 1996.
2. Торыбаева М.З. Жасөспірім оқушылардың салауатты өмір салтын қалыптастырудағы мектеп, отбасын және қоғамдық қауымның бірлескен жұмысы. Автореф. канд. дис. -Алматы, 2004.
3. Социальная психология детства: развитие отношений ребенка в детской субкультуре. - М., 2000.
4. Ковалев С.В. Психология современной семьи. - М., 1988.
5. Варга А.Я. Системная семейной психотерапия // Журнал практической психологии и психоанализа, 2002.№ 2. - С. 7-13.
6. Немов Р.С. Психология: Кн. №1. - М.: ВЛАДОС, 1997.
7. Васильева Н.Л. Процесс индивидуализации как условие нормального развития семьи // Семейные психотерапевты и семейные психологи: Кто мы? - СПб., 2001.
8. Қазақстан-2030 бағдарламасы.
9. Семья сегодня / Под ред. Т.М. Афанасьевой. - М., 1977.

ҰЖЫМДЫҚ ТҮСІНУ МЕН БІЛІМ БЕРУГЕ ҚОЛ ЖЕТУ АЯСЫНДАҒЫ ТАБЫСТЫ ТАЛҚЫЛАУЛАРДАҒЫ ЗЕРТТЕУШІЛІК ӘҢГІМЕНІҢ МАҢЫЗЫ

Зейнекәрімқызы А.

*«Оспанқұл Меңаяқұлы атындағы жалпы білім беретін орта мектеп»
КММ, Баршатас а., Аягөз ауд., Қазақстан*

Елбасы Н.Ә. Назарбаев: «Еліміздің ертеңі – бүгінгі жас ұрпақтың қолында. Жас ұрпақтың тағдыры – ұстаздардың қолында», - деген қанатты сөзі әр ұстазға ой салуы керек. Бала тәрбиесіне, оның білім алуына немқұрайлы қарау – білім алушының тағдырына ғана емес, еліміздің өркендеуіне жауапсыздықпен қарау деген сөз.

Шәкірттерге сапалы білім беруде жаңа инновациялық технологияларды меңгеріп, құзіреттілігін дамытып, өз тәжірибесінде шебер-

лікпен қолдану – барша педагогтардың міндеті. «Қандай мектептің болсын, басты нысаны – оқушыларға сапалы білім, салиқалы тәрбие беріп, оларды білімді, еңбекшіл етіп тәрбиелеу», - деп А. Байтұрсынов айтқандай, берілетін білім мен тәрбие егіз болуы шарт.

Бала тәрбиелеудегі оқыту үрдісінде білім ошақтарының маңызы басым, ал білім ошағының озық тұруы білім беретін ұстаздарға байланысты. Бүгінгідей жаһандану заманында өзгерістер көшіне ілесіп, заман талабына сай болу және ғаламдық өркениеттен қалып қоймайтындай шәкірт оқытып тәрбиелеу үшін ұстаздардың өзі көш алдында жүруі керек. Ал ол үшін не істеу керек? Әрине, іздену керек, білімін жетілдіру керек. Осы тұста атақты педагог К.Д. Ушинскийдің: «Мұғалім – өзінің білімін үздіксіз көтеріп отырғанда ғана мұғалім, ал оқуды, ізденуді тоқтатқанда, оның мұғалімдігі де жойылады», - деген сөзі ойға оралады.

Іздену мен білім жетілдірудің де түрлі жолдары бар. Солардың бірі – деңгейлік оқыту бағдарламасы бойынша білім жетілдіру. Педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру мақсатындағы Екінші (негізгі) деңгей бағдарламасы сындарлы оқыту теориясына негізделген. Бұл бағдарламадан күтілетін нәтижелер – оқушыға қалай оқу керектігін үйрету арқылы өз пікірін еркін жеткізе алатын, өзіне деген сенімі зор, сыни көзқарастары дамыған, әр істе құзыреттілік таныта алатын оқушыны қалыптастыру. Бұл бағдарламаның мазмұны оқытудың жеті модуліне негізделген. Олар:

- оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер;
- сыни тұрғысынан ойлауға үйрету;
- оқу үшін бағалау және оқуды бағалау;
- АКТ-ны қолдану;
- талантты және дарынды оқушылармен жұмыс;
- оқушыларды жас ерекшеліктеріне байланысты білім беру және оқыту;
- білім берудегі басқару мен көшбасшылық.

Жоғарыда аталған модульдер бір-бірімен аса тығыз байланыста. Бұл күнде сабақ беру тәсіліне жаңа әдіс-тәсілдер мол енгізіліп, оқытудың жеті модулін тиімділігіне қарай өз тәжірибелерінде ықпалдастыра қолдануда. Мұндағы негізгі мақсат: оқушылардың сабаққа деген ынталарын, білімдерін көтеру және олардың өздеріне деген сенімділіктерін арттыру, шығармашылық жұмыстарға баулу. Ал сындарлы оқытудағы ұстаздардың міндеті - оқушыларды сыни тұрғыдан ойлауға жетелеу және әр оқушының сыни ойлау дағдыларын дамыта түсуге бағыт-бағдар беру.

Қазіргі таңда топтық жұмыстар арқылы сабақ жүргізуде бірлес-

кен оқудың мәні ашылуда. Топтық жұмысты қолдану барысында тәжірибеге өзгерістер енгізілді. Ал өзгерістерді енгізу мұғалімнің тәжірибесін жетілдіреді.

«Сыни тұрғыдан ойлауға үйрету» модулі оқушылардың сондай-ақ мұғалімдердің де сыни тұрғыдан ойлауын арттырады. Бұл модуль арқылы оқушылардың ойлана білу қабілеті, өзіндік идеясының қалыптасуы және өзгелердің айтқан идеясына күдікпен қарауы айқындала бастайды. Өзіндік пікірі қалыптасқан оқушы басқаның ойымен келісе бермейді. Өзінікін қалай да дәлелдеуге тырысады. Осы арқылы оқушылардың ой өрістері де дами түседі. Яғни, бұның барлығы диалогтік оқыту арқылы іске асады.

«Диалогтік оқыту» - «мұғалім-оқушы», сондай-ақ «оқушы-оқушы» арасында шығармашылықпен өтетін, өз пікірін негізді, тұжырымды түрде білдіруге жетелейтін әңгімені ынталандырып, қуаттайтын оқыту әдісі. Оқушыларды ынталандыру және дамытуда әңгіменің рөлі зор. Себебі оқытудағы әңгіме – қарым-қатынас жасаудың бірсарынды үдерісі емес, керісінше, әңгіме барысында идеялар екі жақты бағытта жүріп, соның негізінде оқушының білім алу үдерісі алға жылжитын белсенді үдеріс (МАН-97). Соның нәтижесінде оқушылар бірлескен топтағы әңгіме арқылы проблеманы шешуде нәтижеге жету үшін бар күш-жігерін жұмсауға тырысады. Осы диалогтік оқытудағы Мерсер анықтаған әңгіменің 3 түрінің ішіндегі зерттеушілік әңгіме тиімді әдіс. Себебі оқушылар зерттеушілік әңгімеге тартылғанда идеялармен пікір алмасып, бір-бірінің идеяларын талқылайды, баға береді; талқылау кезінде «мүмкін», «егер», «бәлкім» деген сияқты сөздерді қолданып, өз идеясын дәлелдеу үшін «сондықтан» деген сөзді пайдаланып, топ тарапынан қолдау қажет болғанда «Солай емес пе?» деген сұраққа сүйенеді (МАН-98). Нәтижесінде ұзақ талқылаудан кейін топтағы оқушылар өзара келісімге жетуге тырысады.

Кез-келген ұстаз өз сабағынан нәтиже күтері сөзсіз. Сабақта диалогтік оқыту модулінің мынадай стратегияларын тиімділігіне қарай қолдандық: «Тыңдап отырған үштік», «Еркін талқылау», «Ойлан-жұптас - бөліс», т.б. Бұл стратегиялар - оқушылардың тақырыпты өз бетімен меңгеруіне және әңгімелесу дағдыларының артып, топта зерттеушілік әңгіменің өрбуіне өте қолайлы деп ойлаймын. Өйткені зерттеушілік әңгіме - мұғалімдердің оқушыларды әңгімеге тарту кезінде дамыту қажет болып табылатын оқытудың түрі (МАН-98). Осы стратегиялар арқылы оқушылар проблеманы өздері шешіп, зерттеушілік әңгіме арқылы өз ойын жүйелі жеткізе білу қабілеттерін дамытады. Оның дәлелі: 9-сыныпта қазақ әдебиеті пәнінен «Әйтеке би» тақырыбын өткенде сабақтың қолдану бөлімінде "Ақындар" тобына: 1 балаға

таласқан 2 адамның дауын, "Ғалымдар" тобына екі жүздің билері төрелік ете алмаған жесір дауының шешімін сендер қалай шешер едіңдер? деген тапсырма берілді. Табыс критерийі - би-шешендер сияқты бітім айта алуға негіздеу. Тапсырма «Тыңдап отырған үштік» стратегиясы арқылы орындалды. Бұл стратегияның ерекшелігі оқушылар үшеуден отырады, екеуі қарсы, ал біреуі сәл алшақта – сөйлесуге қатыспайды, бірақ бақылайды. 1-оқушы: сөйлеуші, сұрақты түсіндіреді немесе пікірін білдіреді; 2-оқушы: сұрақ қоюшы, көмектесіп айтып отырады және түсініктеме беруді сұрайды. 3-оқушы: бақылаушы, қажетті жерлерін түртіп алып, соңында қорытынды жауапты айтады. Топта бұл тапсырманы талқылауға 10 минут уақыт берілді. «Ақындар» тобы: 1 балаға таласқан 2 адамның дауын: егер біз би болып төрелік айтар болсақ: баланы садақпен атуға қимай тұрған анаға берер едік деп, өз жауаптарын айтты. Содан кейін бейнежазбадан дұрыс нұсқасы көрсетіліп, оқушылар дұрыс шешім қабылдағандарына риза болды. Ал «Ғалымдар» тобы: екі жүздің билері төрелік ете алмаған жесір дауын былай шешер едік: жылқысын да, жесірін де өздеріне қайтарып береміз, - деп өздерінше шешім қабылдады. Нәтижесінде 2 топта да зерттеушілік әңгіме көрініс тапты. 2 топтың мүшелері де табысты талқылаулардан кейін ортақ келісімге келе білді және бәрі бірге ойлап, ұжымдық білім мен түсінік қалыптастырды.

Қорытындылай келе, зерттеушілік әңгіме арқылы:

- оқушылар топтарда жұмыс жасауға қалыптасты;
- оқушылардың арасында еркіндік пен сенімділік орнады;
- туындаған сенімсіздік пен қобалжудан арылды;
- бір-бірімен жеке қарым-қатынас орнатты;
- оқушылар проблеманы шеше білуді үйренді;
- өз ойларын жүйелі жеткізуге дағдыланды;
- барабар шешім қабылдау дағдылары қалыптасты;
- оқушылардың оқуға деген ынтасы артты деп есептеймін.

Ұжымдық түсіну мен білім беруге қол жету аясындағы табысты талқылауларда зерттеушілік әңгіменің маңызы зор.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Мұғалімдерге арналған нұсқаулық. Алматы, 2015.
2. Мектептегі тәжірибе кезеңінде орындауға арналған тапсырмалар. (Үлестірмелі материалдар) Екінші (негізгі) деңгей. «Назарбаев Зияткерлік мектебі» ДББҰ. 2015 ж.
3. Құдайбергенов К.С. (2013). Мектептегі іс-әрекетті зерттеу.
4. Құдайбергенова К.С. Құзырлықтың педагогикалық категория ретінде дамуының теориялық - әдіснамалық негіздері. Алматы, 2012.

5. «Қазақ әдебиеті». 9-сыныпқа арналған оқулық. - Алматы, 2013.
6. Интернет жүйесіндегі ақпараттар.

БЕРДІБЕК СОҚПАҚБАЕВТЫҢ БАЛАЛАР ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ӨЗІНДІК ҚОЛТАҢБАСЫ

Шакер Г., Едильбаева Г.Б.

Қазақстан-Американдық еркін университет, Өскемен, Қазақстан

Балалар әлемі - өзіндік ерекшеліктері мол, күрделі де қызықты әлем. Сол әлемге еркін еніп, небір нәзік сыр-сипаттарды сезімталдықпен танып, зерделілікпен зейін салу, зергерлікпен бейнелеу – қаламгерлер қауымы үшін үлкен сын. Одан өту үшін «Балалар жазушысы болып туу керек». Өйткені, балалардың ойлауында, дүниені тануы мен араласуында өзгеше сипат бар. Соны түсіну, әрі балғындар риза болатындай бейнелеу - шеберлік. Тегінде өмір, орта атты үлкен ұяда неше алуан нәрсе болуы мүмкін. Әдебиет соларды қалай көрсетеді, нені көрсетеді, дәуір, замана сырын қалай бейнелейді деген мәселенің әрқашанда күн тәртібінен түспеуі де сол себептен. Көзі жаңа ашылған қайнардың қай арнаға бет алуы - ағысты мөлдір өзенге ұласуы, немесе су аяғы құрдымға кетуі табиғаттың ықпалына байланысты. Оң-солын танып үлгермеген, өмірдің ұзақ жолына түсіп, жан-жағына аң-таң болып қарайлап келе жатқан бала үшін де әдебиеттің рухани-эмоциональдық әсері сол секілді ерекше. Балалар үшін әдебиет тек қана рухани азық - базарлық болып қана қоймай, рухани тәрбиеші де болса, қадірі арта түспек.

Осындай рухани азықты балаларға сыйға тарта отырып, олардың рухани тәрбиешісіне айналған балалар жазушысы - Бердібек Соқпақбаев. Оның «Менің атым – Қожа» повесі аттас кино дүние жүзін аралап кетті. Бүкіл әлем балаларының сүйікті кейіпкері – Қожа. Ал Қожа кім? Бұл – қазақ әдебиеті тудырған бейне. Оны дүниеге әкеліп, әлемді аралатқан Бердібек Соқпақбаев. Осы бір ғана шығарма жазушыны заңғар биікке көтерді. Қазақ балалар әдебиетін де, қазақ жазушысын да дүние жүзіне танытты. Қазақтың әрбір баласы балалар әдебиетінде Қожаны біледі. Француз композиторы Руже де Лиль жалғыз туындысы – «Марсельезасымен», Польша композиторы Михаил Огинский жалғыз шығармасы – «Полонезімен» әлемге әйгілі ұлы адамдар атанды. Ал қазақ жазушысы Бердібек Соқпақбаев «Менің атым – Қожамен» әлемнің ұлы жазушысына айналды.

Оның ұлылығы әлдеқашан, бұдан жарты ғасыр бұрын дәлелденсе

де, оның талантын мойындамай келе жатқанымыз әрине, өкінішті. Бұл – біздің елдігімізге сын. Қазақ әдебиетінің інжу-маржаны Қасымның (Аманжолов) «Абдолла» дастаны болса, балалар әдебиетінің інжу-маржанға айналған жауһары – «Менің атым – Қожа»! Бұл ешқандай дәлелдеуді қажет етпеуі де, талассыз болуы да қажет.

Қазақ балалар әдебиетінің классигі, балалардың ғана емес, ересектердің де сүйікті жазушысы Бердібек Соқпақбаев туралы қазақтың көрнекті ақыны Қадыр Мырзалиев: «Бәріміз де бала болдық. Қазір есейдік, ересек тарттық. Дегенмен, сонау кезіміздегідей пәк емеспіз. Ал сол көңіл-күйімізді айна қатесіз бейнелеген «Менің атым – Қожаны» барлығымыз оқып шықтық. Біз соны жазған Бердібек ағамызға сол кезде-ақ балалық көңілдің Мемлекеттік сыйлығын сыйлап қойғанбыз...», - деп жазып еді.

Бердібек Соқпақбаевтың творчествосы - өзіндік сырлы бояуы бар шуақты шыншыл творчество. Балаларға деп жазып, балалар жазушысы атанып, ал шынтуайтында келгенде шығармалары жас пен кәрінің бәрі бірдей сүйіп оқитын, қалың оқырманның махаббатына бөленген шын мәніндегі халықтық жазушы болып еді. Қазақ балалары арасында Бердібек Соқпақбаевтай кең таралған, кең танылған жазушы некен саяқ. Оның кітаптарын қазақ балаларының қолынан дүниежүзі әдебиетінің ең үздік туындыларымен қатар ұстап жүргенінің де куәсі болғанбыз. Қазақ балалары үшін “Том Сойер мен Гекльберри Финннің басынан кешкендері” қандай қызғылықты болса, өз топырағынан шыққан Қожаның басынан кешкендері де соншалық қызғылықты оқылатын. Тілдегі албырт ойнақылық, езу жиғызбас юмор, кейіпкерінің ұшқыр қиялшылдығы, тапқырлығы және тектілігі, ең бастысы автордың да, кейіпкердің де адамға деген шексіз махаббаты – міне, бұлар Б. Соқпақбаев шығармасының ең басты қасиеттері. Оқушысын үнемі еліктіріп, қызықтырып қашан аяғына жеткенше бас көтертпейді.

Бердібек Соқпақбаевтың жастық шағы қиындыққа толы, қайғы-қасіреттері көп болғанымен ол творчестволық қадамын бірден сәтті бастаған, жолы болған жазушы. Оның тұңғыш өлеңдер жинағы “Бұлақ” 1950 жылы Оқу құралдар баспасынан сол кездегі қазақтың майдангер ақыны бүгінде Әбу Сәрсенбаев директор боп тұрғанда сол кісінің қамқорлығымен жеке кітап боп шыққан еді.

Алғашқы кітабының жарыққа қалай шыққанын Бекең былай еске алады: «Баспаның директоры аты республикаға белгілі ақын еді. Ол мені студент кезімнен білетін. Бұрынғы жылы институттың мен басқаратын әдебиет үйірмесінде біз онымен мықтап тұрып дауылдасып, кездесу кешін өткізгенбіз. Бірге суретке түскенбіз. Соның бәрі ол кісінің есінде екен. Жастарға қамқоршыл мінезімен ол мені өте жылы

қарсы алды. Баспаға қатысты шаруаларымды ешқайда әуре-сарсаңға салмай тындырып берді», - дейді.

Бұрынымдай қыздардың,
Ағасың әсем өріліп.
Төсінде ойнап құздардың,
Күмістей жалт-жұлт көрініп.
Соқсада дауыл бұлқынып,
Басса да құлап зіл жартас;
Жай түссе де тас жарып,
Күлкіңді сенің тия алмас.

Осындай жыр шумақтарымен Бердібек Соқпақбаев әдебиет әлемінің табалдырығынан аттаған еді. Әдебиетке құштар, жазушы болуды армандаған балғын жас осылайша өз күшін ең әуелі поэзиядан байқап, сөз қасиетін, сөз қадірін поэзияға безбенімен өлшеуді үйренді. “Бұлақ” жазушының алдағы творчестволық ғұмырының программасы іспетті болған. “Төсінде ойнап құздардың, Күмістей жалт-жұлт көрініп” – Соқпақбаев творчасының бар сипаты, қасиеттерінің анықтамасын осынау жолдарда алдын ала өзі айтып кеткендей. Көркемдік биігінен ойнақтап көрінген оның тамаша повестері, күмістей жалт-жұлт еткен мөлдір таза әшекейлі тілі шығармадан шығармаға шыңдалып, шымырланып, шеберлене берілді.

“Алыстағы ауылда”, “Он алты жасар чемпион”, “Менің атым Қожа” осы повестердің әрқайсысы кезінде қазақ балалар әдебиетінің көкжиегін кеңейткен, тақырыптық сонылық, идеялық көркемдік жаңалық әкелген айтулы шығармалар еді. Бұған дейін көбіне кейіпкерлерді екіге: ақ пен қараға, яғни жағымды, жағымсызға бөліп қойып, онан соң бір схемаға салып соларды өзара айтыстырып, жасанды оқиғаға құрылған шығарма жазу әдет болған. Олар көбіне мектеп өмірі, мектептегі пионер өмірі болып келген. Жағымды кейіпкер жеңіп, жағымсыз кейіпкер жеңілетін. Балалар әдебиеті деп аталатыны әдебиеттің бірден бір үлгісі еді бұл. Б. Соқпақбаев осы схеманы бұзды. Ал жазушы буыны бекіп өсу, іздену үстінде еді. Осы кезде оны балаларға арналған шағын шығармалары және “Мен қалай үйлендім”, “Көйлек мәселесі”, “Жалғыз миллиардшы”, “Бурыл ат” тәрізді тамаша әңгімелері жарық көрді. Бұл әңгімелердің қайсысы болмасын көркемдік дәрежелері өте жоғары, қас шеберге тән қолмен жазылған дүниелер еді. Жазушының түлеуі, өсуі осы болатын.

Балалар жазушысы болу қиынның қиыны екенін әдебиет сыншылары айтудай-ақ айтып келеді. Бала тілін табу, олардың психологиясын тану үшін қаламгер аз тер төккен жоқ. Жазушының «Пионер» және «Балдырған» журналында, Шәкен Айманов атындағы «Қазақ-

фильм» студиясында, Қазақстан Жазушылар одағында балалар әдебиеті жөнінде әдеби кеңесші болып қызмет атқаруы да өз жемісін берген болуы керек. Сол тұста балалар әдебиеті де одан әрі дамып, кең өріс алды.

Бердібектің бағасын беру және оның әдеби мұрасына шынайы қамқорлық керек. Ол – халық қазынасы, жас ұрпақтың несібесі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Әлімбаев М., Баянбаев Қ. Қазақ балалар поэзиясының антологиясы. – Алматы: «Жалын», 1977.
2. Ахметов Ш. Қазақ балалар әдебиетінің очерктері. – Алматы, 1965.
3. Қазақ совет балалар жазушылары. – Алматы, 1987.

БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ КҮШ - ҚУАТЫН АРТТЫРУДАҒЫ ВОЛЕЙБОЛ ОЙНЫНЫҢ РӨЛІ

Тұрсынханов А.М., Орман К.

Қазақстан-Американдық еркін университет, Өскемен, Қазақстан

Балалар мен жасөспірімдердің қозғалыс қабілеттері олардың морфо-функционалдық негіздерімен тығыз байланысты болып табылады. Оқушы жасөспірімдердің дамулары үздіксіз, бірақ бәрінен бірдей емес. Әрине, мектеп оқушыларының өсуіне негізгі жүгіру, секіру сияқты дене жаттығулары белсенді әсер етеді.

Мектеп оқушыларының дамуын үш кезеңге бөлуге болады:

1 Төменгі мектеп жасында (6-10 жас). Бұл кезеңде балалардың өсуі интенсивті бір қалыпты болады. Бұл кезде сонымен қатар өзгерістер болуы мүмкін. Бір жылда бойы – 1 см, салмағы 1-3 кг өседі. Осы кезеңде ұлдар мен қыздардың өсулері бірдей болады және қаңқаларының түгел еттеніп болуға көп уақыт бар екенін көрсетеді. Мысалы, 7-8 жаста жамбастың жаңа жетілуі басталады. Бұл кезде жамбасқа күш түсетін жаттығуларды жасатпауды естен шығармаған жөн. Дене бұлшық еттерінің дамуы өте нашар болады.

2 Орта мектеп жасында (11-14 жас). Орта мектеп жасы кезеңінде жасөспірімдер де морфо-функционалдық, жыныстық өзгерістер пайда болады. Бұл кезеңнің соңына қарай бойдың, салмақтың тез өсуі байқалады. Ұлдарға қарағанда қыздардың жыныстық өзгеруі және бойларының өсуі тез болады. Осы кезеңде қыз балаларда секіру, асылу жаттығуларын орындағанда көптеген қиыншылықтар кездеседі. Бұл кезеңде бір бағыттағы дене жаттығуларын істету, дене қасиеттерінің бір


бағытта дамуына және омыртқа жотасының дұрыс қалыптаспағына келіп соқтыруы мүмкін.

Оқушылардың өз денелерін дұрыс күтуге, яғни жаттығу кезінде денелерін дұрыс игере білуге үйрету керек. Орта мектеп жасында өне бойы бір қалыптан тез жалығады, сондықтан жаттығулардың көп түрлілігіне көңіл бөлу қажет және жасөспірімдердің тағы бір ерекшелігі бұлар түрлі дене жүктемелерінен кейін тез қалыпқа келеді.

3 Үлкен мектеп жасы (15-17 жас). Үлкен мектеп жасы кезеңі бірдей дамуы кезеңі болып табылады. Бірақ, қыздарға қарағанда ұлдарда тез өсу, даму болады. Осы кезеңде жыныстық жағынан толықтай жетіледі. 17-18 жастағы ұлдарда бұлшық ет ағзаның 45 пайызын құрайды, бұл ұлдардың жетілгендігін байқатады. Ал қыздарда бұл кезеңде жамбас, бөксе бұлшық еттері қомданып кейбір жаттығуларды жасағанда қиыншылықтар туғызады. Бұл жаста қыздардың жаттығу жасаудан қашқақтайтыны байқалады. Жоғары мектеп жасында өмірді тану, өмірдегі қатынастарды сезінуі спортпен шұғылданғанда да айқын байқалып тұрады.

Мектеп оқушыларына волейболдың әсері. Оқушылардың дене қасиеттерінің үйлесімді, жан-жақты дамуына волейболдың әсері мол. Жүгіру, секіру, лақтыру, жүру әрбір сабақтың қатардағы жаттығуы болып есептеледі. Сыныптан тыс спорттық үйірмелерде, жазғы демалыс орындарында көп қолданылатын спорттың түрі волейбол болып саналады.

Волейбол негізгі қозғалыс қасиеттерін тәрбиелейді және дененің функционалдық қасиеттерін дамытады. Сонымен қатар моральдық ерік-жігерге, қиындықты жеңуге ұйымшылдыққа тәрбиелейді. Волейболмен шұғылданған адамдардың денесінде тек даму, өсу пайда болады (сурет 1).



Сурет 1. Волейболмен айналысатын мектеп оқушыларының дене даму көрсеткіштері

Жаттығу техникасын орындау кезінде қателер көрініс берсе, оқушы мұғалімнің көмегімен өз қатесінің мәнін міндетті түрде түсінуі қажет. Осыдан кейін мұғалім ойын техникасының берілген бөліктерінің дұрыс құрылымын оқушыға түсіндіріп көрсетеді және осы жаттығуды көп қайтара саналы түрде қайталауды ұсынады. Және де дұрыс жасалмаған қимылдың тежелуіне, оның орнына дұрыс қимыл жасауға қол жеткізу керек.

Қандай да болмасын ойын техникасын үйрену үшін біріншіден, алдын ала жаттығуларын жасап алу керек. Волейболды ойнау кезінде сыртқы қозғалыс пен ішкі органдар арасында тығыз байланыс болады. Сондықтан волейбол ойындары оқушылар ағзасына тек дамытушылық әсерін тигізіп отырады.

Мектептің спорт залы, спорт алаңы волейбол талаптарына сай жабдықталған болуы керек. Спорт ғимараттарын салу кезінде осындай жайттарды естен шығармаған жөн. Ауылдық жерлерде көбіне осы тиістілік орындалмай салынған ғимараттарда балалардың айналысу деңгейі төмен болады. Спорт ғимараттарының кеңдігі оқушылардың қатар тұрып бірге жаттығу жасауы, бұл сабақ тығыздығын арттырады. Дене тәрбиесі сабағындағы жаттығулардың денеге әсерлі болуы үшін, басқада оқу процестеріндегідей жоспарлы болуы қажет.

Өткізілетін жер біріншіден, тегіс, таза болу керек, екіншіден, алаңда бөгде, артық заттар болмауы керек. Волейбол негізінен таза ауада, теректі жерлердің алаңқайларындағы алаңдарда өткізілсе өте жақсы болады.

Қандай жағдайда болмасын жаттығу орындағанда қауіпсіздік ережесін және сақтандыру техникасын қатаң сақтаған жөн. Келеңсіз жағдайлар болмау үшін жылдың немесе тоқсан басында мұғалім оқушыларды қауіпсіздік ережесімен толық таныстырады. Волейболдан мектептегі сыныптан тыс жұмыстар: Волейболдан жақсы жетістіктерге жету үшін дене тәрбиесі мен сыныптан тыс жұмыстарды ұштастыра білу қажет. Жасөспірімдердегі жақсы дағдылар мен іскерліктерді үйренуге үйірмелердің тигізетін әсері мол.

Кесте 1. Мектеп оқшыларының айналысқысы келетін спорт түрлері

№ р/с	Таңдаған спорт түрлері	Респонденттердің жауабы % қатынасымен
1	Спорттық ойындар	22,5
2	Жүгіру, үйдегі жалпы дене қуаты жаттығулары	14,68
3	Стол теннисі	11,21
4	Ат спорты, атқа мініп серуендеу	9,60

5	Жеңіл атлетика	8,19
6	Аңға шығу, балық аулау	7,62
7	Штанга, гир көтеру	7,62
8	Бокс, күрес	5,93
9	Шаңғы тебу	5,64
10	Жаяу серуендеу, спорттық жүріс	4,6
11	Туризм	2,5

Волейболдан үйірме ашу үшін, ең алдымен, мұғалім оқушылардың қызығушылығын ояту керек. Бұл үшін үгіт-насихат жұмыстары жүргізіледі. Жыл басында мектепте волейболдан жарыс өткізіп, оған атақты спортшыларды шақыру қызықтырудың басты амалы болып саналады. Мұғалімнің кәсіптік шеберлігі жоғары деңгейде болу керек. Мұғалім спортқа деген болашақтың күнделікті дене тәрбиесі сабағынан, үйірмелерден басталатына оқушылардың көз жеткізу керек (сурет 2).


Үйірме жұмысы 2-3 сағат болуы тиіс. Жаттығу кезінде оқушылар жасына, жынысына, спорттық әзірлігіне байланысты 3 топқа бөлінеді.

1 Дайындық тобы - 10-11 жас.

2 Бастапқы топ - 12-15 жас.

3 Оқу-жаттығу тобы 16-17 жас.

Бірінші топ жұмасына үш рет, екінші, үшінші топтар жұмасына төрт рет жаттығу өткізуге болады. Сыныптан тыс үйірме өткізгенде мұғалім практикалық материалдарды және жаңа жаттығуларды үйрету керек. Өз еркімен жаттығу жасатқанда, үйге тапсырмалар бергенде оқушылардың жасына, жынысына, дене дайындық мүмкіндігін естен шығармаған жөн. Спортшылардың жетілуі жарыс кезінде байқалады. Сондықтан, да әр сынып мектеп аралық 2-3 жарысқа қатысуы тиіс [3, 62 б.].



Сурет 2. Өскемен қаласы мектептеріндегі дене тәрбиесі мұғалімдерінің

Спорттық жаттықтырудағы дене қуаты дайындығы спортшының ағзасының мүшелері мен жүйелерін нығайтуға, олардың қызметтік мүмкіншіліктерін жоғарылатуға, дене қуаты қасиеттерін дамытуға бағытталған. Дене қуаты дайындығы жалпы және арнайы деп бөлінеді. Арнайы дене қуаты дайындығы алдыңғы және негізгі арнайы дайындық деген екі бөлімге бөлінеді. Алдыңғы арнайы дайындық бөлімі негізгі бөлімге фундамент ретінде қаланса, негізгі бөлімі спорт түріне бағытталған қимыл дайындығын кең мөлшерде қамтамасыз етуге қолданылады.

Қысқасы, дене қуаты қасиеттерінің деңгейін көтеру, дамыту, тәрбиелеу арқылы ғана біз дене тәрбиесі мен спортта жақсы нәтижеге жетеміз. Мысалы, волейбол ойынындағы маңызды техника тәсілі «шабуыл соққысын» орындау, жоғары көтерілген допты соғу үшін, спортшының секірген кездегі қолы тордың үстінен ең аз дегенде 20-30 сантиметр жоғары шығу керек. Ол үшін міндетті түрде аяқтың секіру, серпін жасау күшін дамыту керек болады. Сондықтанда біз дене тәрбиесі мен спорт тәжірибесінде қозғалыс техникасын үйретумен қатар дене қуаты қасиеттерін дамытуды қажет. Дене тәрбиесі мұғалімі, спорт түрлерінің жаттықтырушылары, сауықтыру дене тәрбиесімен, қолданбалы дене тәрбиесімен айналысатын мамандар, спорт нұсқаушылары дене қуаты қасиеттерін дамыту, тәрбиелеу амалдарын, әдістерін, әдістемелерін, әдістемелерді жас ерекшеліктеріне байланыстыруды жақсы білуі, іс-тәжірибеде қолдана білуі керек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Рагозин Н.М. Индивидуализация подготовки волейболистов. – Алматы: Казахская Академия Спорта и Туризма, 1977.
2. Методическое пособие по обучению игре в волейбол и ее совершенствование. Федерация Волейбола Республики Казахстан. – Алматы, 2008.
3. Матвеев Л.П. Проблема периодизации спортивной тренировки. – М.: ФиС, 1964.
4. Спасский О. Чем счастлив тренер. – М.: ФиС, 1987.
5. Железняк Ю.Д., Клещев Ю.Н., Чехов О.С. Подготовка юных волейболистов. – М.: ФиС, 1967.
6. Спортивные игры и методика преподавания. – М.: ФиС, 1986.
7. Барбара Л. Виера Бонни Джилл Фергюсон. Волейбол: шаги к успеху. – М.: ФиС, 2008.
8. Спортивные и подвижные игры. – М.: ФиС, 1970. – С. 151-192.
9. Ботағариев Т. Дене тәрбиесі мәселелері. // Қазақстан мектебі. 2004. –№9. – Б. 45-48.

А. БАЙТҰРСЫНОВТЫҢ ТІЛ БІЛІМІ САЛАСЫНДАҒЫ ЕҢБЕКТЕРІ

Сеилханова К.К.

*Қазақстан-Американдық еркін университеті колледж, Өскемен,
Қазақстан*

Ахмет Байтұрсынұлы – тіл білімінің негізін салушы, қазақтың ақыны, әдебиет зерттеуші ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері.

Ахмет Байтұрсынұлы бой шығармашылық мұрасының басым бөлігі – лингвистикалық еңбектері. Бұлар және тіл деңгейлерінің жалпы бәріне қатысты болып келеді, тақырыбы жағынан да өте әр тарап. Оның лингвистикалық ізденулері кеңінен танымал «Тіл-құрал», «Әліпби» сияқты арнайы еңбектерімен ғана шектелмейді. Ғалымның түрлі тіл мәселесіне қатысты өзіндік пайымдаулары, теориялық тұжырымдары бұлардың сыртында көсемсөз түріндегі жазғандарынан да, сондай-ақ «Әдебиет танытқыштан» да үнемі кездесіп отырады. Қазақ тілінің фонологиялық жүйесі, грамматикалық құрлысы жөніндегі негізгі зерттеулерін былай қойғанда, оның назарынан әдеби тіл, тіл мәдениеті, этнолингвистика, прагматикалық (функционалды) грамматика, «оқыту ғылымы» (әдістеме) мәселелері де еш уақыт тыс қалған емес, ол артына бұлар жөнінде де бірсыпыра құнды бағдарламалық пікір қалдырды.

XX ғасырдың алғашқы ширегінде, Қазан төңкерісінен кейінгі халықты жаппай сауаттандыру мақсатына орай негізгі жұмыс практикалық деңгейде жүргізілгендіктен, грамматиканың да мәселесі осы осы тұрғыдан қызу қолға алынып, алғашқы әліппелер, бастауыш мектептерге арналған бағдарламалар жазылып, басылып шыға бастады. Осы тұста қазақ халқының саяси-әлеуметтік, қоғамдық өміріне белсене араласқан А. Байтұрсынұлының тіл біліміндегі еңбегінде айрықша болды.

Бүгінде жұртшылыққа кеңінен мәлім «Оқу құралы», «Тіл – құрал», «Тіл жұмсар», «Баяншы», «Әліппе», «Әліппе астары», «Сауат ашқыш» тәрізді бірнеше рет қайта басылған лингвистикалық еңбектері тіл білімі саласындағы құнды қазына. Ахмет Байтұрсынұлы қазақ әліппесі мен қазақ тілі оқулықтарын жазуды 1910 жылдардан бастап қолға алдады. Онымен қоса қазақ графикасын жасауға кіріседі. Қазақ графикасының негізіне қазақтың мәдени дүниесінде көпғасырлық дәстүрі бар, өзге түркі халықтарды да пайдаланыла отырғандықтан, туыстық, жақындық сипаты бар араб таңбаларын алады. Оны қазақ фонетикасына икемдейді, ол үшін қазақ дыбыстары жоқ таңбаларды

әліпбиден шығарады, арабша таңбасы жоқ дыбыстарына таңба қосады, қазақ тілінің жуанды-жіңішкелі үндестік заңына сай жазуға ыңғайлы дәйекші белгі жасайды. Сөйтіп 24 таңбадан тұратын өзі «қазақ жазуы» деп, өзгелер «Байтұрсынов жазуы» деп атаған қазақтың ұлттық графикасын түзеді. Одан осы жазуды үйрететін әліппе жазады [1, 64 б.].

Қазақша сауат ашуды көздеген Ахмет Байтұрсынұлы 1912 жылы «Оқу құралын» жазды. Оқулықтың бірінші бөлімі фонетикаға арналып, ол 1915 жылы жарық көрді. Ал екінші бөлімі 1914 жылы, үшінші бөлімі синтаксиске арналып, ол 1916 жылы жарық көрді. Қазақша сауаттандыру мақсатындағы бұл еңбек бірнеше рет басылып шығып, 1928 жылға дейін пайдаланылып келді. А. Байтұрсынұлының «Оқу құралының» Орынбордан басылып шыққанына 100 жыл толды. Бұл еңбек қазақ елін сауаттандыруда тарихи рөл атқарған еді. Оқулық 1912 жылы халық қолына тиді. 28 әріптен тұратын араб графикасына негізделген бұл әліпби сауат ашу үшін өте қолайлы болды. Аталған еңбек сол жылдан бастап ауыл балаларының сауатын ағу үшін қолданыла бастады. Оқулық тиімді етіп жасалып, оқыту әдісі көрсетілді. Бұл балалармен қатар оқытушыларға да қолайлы болды. Ал оқушылар бір жылдың ішінде хат тану мүмкіндігіне ие болды. Кезінде ауыл молдасынан хат тани бастаған балалар үшін үш жылда хат таныса, Кирилл әрпімен оқып жүргендер қазақшадан алыстай бастады. Ахмет Байтұрсынұлы дыбыстарды жылдам ажырату үшін жаттықтырудың тиімді жолдарын қарастырды. Ахмет сауаттылықтың басты негізі – жазуға жаттықтыру деп білді [2].

Ахмет Байтұрсыновтың әлеуметтік қызметінің арқауы оқу-ағарту ісі болды. Мұның негізінде халқының қамы жатты. Қазақ халқын сауаттылыққа, мәдениеттілікке шақыру мектептен, бала оқытудан басталатынын айтты. Бұл мәселені 1913 жылы «Қазақ» газетінің мінбесін пайдалана отырып, халық тұрмыс-тіршілігін ел экономикасымен байланыстыра отырып дәлелдеген болаты. А. Байтұрсынов қазақ балаларының тек сауатын ана тілінде ашып қоймай, ана тілінде сауаттанған балалардың басқа ел мәдениетімен де сауаттану керектігін түсіндірді.

1913 жылы төте әліпбиді меңгергендер біршама көбейе бастады. Соған байланысты А. Байтұрсынов Орынборда осы әліпбимен «Қазақ» газетін шығаруды ұйғарды. «Қазақ әліпбиін» оқыту тиімділігі үшін А. Байтұрсынов оған қоса бірнеше әдістемелік оқулық та шығара бастады. Бұл оқулықтар кеңес үкіметі кезінде ашылған мектептерде қолданылып, 1929 жылға дейін пайдаланылып келді. «Қазақ әліпбиінің» оқулықтары сол кезде тоғыз рет басылып шықты. Өйткені кеңес тұ-

сындағы мектептердің қажеттілігі мен сұранысы осыны талап етті. А. Байтұрсынов XX ғасырдың алғашқы кезінде «Қазақ әліпбиін» жаза отырып, тағы бір үлкен қадам жасады.

Байтұрсынов қазақ тілін пән ретінде үйрету мақсаты мен қазақ мектептерінің мұқтаждықтарын өтеу үшін жаңа оқулықтар жазды. Оның «Тіл – құрал» оқулығы үш бөлімнен тұрды. Морфологияға арналған бөлімі алғаш рет 1914 жылы, фонетикаға арналған бөлімі 1915 жылы, синтаксиске арналған бөлімі 1916 жылы жарық көріп, кейіннен әрқайсысы 6-7 реттен толықтырылып қайта басылып отырған. Байтұрсыновтың «Тіл – құралы» қазақ тіл білімі, қазақ мәдениеті үшін бұрын-соңды болып көмеген тың жаңалық болды. Қазіргі қазақ тілінің негізі осы оқулықтан бастау алды. «Тіл – құрал» қазақ тіл білімінің тарауларын жүйелі зерттеген ғылыми зерттеу, тұңғыш құрал. Оқулықта тілдік ұғымдарға нақты, дәл анықтамалар берілген. Мұндай нақтылық қазіргі ғылым үшін өте маңызды. Сөйтіп, ол қазақ грамматикасының терминдерін қалыптастырды. А. Байтұрсыновтың келесі еңбегі «Тіл жұмсар» практикалық құрал ретіндегі кітабы болса, әдістемелік негізде мұғалімдерге арнап «Баяншы» деген кітап жазды.

Сонымен қатар Ахмет Байтұрсынов – қазақ тіл білімінің терминология саласында да елеулі еңбек атқарды. Ең басты атап айтатын нәрсе – ғалым бір топ терминдерді ғана емес, бүкіл ғылым саласындағы арнаулы ұғымдардың атаулар жиынтығын, дәлірек айтқанда, терминдер жүйесін жасаған. А.Байтұрсынов – қазақ тілінің сөзжасам тәсілдерін анықтап, оларды өзінің терминжасам тәжірибесінде кеңінен пайдаланған ғалым. Қазақ тіл білімінің ана тіліміздегі іргетасын қалаудағы Ахметтің тағы бір зор еңбегі – ғылымның осы саласының терминдерін жасауы. Ғалым қазақ тілі грамматикасына қатысты категориялардың әрқайсысына қазақша атау ұсынды. Осы күні қолданып жүрген зат есім, сын есім, сан есім, етістік, есімдік, одағай, үстеу, шылау, бастауыш, баяндауыш, жай сөйлем, құмалас сөйлем, қаратпа сөз сияқты сан алуан лингвистикалық атаулардың баршасы – Ахмет Байтұрсынұлыныкі. Бұлар не бұрынғы қарапайым сөздің мағынасын жаңғырту арқылы, не жаңа тұлғадағы сөз жасау арқылы дүниеге келген соны сөздер, сәтті шыққан атаулар екенін олардың күні бүгінге дейін қолданылып келе жатқандығынан байқауға болады.

Ахмет Байтұрсыновтың лингвистика саласындағы бұл ғылыми еңбектерін кезінде Орта Азия, бүкіл түркі әлемі мойындап, қолдап және Аханның лингвистика саласындағы зор жетістіктерін өздерінің грамматикасында пайдаланды.

Қорыта келгенде, қазақ тіл білімінің ұлттық ғылым ретінде ана тілімізде қалыптасуы халқымыздың даңқты перзенттерінің бірі Ахмет

Байтұрсыновтың зерттеулерінен басталады. Оның ғылыми мұрасының зерттеліп бітпеген тұстары әлі баршылық. Қазақ тіл білімінің негізін салған ғалымның ой-пікірлерін саралап, олардың теориялық негізін көрсету, бүгінгі күн тұрғысынан бағалау, қазіргі қазақ тіл білімінің дамуындағы орнын көрсету ғылымның тарихы үшін аса маңызды мәселе болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қордабаев Т. Қазақ тіл білімінің қалыптасу, даму жолдары. – Алматы, 1995.
2. Омаров Е. Ученая деятельность А.Б. Байтұрсынова // Труды изучения Киргизского края. Вып. 3. – Оренбург, 1992.
3. Ахметтану тағылымдары. – Алматы, 1998.
4. Сыздық Р. Ахмет Байтұрсынов. Өмірі мен қызметі туралы // Тіл тағылымы. – Алматы, 1992.
5. Байтұрсынов А. Тіл – құрал. – Орынбор, 1914.
6. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, 1966.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ СОТ БИЛІГІ: ТАРИХЫ, ЖАЙ-КҮЙІ, БОЛАШАҒЫ

Елеусизова А.Р.

*Қазақстан-Американдық еркін университеті колледж, Өскемен,
Қазақстан*

Қоғамдағы өзгерістер мен жаңалықтардың мазмұнына жүгінсек, аталған тақырыптың кең ауқымдылығын байқауға болады. Қазақстан Республикасының сот билігінің дамуы, жұмыс жасау саясаты, қалыптасу тарихы Республикамыздың өміріне ерекше орын алады. Ертеден қалыптасқан ережелер мен дәстүрлі тәлім тәрбие беру ісі, нормативті құжаттарда белгіленіп өз заңдарын құрады.

1995 жылдың 30 тамызында Республикалық Референдумда қабылданған Ата Заңымыздың 1-бабына сәйкес Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырып, өзінің ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары деп жариялады.

Қазақстан Республикасының Конституциясының 3 бабы бойынша мемлекеттік билік біртұтас және ол Конституция мен заңдар негізінде заң шығарушы, атқарушы және сот тармақтарына бөліну, олардың тежемелік әрі тепе-теңдік жүйесін пайдалану арқылы, өзара іс-

кимыл жасау принципіне сәйкес жүзеге асырылуы тиіс деп белгіленді.

Сот билігінің заң шығару және атқару билігімен бір деңгейде тұру демократиялық мемлекеттің белгісі. Сот билігін басқа мемлекеттік билікті құрылымдардан бөлу, мемлекеттің құқықтық жоғарлығы принципін, соның ішінде бостандық пен әділдік идеясын жүзеге асыруға нақты түрде жылжуын көрсетеді.

Сот билігінің негізгі мақсаты – қоғамның мүшелерін кез келген бассыздықтан қорғау, яғни басқа азаматтардың бассыздығынан, мемлекеттің, оның органдары мен лауазымды тұлғалардың теріс әрекеттерінен қорғау болып табылады. Мұндай қызметті жүргізбей мемлекет құқықтық деп есептелінбейді. Қоғамда пайда болатын даулардың құқық негізінде шешілуін қамтамасыз ете отырып, қоғамдық өмірдің барлық субъектілерінің заңға бағынуы, сот билігінің заң шығару мен атқару биліктерінен оқшаулануында және олардың қызметіне құқықтық қадағалауды жүзеге асыруында маңызды роль атқарады. Егер де сот билігі Конституцияға сәйкес заң шығару мен атқару билігінің қызметтерін бағалау мүмкіндігі болса, бұл функция нәтиже береді.

Тақырыптың өзектілігі: Қазақстандық сот билігінің қалыптасу тарихы, жұмыс істеу үрдісі, тармақтары мен құқықтық нормалардың пайда болып жинақталуы құқық пен тарих пәндеріне тығыз байланысты. Қазақ даласында пайда болған заңдар мен алғашқы нормативті құжаттар тарихи құнды жәдігер болып табылады. Ал салт – дәстүрлерден алынған тәрбие көздері ереже тәртіп болды.

Қазақ халқының тарихындағы сот төрелігі қазақ билер соты өз төрелігін алуда. Билер соты қазақ қоғамында ерекше маңызды бар, ол басқару жүйесінде биліктің жетекші нысанына айналды. Көшпелі ұжымдарда басқару функциясы негізінен ұжымның ішінде де, рулар мен олардың қауындағылардың да даулары мен талаптарын талқылаудан тұрды. Судьялар нормаларды, дәйектемелерді түсіндіруде және шешімдер шығаруды талқылауда, сондай-ақ осы шешімдерді орындауға келтіру әдістері мен нысандары айқындауда едәуір құқықтарға ие болды.

Билер сот біріктіруші, бағыт беруші және жасампаз ретінде сөз сөйледі. Олардың салмақты пікірлерімен тіпті, жоғары шонжарлар – сұлтандар мен хандар да санасты. Билердің көшпенді ұжымдардың ба-сында да тұруы да аз емес. Соттаса құрметті және тәуелсіз орган болған.

Билер соты ерекше қоғамдық жағдайларды шешіп ереже салт дәстүр нышандарын жасады..

XIX ғасырдың ортасынан бастап билер сотымен қатар қазылар соттыда қоғамдық істер атқарды. Қазылар соты Құран нормаларын

басшылыққа алды. Бұл Қазақстанды мекен еткен халықтардың ислам дінін қабылдауымен Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанға өтіп, жаңа құқықтық жүйе - мұсылмандық немесе шарифаттың бекітілуімен байланысты болды. Бұл соттарда ауыр істерді талқылауды жүзеге асыратын молдалар судьялар болып табылды.

XX жүзжылдықтың басында көптеген облыстар мен уездерде көбінесе шешендер қазылар сотының сақталуын, ал қазылар соты жоқ жерлерде оларды құруды сөз еткен жиналыстар мен съездер болып жатты. Мәселен, қазақ буржуазиялық тобының Торғай облыстық съезі жұмыс істеп жүрген қазылар мен билер соты сақталады және халық соты ретінде бұрынғы негіздерде қызмет етеді деп шешім қабылдады; би - судьялардың төтенше съезін одан әрі шақыруды Уақытша үкіметтің уездік комиссары жүзеге асыруға тиіс болды.

Сотта шарифатын номалары құқықтық нормалармен қатар жүрді. Ескі мен жаңа, социализм мен патриархтық - феодалдық қатынастарда қазақтардың тұрмыстық өмірлерінде қайшылықтарға ие болды.

Билер мен қазы соттары революциялық комитеттер мен жергілікті кеңестердің бақылауында болғандығын атап өту қажет. Қазы не би сотының шешімімен келіспеген кез келген тараптар жергілікті халық сотына жүгіне алатын болды.

Қарастырылып отырған кезеңде көшпелі қазақ ауылында кеңестік соттармен қатар аралық соттар түрлері бойынша сот төрелігі функциясын жүзеге асыратын "ақсақалдар соты" жұмыс істеді. Ақсақалдар соты мағынасы жағынан билер мен қазылар сотынан ешбір айырмашылығы болған жоқ.

Біз статистикалық мәліметтер жергілікті жерлердегі істердің нақты жағдайларын көрсететін объективті болып табылмайтын сол тоталитарлық режимнің, кеңес кезеңінің мемлекеттік статистикасының ресми мәліметтерін келтірдік. Партиялық - кеңестік органдар көбінесе қажет нәрсені ғана берді.

Қазақстан аумағында билер, қазылар сотының, сондай-ақ ақсақалдар сотының тоқтатылғанына қарамастан, олар Кеңестік Қазақстанның халықтық, облыстық және Жоғарғы соттарын қалыптастыру мен дамытуда маңызды роль атқарды. Билер, қазылар және ақсақалдар соттарының қызметі туралы мұрағаттық жәдігерлер Қазақстан Республикасындағы мемлекеттің дамуының қазіргі кезеңінде де маңызды рольге ие. Қоғамымызда сот - құқықтық реформалаудың жүргізілуіне байланысты осы соттарды құру және даму тәжірибесі айрықша маңызды. Осы соттарды ұйымдастыру мен оның қызметінің көптеген ережелері Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жалпы отырыстарында бірнеше рет жобасы талқыланған "Қазақстан Республика-

сының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңын жасау кезінде зерделеніп, барынша қолданылды. Осы заң жобасын әзірлеу кезінде судьялар ғана емес, Президент Әкімшілігінің, Бас Прокуратураның, Әділет министрлігінің жауапты қызметкерлері, ғалымдар және заңгерлер қауым қатысты.

Қазіргі кезеңде Қазақстан Республикасында билер сотын құрудың перспективалары.

Олар:

- халықтың және өзін-өзі басқару институтының құқықтық сауаттылығын арттыруға, белсенді азаматтық ұстанымды дайындауға, сот төрелігін атқару бойынша қызметке азаматтарды тартуға;

- қазақ сот төрелігінің ұлттық ерекшеліктері мен дәстүрлерін ескеруге, қылмыстық-түзету сипатындағы (күн, айып, көпшілік алдында кешірім сұрау, көпшілік соты) шараларды қолданбастан туындаған дауларды шешу мүмкіндігіне;

- жекелеген этникалық топтардың туыстық байланыстармен тұру жиынтығына, ортақ менталитетті білдіретін, оның ішінде кінәлілерді жазалау мәселелерінде діни және дәстүрлік байланыстардың ортақтығына;

- заңды бұзушыға моральдық - этикалық және адамгершілік императивті ықпал етуді бір мезгілде күшейте отырып, азаматтардың арасындағы қатынастарға мемлекеттің құқықтық әсер ету саласын азайтуға;

- билер соты шешімінің орындалуын мәжбүрлеп орындату арқылы емес, ұжымдық әсер ету және талқылау арқылы қамтамасыз етуге байланысты.

Сот бұл мемлекет пен азамат арасындағы дауларды шеше алатын құрылым. Ал мемлекетпен, мемлекеттік орган немесе лауазымды тұлғамен соттасуға деген мүмкіншілік сот жүйесінің ашықтығын, әділеттілігін білдіреді. Осылайша, ҚР-ның сот жүйесі дамып, өсіп келеді. Өз кезегінде, судьялар, әділеттілікпен, ашықтықпен, қабылданған шешімдерінің заңдылығымен халықтың сенімін ақтауы тиіс.

Дұрыс жасалған сот жүйесі Республикамыздың болашағының ашық, адамгершілікке мол, сенімді ұлт болашағына кепіл бола алатын мемлекеттік органдардың бірі.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы – Конституция Республики Казахстан. - Алматы: “Қазақстан”, 1998.
2. Халиков К.Х. Некоторые вопросы борьбы с преступностью в

- Казахской ССР. Развитие демократических начал в организации и деятельности суда. - Алма-Ата, 1987.
3. Алиев Мирбашир Мирахмед Оғлы. «Қазақстан Республикасының Сот жүйесі мен құқық қорғау органдары». - Астана, 2004
4. Маами К.А. Становление и развитие судебной власти в РК. – Астана, 2001.

САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРІ АРҚЫЛЫ ЖАСӨСПІРІМДЕРДІ ИМАНДЫЛЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУ

Онгарбаева А.С.

*Қазақстан-Американдық еркін университеті колледж, Өскемен,
Қазақстан*

Еліміздің президенті Н. Назарбаев: «XXI ғасырда білімін дамыта алмаған елдің тығырыққа тірелері анық. Қазақстан жоғары оқу орнының міндеті әлемдік стандарттар деңгейінде білім беру» – деген өзінің жолдауында еліміздің дамуына, дамыған елдермен теңесуіне мүмкіндік беретін білім екендігін айтып өтеді.

Жас ұрпақты адамгершілікке, әдептілікке, имандылыққа тәрбиелеуде ұлттық сана-сезімнің қайнар бұлағы салт-дәстүрлер, мақал-мәтелдер, құнды әдеби мұралар, нақыл сөздер болып табылады.

Адамның жарық дүниеге келуі, өсуі, ержетуі, тіршілік етуі, қартаюы, ата мен баланың қарым-қатынасы, үлкендік пен кішілік, сыйласты, әдептілік пен арлылық, инабаттылық тәрізді маңызды мәселелер имандылықтың маңызды құрамдас бөлігі ретінде ешқашан да назардан тыс қалмаған. Жастардың үлкендерге құрмет көрсетуі, үлкендердің кішілерге ізет білдіруі өмір сүру салтына айналған. Қоғамда берік қалыптасқан осындай көрегенділікпен өмір кешу дағдылары жинала келіп, барша адамгершілік қағидалардың, имандылықтың жазылмаған кодекстерінің қалыптасуына негіз болған. Бойына адамгершілік асыл қасиеттерді жинап өскен жасты „көргенді” деп, жүрегінен нұр, өңінен жылу кетпейтін әрдайым жақсылық жолын ойлатын, әр істе әділдік көрсететін адамдарды „иманды” деп атаған. Мұсылмандық дүниетаным бойынша имандылық иманнан пайда болған. Ал иман – жүректегі нұр, нұрдың сыртқы болмысы, яғни, имандылық – Алла тағалаға иман еткен адамға бітетін көркем мінез. Алла жіберген әрбір пайғамбарының міндеті – иман мен имандылыққа уағыздау деп саналған. Ең соңғы пайғамбар Мұхаммед (ғ.с.): „Мен ең ғажайып көркем мінезді толықтыру үшін жіберілдім”, - деу арқылы әлемдегі тәлім-тәр-

бие мен имандылықтың қаншалықты маңызды екенін көрсеткен, имандылыққа өзі бірінші үлгі болған делінеді. Алла тағала адамды иман мен имандылық үшін жаратқан, сондықтан: „Алланың мінезінен үлгі-өнеге алыңдар”, - деп уағыз далады. Имандылықтың негізінен мұсылмандар Құранда деп біледі. Құран Кәрімнің ең көп үлгі алған Мұхаммед пайғамбардың (ғ.с.) мінезі жайлы Хазіреті Айша: „Оның мінезі – Құран”, - деп жауап берген. Құранда: „Негізінен иман етіп ізгі іс жасағандар, намазды толық орындап, зекет бергендерге Раббыларының жанында сыйлық бар”, - делінген. Қазіргі зайырлы қоғамда да имандылық аса қастерлі, биік адамшылық қасиет ретінде ұғынылады имандылыққа қарама-қарсы жағымсыз сипат – имансыздық.

Академик Волков Г.Н. «... батыстан келген бұл рухани апаттан жастарды аман алып қалудың жолын қарастыруымыз керек. Ол әр халықтың ғасырлар бойы ұрпақ тәрбиесінде қалыптасқан, түрлі сыннан сүрінбей өткен халықтың бай тәжірибесіне сүйенген халықтық педагогика болмақ» - деп жазады.

Қазақ халқында ешқандай қағазға жазылмаса да, бала тәрбиелеудің белгілі бір жүйесі болған. Ол ғасырдан - ғасырға, ата-анадан балаға, баладан оның ұрпақтарына жалғасып келе жатқан ұлттық дәстүр, әдет-ғұрыптар мен салт-саналар. Олар халық педагогикасының басты тарауларының бірі.

Халық тәрбиесі – сол халықтың ой-арманымен, тіршілік тынысымен, шаруашылық кәсібімен, отбасылық, қоғамдық, ұлттық тәлім-тәрбие дәстүрімен тығыз байланыста туып, өсіп-өркендеп, дамып жеткен тарихи және мәдени мұрасы.

Өскін ұрпаққа тәлім-тәрбие беріп, олардың жан дүниесін дамыту жайында ұлы орыс педагогы К.Д. Ушинский “әрбір халық пен ұлт өз ана тілі мен салт-дәстүрін қастерлеп, тарихи даму жағдайына орай білім алып, тәрбиелеу керек” деген өзінің ұлағатты ойын “Родная речь” атты еңбегінде ерекше атап айтады. Халқымыздың ұлы перзенті Ы. Алтынсарин өзінің еңбектерін ана тілінде жазып, “бала тәрбиесі оның табиғи ортасы мен халқының салт-дәстүрі рухында тәрбиеленетін болса, оның сана сезімінің дамып жетілуі де ұлты мен халқына қызмет ететін көкірегі ояу, салауатты азаматтар болып өседі» - деген.

Ал, Шәкәрім Құдайбердиев: «Адамның жақсы өмір сүруіне үш сапа негіз бола алады, олар барлығынан басым болатын адал еңбек, мінсіз ақыл, таза жүрек. Бұл сапалар адамды дүниеге келген күнінен бастап тәрбиелейді», - деп жазады. Шынында да, құнды қасиеттерге ие рухани адамды қалыптастыру бүгінгі күннің өзекті мәселесі.

Адамның Адам болып қалыптасуында ата-аналармен қатар тәрбиеші мен мұғалімнің ролі зор. Яғни, білім жүйесінің қызметкерлеріне

болашақ ұрпақты тәрбиелеуде үлкен жауапкершілік жүктелген. Сондықтан бұл істе асығыс шешім, жалған әдіс, қалыптағыдай қатып қалған, ескірген тәсіл қолданылмауы тиіс.

Қазақ халқының этностық ерекшеліктерін байыптасақ, бұл халық ұрпақ сабақтастығын сақтап, алысты жақындатып, аразды татуластырған, ізетті келіннен таныған, татулықты абысыннан тапқан, дарқандықты даласынан, даналықты бабасынан, пәктікті баласынан алған халық. Қазақ адамгершіліктің басы әділдікті ту етіп, әділдіктің басы болған адалдықты анасынан алған. Аналар ұрпақты ұлағаттыққа баулып, дауға - дәру, жауға - қару, араздыққа - араша, татулыққа - тамыр, тазалыққа - нәр, пәктікке - пәрмен, дәстүрге - дәрмен, өнерге - тұлпар, көкте - сұңқар етіп тәрбиелеген.

Халқымыздың ғасырдан - ғасырға қастерлеп келген құнды дәстүрлері өте көп. Оны бүгінгі ұрпақ қаншалықты біледі, қастерлейді, білмесе білуге ұмтыла ма, “халқын сүйген салтын да сүйеді” демекші, олар ата - салтын мақтаныш тұта ма, деген сұрақтар төңірегінде ойланғанымыз жөн.

“Қазақтар балаңды өз тәрбиеңмен тәрбиелеме, өз ұлтыңның тәрбиесімен тәрбиеле”, - дегендей халқымыздың бойына сіңген атадан балаға жалғасып келе жатқан ұлттық тәрбиесі өзге ұлттардан ерекшеленіп, өздеріне тән қасиеттерді көрсетіп тұратындығын жоққа шығара алмаймыз.

Адам бойындағы бар игі қасиет мектеп қабырғасында қаланады. Сондықтан еліміздің ертеңгі ұлт тізгінін ұстар жастарымыздың тәрбиесіне аса мән беру – біздің негізгі мақсатымыз. Осыған орай мектептегі тәрбие үрдісін ұлттық қағидалармен толықтыру өте қажеттілікті талап етеді. Бүгінгі таңдағы мектептер балаларға жекеленген ғылыми пәндерді терең оқытуға тырысса да, адамгершілік құндылықтар арқылы тәрбиелеуге мән бермей келеді. Соның салдарынан жастарымыз жағымсыз қылықтарға бой алдырып, имандылық дегеннің не екенін білмей өсуіне әкеліп соғуда. Ендеше рухани - адами салауаттылық жолын қалыптастыру уақыты жеткен тәрізді.

Бүгінгі күні тіліміздің аясы кеңіп, қазақ мектептерінің саны да артып келеді. Алайда ең керегі оқу орнының сан емес – сапасы екенін естен шығармау керек.

Көбінесе тақырдан басталған халықтық тәрбиенің негізі – орыс мектептеріне арналған оқулықтар мен оқу құралдарынан, әдістемелерден аударып бағдарламаларға енгізілді. Ал, бұл тұста атап айтып тұрғандай, біздің ұлтымызға ғана тән тіліндегі, дініндегі, өмір сүру үрдісіндегі, тұрмыс салты мен әдет-ғұрпыдағы басқа ешбір халықта қайталанбайтын ерекшеліктер ескерілмеді. Басқасын былай қойғанда

жетпіс жыл бойы солақай саясаттың шырмауында, сол кездегі саясатқа байланысты қазақ мектептерінде, ұлттық мектептерде тәрбие мүлдем жүргізілмегендігін ешкімге жасырын емес. Бүгінгі таңда тәуелсіздігіміздің жиырма бес жылдығын атап өтерде, егемендігіміздің еркіндігінің есебі өмірдің – сан-саласында қанат жайып, шарықтаған тұста, әлі де ауыз толтырып, ұртымыз ісіп, мақтанып айта алмайтын күрмеуі шешілмей келе жатқан мәселелер аз емес.

Жоғарыдағы ойымызды тірілтер болсақ, көптеген мектептерде “Халық педагогикасы” өз дәрежесінде жүргізілмейді.

Осының салдарынан ұлттық дәстүр мен әдет-ғұрыпты аяқ асты ету, үлкенді кішінің, ата-енені келіннің сыйламауы, ағаның ақылын інінің алмауы, жастардың еңбекті сүймеуі, жатып ішер жалқаулық, нашакорлық пен маскүнемдік, пайдакүнемдік т.б. сорақы қылықтар жастар арасында жиі көрініс беруде.

Бала тәрбиесі баршаға ортақ іс. Оған көпшілік қоғам болып жұмылу, парасаттылық пен байсалдылық керек. Ұрпақ тәрбиесіндегі ежелден қалыптасқан халқымыздың жақсы дәстүрі мен тағлымдарын, мәдениет тарихын, бұрын - соңғы ұлы ойшыл педагогтардың еңбектерін оқып жетік білмей, оны жақсы меңгермей тұрып келер буынға дұрыс тәрбие - тағлым беру мүмкін емес. Себебі, өткенді жақсы білмейінше келешекке сапар шегу, Л. Толстой айтқандай, айсыз қараңғыда сүрлеу соқпақ іздеп шатасумен пара-пар. Сондықтан да ұлттық салт-дәстүрлерді бала бақшадан бастап жоғары оқу орындарында дейін кең түрде насихаттау қажет.

Бұл мәселемен Республикаға есімі танымал ғалымдар мен педагогтар, атап айтқанда, Қ. Жарықбаев, С. Қалиев, С. Ұзақбаев, М. Балтабаев, Ә. Табылдиев, С. Тілеуова, Қ. Ералин, Б. Ортаев сынды зерттеушілер айналысқан.

Қазіргі таңда салт-дәстүрлердің тәрбиелік мәнін ашу, тәрбиелік әдіс-тәсілдерін жетілдіру қажеттігі айқын көрінуде. Салт-дәстүрлердің тәрбиелік қажеттілігі мен оның тәрбие үрдісінде қолданудың арасында қарама-қайшылық орын алуда.

Имандылықтың құраушы сапалық қасиеттерін анықтау және оларды қазақтың салт-дәстүрі арқылы жастардың тәрбиесіне ықпалын жетілдіруге ұсыныс беру.

1. Педагогикалық, психологиялық, философиялық, арнайы немесе әдістемелік әдебиеттерді зерделеу.

2. Қазақ салт-дәстүрлерінің тәрбиелік мәнін ашу.

3. Оқу процесінде қазақ салт-дәстүрлерінің пайдалану барысын айқындау.

4. Қазақ этнопедагогикасы мазмұнының имандылық тәрбие беру-

дегі мүмкіндіктерін ашу.

5. Қазақ этнопедагогикасы негізіндегі имандылық тәрбиенің жолдары мен құралдары, нысандары мен әдістерін айқындау.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н. Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауы, 2014
2. Нысанбаев Ә., Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы. - Алматы, 1999.
3. Қалиұлы С. Қазақ энциклопедиясының теориялық негіздері мен тарихы (Оқу құралы). –Алматы, 2003.
4. Бегалин С., Шығармалар жинағы. - Алматы, 1966.
5. Кенжалин Ж. Ұлт рухын ұлықтаған ұрпақпыз. – Алматы, 2005.
6. Жастар өміріндегі патриоттық тәрбиенің орны. Қарағанды мемлекеттік университетінің хабаршысы. -2003. - №4
7. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. – Алматы, 1999.

МАТЕМАТИКАНЫ ОҚЫТУ АРҚЫЛЫ БІЛІМ АЛУШЫНЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚҚА БАУЛУ ЖОЛДАРЫ

Сапарғалиева Г.С.

*Қазақстан-Американдық еркін университеті колледж, Өскемен,
Қазақстан*

Қазіргі заманғы білім беру тұжырымдамасының бағыты - ізгілікті жеке тұлғаны қалыптастыру. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында «Білім беру жүйесінің басты мақсаты - ұлттық жеке адамзаттық мәдени құндылықтар негізінде жеке тұлғаның қалыптасуына қажетті жағдай жасай отырып, оның шығармашылық қабілетін дамыту» деп атап көрсетілген. Осыған орай мектеп мұғалімдерінің алдында оқушыға білім-білік дағдыларын игертіп қана қоймай, қабылдауын, ойлауын, қиялын, сезімдерін, ерік-жігерін, яғни оқушыны жан-жақты дамыту міндеттері тұр.

Шығармашылық қабілетті тәрбиелеудің алғы шарттарына мына нәрселерді жатқызуға болады:

- Оқушылардың шығармашылық қабілет деңгейін анықтау.
- Қызығушылық пен таным белсенділігін арттыру.
- Оқушы мүмкіндігіне сай шығармашылық тапсырмаларды жүйелі орындату.
- Оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамытуды кезең бойынша сатылап дамыту.
- Мұғалім өз ісіне шығармашылықпен қарап, сабақты шығар-

машылықпен өткізу.

Осы мәселелер өз шешімін тапса, жан-жақты дамыған, шығармашыл жеке тұлғаны тәрбиелеу ісі өз мақсатына жетеді. «Мектеп жаны – мұғалім», - деп Ахмет Байтұрсынов айтқандай әр мұғалім шығармашылықпен дайындалуына тура келеді. Көп іздену, дайындалу, көрнекіліктер, қосымша әдебиеттерді орынды қолдана, білу - негізгі мақсаты. Математика мамандарының іскерлігі, білім мен біліктілігі, ой ұшқырлығы өте қажет. Оның ішінде оқушының шығармашылық қабілетін дамыту орны ерекше. Баланы шығармашылыққа дамыту үшін психологиялық, педагогикалық алғы шарттарды негізге алған жөн:

- Білім дағдыларын жүйелеу;
- Оқушының өзін-өзі дамыту;
- Өзіне сын тұлғасынан қарау;
- Қабілетін жетілдіруге бағыттау;
- Пікір шектелмейтін еркін шығармашылыққа қалыптастыру.

Оқушының шығармашылығын дамытуға арналған жүйе құрғанда және сол арқылы іс-әрекетті ұйымдастырғанда интеллектуалды жоғары, ойлау қабілеті дамыған, үздік, тәрбиелі, шығармашылық жоба жасай алатын, өз көзқарасын дәлелдей алатын тұлға қалыптастыруға болады. Оқушылардың шығармашылығын дамыту үлкен маңызға ие.

Бұл педагогикалық білім беруді демократияландыру, құқықтық, жариялылық бірлесе сабақ өтумен шығармашылық ынтымақтастық қатынастарын бекіту. Қазіргі заман талабын жете түсінген ір бір ұстаз, өз Отанын шексіз сүйетін білімді, іскер, адамгершілігі мол парасатты, мәдениетті жан – жақты жетілген ұрпақ даярлауға міндетті.

Әрбір ұстаздың мақсаты мен міндеттерінің жүзеге асуы өз пәндерінен оқушыларға үздіксіз білім беру, сабақ сайын ұлттық-рухани тәрбие бойына сіңіріп отыру.

Мағжан Жұмабаев былай деп айтқан екен. «Сыртқы сезім мүшелері арқылы қабылданған дүниенің дамуына әсер ететін, ішкі сезімдердің жанды болуы, алдымен адамның зейініне байланысты. Бала зейінді болмаса ешнәрсе үйрене алмайды».

Оқушыны жобалау шылыққа, шығармашылыққа баулу, ізгілендіру бағытын өрістетудің мәні пәндерді оқыту жүйесін жеке тұлғаның құрылымымен, оның даму заңдылықтарымен сәйкестікте ұйымдастырудан көрініс табады. Оқушының өзін-өзі тануына, өзіндік санасының өсуіне, оның дара тұлға ретіндегі қасиеттерінің қалыптасуына мүмкіндік туғызу жаңа педагогикалық парадигманың өзегін құрайды. Педагогика ғылымы мектеп алдына жеке тұлғаны қалыптастыру міндетін әлдеқашан-ақ қойғанмен, шын мәнінде оның жүзеге асуында

әлде толық шешімін таба алмай отырған мәселелер жеткілікті. Қоғамның даму деңгейі мен әлеуметтік сұраным талаптарына үндес жүйеленген білім көлемі оқыту тәрбиелеудің басты ұстанымдарына сәйкес іріктеліп, оны меңгерту үдерісі педагогикалық психологиялық жаңа бағыттарын басшылыққа ала отырып ұйымдастырылған жағдайда көздеген мақсатқа қол жететіні аян.

Оқушылардың шығармашылық ізденістерін көтеру төрт кезеңнен тұрады.

I-кезең – бұл кезеңде мұғалім оқушыға қарапайым таным әрекетімен таныстырады. Есептерді шығаруға бағыт беріп, өз бетімен орындалуына мүмкіндік береді.

II-кезең – бұл кезеңде мұғалім есепті шешудің әр түрлі тәсілдерін көрсетіп талқылай отырып қолайлысын, тиімдісін таңдай білуге үйретеді.

III-кезең – бұл кезеңде оқушыға өте үлкен жауапкершілік жүктеледі. Оқушы сыныптан тыс қосымша оқуға жалпылама қорытынды жасай білуге үйрену керек, жұмысына анализ беріп, алдағы жұмысына жоспар құра білу керек.

IV-кезең – бұл кезеңде оқушы жұмысы ізденімпаздық мағына алады. Кейбір теориялардың дәлелдемесінің басқа тәсілдерін табу, ғылыми-конференцияға баяндама дайындау.

Осы мақсатта оқушылардың функционалдық сауаттылығын дәстүрлі емес сабақтар арқылы көрсетуді негізге алып отырмын.

1. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру жағдайы. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыру – жаңаша педагогикалық теория мен практиканың өзекті мәселесі болып тұр. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту - оқу тәрбие процесіне ықпал етудегі өмір талабы. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту жолдары, олардың танымдық қабілеттері мен өзіндік іс - әрекеттерді дамыту педагог, психолог, әдіскерлер және мұғалімдердің міндеті. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту - мәселені шешуде, оқу сапасының артуына, технологияларды ұтымды қолдануға көмек беретін негіз болып табылады. Мектептік білім беру жүйесін жаңа уақыт талабына орай өзіміздің ұлттық болмысымызға, негізге алынған ұстанымдарымызға сай жетілдіру үшін «Нәтижеге бағдарланған білім» моделін ұсынады. Мектеп түлектерін өмірде болып жатқан өзгерістерге дайындау және білім беруді заман ағымына сай өзгерту мақсатында оқытудың түпкі нәтижесі ретінде оқушылардың игерген құзыреттіліктері алынған. 1 Математика сабағында функционалдық сауаттылығын дәстүрлі емес сабақтар арқылы көрсетуге қажетті құралдар. Сабақта дұрыс алынған проблемалық си-

туациялар, құбылыстар мен шамалар арасындағы тәуекелдікті дұрыс анықтай білуге дайындайды. Бұл кезде оқушылардың ойлауы белсенді, үдемелі жұмыс жасайды. Мәселені сәйкестендіру кезінде сұрақтар қою арқылы – практикалық есептер, мына талаптарды қамтамасыз етуі қажет. Оқушылардың есептерді кез - келген әдіспен шешу, оқушылардың шығармашылық қабілетін кеңейту. Дәстүрлі емес сабақтардың классификациясы. Дәстүрлі емес сабақтардың көбеюіне байланысты оны классификациялау қажет болды. Классификациялау үлкен көлемді ақпараттан өзімізге қажетті және қызықты, бөлімдерді бөліп алуға көмектеседі. Қазіргі кезде нақты нұсқаулармен ғана жүре алатын, өзіндік пікірі, көзқарасы, ойлау қабілеті төмендеп кеткен, осының негізінде сабақ пен әдіс тәсілдердің бір - біріне сәйкес келмейді. Осыдан келіп өзіндік «мені», өзіндік көзқарасы бар «ой - пікірі» қалыптасқан тұлғаны қалыптастыру үшін, мұғалімнің бойында да тұлғаның қасиеті болу керек.

Сабақтарға Ж. Қараевтің «Деңгейлеп оқыту»технологияларының элементтерін енгізуге тырысамыз.

Бұл технологиялар шығармашылықпен жұмыс істейтін оқушыға үлкен мүмкіндік береді. Ол басқа оқушылардың ілгерілеп жұмыс істеуіне және әдебиеттерді пайдалана білуге және жұмысына жоспар құра білуге үйретеді. Мұғалімнің шығармашылықпен еңбек етуіне мүмкіндігі мол. Оқушыны қостай отырып, оны өз еркінен тыс елеусіз түрде тура шешімге бастау мұғалімнің негізгі мақсаты екенін естен шығармауымыз керек. Сонда ғана өзіне сенімді шығармашылықпен айналысатын білімді оқушы даярлай аламыз. Шығармашылыққа үйрету кезеңінде оқушының көңіл-күйіне түрткі болатындай жағдай туғызбау керек. Осы психологиялық әсер оқушыны шығармашылыққа құлшындырады. Мұғалім әрқашан баланың жетістігін мадақтап, көтермелеп, құптап отырса, оның өз-өзіне деген сенімі оянады, өзін еркін ұстайтын болады. Сонымен қатар, өтілетін сабақтың оқу материалын терең ұғына біледі, оқуға,білімге деген құштарлығы дами түседі. Өз идеясын жүзеге асыруға бағытталған жаңа әдіс-тәсілдер іздейді, өз мүмкіндігін дамытады. Шығармашылық әрекеттерде баланың іздену жұмысы басты нысана болуы қажет. Оқу әрекеті баланың жалпы қабілетін дамытса, шығармашылық әрекет нақты жағдайды шешу барысында нәтижеге жеткізетін қабілеттерін дамытады. Қорыта айтқанда оқушы бойында шығармашылықты дамытудағы үздіксіз құлшыныс, оқуға, білімге деген ұмтылыс өшпей, күннен-күнге дами түсуі қажет. Сонда ғана оқушының ішкі дүниесі, сыртқы ортамен байланысы дамып, оқушы дүниетанымы арта түсері анық.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Глейзер Г.И. Мектептегі математика тарихы. – Алматы, 2012.
2. Собалақов А. Математика тарихынан. – Алматы, 2013.
3. Егемен Қазақстан», 27 тамыз 2008 жыл, 14-бет
4. Дополнительные главы по курсу математики 7-8 классов для факультативного занятия. Пособие для учащихся. / Сост. К.П. Сикорский. – М.: «Просвещение», 1969.
5. Төлепов Ө.Ш. Математика. - Астана: «Фолиант», 2007.
6. Бертісканова К.Т. «Математика тарихы» пәні бойынша оқу әдістемелік кешен. – Алматы, 2014.

АҚПАРАТТЫҚ КОММУНИКАТИВТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ САБАҚТАРЫНДА ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

Қабдықалиқызы Ж.

«№11 мектеп-гимназиясы» КММ, Өскемен, Қазақстан

Бүгінгі ұлттық білім беру жүйесінде қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда жаңа технологияларды сабақта қолдану - жаңа оқытудағы заман талабы. Осындай іргелі технологиялардың бірі - ақпараттық-коммуникативтік технология болып саналады. Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында жиі қолданылатын мультимедиялық технология. Оны сабақта қолдану сабақтың құрылымын өзгертпейді, негізгі кезеңдер сақталады, тек уақыт сипаттамасы өзгереді. Ынталандыру кезеңінің ұзартындығын атау қажет. Бұл - оқушының оқытуда білімін толықтыруға деген қызығушылығын, шығармашылық қабілетін көтерудегі қажетті шарты. Мультимедиялық тұсаукесер (презентация) жүйелі аналитикалық ойлауды дамытады, сонымен қатар тұсаукесердің көмегімен танымдық қызметін ұйымдастырудың әр түрлі формаларын қолдануға болады: фронтальды, топпен, жеке. Мультимедиялық тұсаукесер сабақтың үш мақсатына сәйкес келеді.

Мультимедиялық тұсаукесер сабақтың дидактикалық мақсатына барынша қолайлы әрі тиімді болып сәйкеседі: білімділік аспект: оқу материалын оқушының саналы игеруі; дамытушылық аспект: оқушының танымдық, қорыта білу, талдау, салыстыру, шығармашылық қабілетін белсендіру, дамыту; тәрбиелік аспект: ғылыми көзқарасын, өзіндік және топтық жұмысты ұйымдастыра білуге, өзара көмек көрсетуге тәрбиелеу.

Инновациялық үрдістің негізі - жаңалықтарды қалыптастыру,

қолдану, жүзеге асырудың тұтастық қызметі. Кез келген жаңа әдіс жекелік, сондай-ақ уақытша жоспарға жатады.

Инновация мәселелерін өз еңбектерінің арқауы етіп жүрген бір-қатар ғалымдардың еңбектерін жазған анықтамаларын қарастыра отырып, талдай келе бұл ұғымның белгілі уақыт арасында жаңашыл идеяны қайта қарау, жаңалау деп айтуға болады [1, 28 б.]. Сәл ертерек кездің өзінде белгілі қолданылып жүрген идеялар жаңа бағытта ұсынылса, мұның өзі инновациялы деп аталған. Осыларды негізге ала отырып, инновацияны «жаңалық», «жаңа әдіс», «өзгеріс», «әдістеме», «жаңашылдық», ал инновациялық үрдісті «жаңа әдістеме құралы» ретінде ұғынатын боламыз.

Сонымен қатар инновация білім деңгейінің көтерілуіне жағдай туғызады. Кейінгі кезеңде ғалымдар өз зерттеулерінде оқу-тәрбие ісіне жаңалықтарды енгізіп тарату мәселесін қарастырып жүр. Мемлекеттік білім стандарты деңгейінде оқыту үрдісін ұйымдастыру педагогикалық технологияны ендіруді талап етеді. Ал жаңа педагогикалық технологияның түрі, қолдану ерекшелігі, одан туындайтын мәселелер әлі де зерттеуді қажет етеді.

Жаңашылдық адамдардың кәсіптік қызметінің бәріне тән болғандықтан ол зерттеу мен талдаудың және тәжірибеге енгізудің нысанына айналған. Сонымен қатар жаңашылдық өздігінен пайда болмайды, сондықтан ол ғылыми ізденістің тұтас ұжымның атқарған белсенді іс-әрекетінің нәтижесі ретінде көрінеді [1, 78 б.].

Инновация ұғымы көпшілік жағдайда техникалық өндіріске қатысты қолданылып келгенімен, кейінгі жылдары педагогикалық әдебиеттермен білім беру тәжірибесінде кеңінен көрініс тауып отыр.

Педагогикалық үдерісте инновация оқыту мен тәрбиенің тәсілдері, түрлері, мақсаты мен мазмұнына, мұғалім мен оқушының бірлескен қызметін ұйымдастыруға жаңалық енгізу деген ұғымды танытады. Жаңашылдық адамдардың кәсіптік қызметінің бәріне тән болғандықтан, ол зерттеу мен талдаудың және тәжірибеге енгізудің нысанына айналған. Жаңашылдық өздігінен пайда болмайды, сондықтан ол ғылыми ізденістің, жекелеген мұғалімдер мен тұтас ұжымның әрекетінің нәтижесі ретінде басқаруды қажет етеді.

Мультимедия, бұл - қарқынды дамып келе жатқан, өзіне теледидарлық кескіндеудің және стереодыбыстық бейнелілігі мен нақтылығын дербес компьютердің интерактивтік мүмкіндіктерімен біріктірген ақпараттық технология. Мультимедия құралдары деп бірыңғай басқару элементі- компьютермен жалпы негізде өңделетін өзара байланысты мәтіндік, графикалық, көру және дыбыстық деректердің комбинациясын атайды [2, 101 б.].

Оқытуда негізгі салмақ оқушының жаңа білімді қабылдауына салынып, игеруіне, ізденуіне жұмсалады. Мұндай әдістемені оқушы ауырып сабақ босатқанда немесе тапсырманы орындап үлгермеген жағдайда қолдану ыңғайлы. Бұл жағдайда оқушылар информатика кабинетіне келіп, аяқталмаған тапсырманы толық орындауына болады. Сондай-ақ сабақ уақытында өз тапсырмаларын орындап болғандар басқа оқушыларды тоспай, келесі бөлімге ауыса беруіне болады. Осылайша оқушының жеке жұмыс істеу тәртібіне байланысты барлығы жақсы нәтижеге қол жеткізеді. Мультимедиялық қосымшалар осындай жұмыстарды ұйымдастыруға көмектеседі және бірнеше көмекші тақырыптарды өзіне кірістіре береді. Бұл жағдайда өз бетімен білім алуға, оқушының басқалардан ілгері озуына да болады. Тұсаукесер күрделі, салалы түрде болады. Тапсырмаларды дұрыс орындай отырып, келесі кезеңге өту қажет.

Сабақта ақпараттық-коммуникативтік технологияны қолданудың тиімді жақтары айтарлықтай көп. Атап айтсақ, АКТ қолдану қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарының мазмұнын байытып, жаңа сабақты түсіндіру барысында, сабақты қорыту кезінде тиімді. Осылайша оқу үдерісінің тиімділігі артпақ.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Профессионально-ориентированное иноязычное образование: Проблемы. Состояние. Перспективы: республиканская научно-практическая конференция. 28 мая 2010 г.- Алматы: КазУМОиМЯ им. Абылай хана, 2010.
2. Қазақ тілін жоғары деңгейде меңгерудің тақырыптық лексикалық минимумы. - Астана: Ұлттық тестілеу орталығы, 2011.

РЕФЛЕКСИЯ МӘСЕЛЕСІНІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ӘДЕБИЕТТЕРДЕ ТАЛДАНУЫ

Аликанова Э.А.

Қазақстан-Американдық еркін университет, Өскемен, Қазақстан

Рефлексия терминінің латын тілінен аудармалары: «reflekto - кері бұру; «refleksys»-кері қозғалу, кері бұрылу; «reflexio» - кері қарау. Сонымен қатар латын тілінде «animus reflektare» - көңіл бөлу, еске түсіру, ойлау дегенді білдіреді. Рефлексия - субъектінің өзіндік ішкі психикалық күйін тану үдерісі дегенді білдіреді.

Психологияда рефлексия адам санасының ең маңызды ерекшелігі

ретінде анықталады. Рефлексия терминінің латын тілінен аудармалары: «reflekto»-кері бұру; «refleksys»-кері қозғалу, кері бұрылу; «reflexio» - кері қарау. Сонымен қатар латын тілінде «animus reflektare» - көңіл бөлу, еске түсіру, ойлау дегенді білдіреді. Рефлексия – субъектінің өзіндік ішкі психикалық күйін тану үдерісі дегенді білдіреді [1, 29 б.].

Философ, логик, психолог, педагог ғалымдардың еңбектерінде (А.А. Бизяева, Л.И. Божович, Д.В. Выготский, К.Я. Вазин, Гегель, В.В. Давыдов, А.И. Зимняя, А.Н. Леонтьев, Л.С. Рубинштейн, Д.Б. Эльконин, Г.П. Шедровицкий және т.б.) «рефлексия» ұғымына берілген анықтамаларды төрт топқа бөлуге болады: әлеуметтік-психологиялық анықтамалар (рефлексия – субъектінің ойлану, өз ойларын талдау, өзінің психикалық күйін саралау, өз әрекетін талдауға деген бейімділігі; рефлексия ойлау мен іс-әрекетте - тұлғаның өзінің әрекет етуінің механизмі; кооперация мен коммуникацияда - «үстіне», «сыртқа» ұстанымсына шығу механизмі; өзіндік танымда - ішкі бағыттылықта өзінің орнын анықтау механизмі мен «Мен-ділік» шекарасын белгілеудің әдісі); логикалық-гносеологиялық анықтама (рефлексия – адам ойының қағидасы, өзіндік әрекеттердің алғышарттарын ұғыну, білімнің мазмұнын және оның танымдық әдістеріне талдау жасау); әлеуметтік-философиялық анықтамалар (рефлексия - өзіндік сананың маңызды элементі, оны дамыту факторы; рефлексия – бұл ішкі қарама-қайшылықтардың өзектілігін тауып, оларды шешу жолдарын көрсететін, өзінің тәжірибиелік іс-әрекетін сезінуге бағытталған, адамның өзін-өзі тану қабілеті); педагогикалық анықтамалар (рефлексия - өзін-өзі танудың, түсінудің, тексерудің, бағалаудың негізгі тәсілі және ойлаудың қажетті құралы) [2, 23 б.].

Рефлексия ең алғаш философияда пайда болып, адамның санасында болып жататындарды ойлау үдерісі ретінде танылған. Сонда рефлексия адамның рухани әлемінің мазмұнын ашушы өзін-өзі тану іс-әрекеті. Алғаш рефлексия ұғымын қолданысқа енгізген ежелгі грек философтары болып табылады. Сократ адамның маңызды міндеттерінің бірі өзінің рухани белсенділігінің танымдық функцияларын тану деп білді. Платон өзін-өзі танудағы ақылдылықты тәрбиелеуді өзі туралы білім ретінде анықтады. Аристотель рефлексия ретінде құдайлық ақылды, яғни зат туралы білім мен білімнің бірлігін, яғни ойлаушы және ой ретінде мойындады. Уақыт өте келе рефлексия ұғымы кеңейді, бұл бір жағынан философиядағы жаңа заман мәселесі адам білімінің көзін негіздеуге байланысты болды. Р. Декарт рефлексияны индивидтің өз ойларының мазмұнына шоғырлана алуы ретінде қарастырды. Нәтижесінде алынған өзі туралы білім бұл жалғыз нақты

білім болып табылады. Дж.Локк рефлексияны ішкі тәжірибе ретінде қарастырып, оны сыртқы орта жайлы сезім мүшелері қабылдауларына негізделген білімнің жалғыз көзі деді. Кейінірек бұл интраспективті психологияның басты аксиомасы болды. Рефлексияны ғылыми зерттеу Локк еңбектерінен бастау алады. Локк ең алғаш рефлексияны ерекше психикалық шындық екенін көрсетті. Ол оны ақылдың өзін-өзі бақылау әрекеті ретінде анықтап: «... ақыл өз іс-әрекеті мен оның көрінулерін итермелейтін бақылау, соның негізінде санада осы іс-әрекет идеялары туындайды». Неміс классикалық философиясында гносеологиялық мәселелерді қарастыру рефлексия жайлы білімдер ерекше дамыды. Мұнда рефлексия өзіндік таным құралын талдау ғылымы ретінде немесе теориялық интроспекцияның ерекше түрі ретінде түсінілді. И. Кант рефлексияны адамның танымдық қабілеттілігі негізіндегі зерттеулермен байланыстырып қарастырды және оның ұғымдарды қалыптастырудағы ерекше рөлін көре алды. Ол қоршаған орта заттарын бір-бірімен салыстыру негізінде логикалық рефлексияны және салыстырылған елестер қандай да бір танымдық қабілеттілікпен сезім немесе санамен байланыстыру арқылы трансцендентті рефлексияны бөліп көрсетті (Кант, 1965). Гегель рефлексияны танымдық үдерістің керекті кезеңі ретінде мойындап, сонымен қатар оның шектеулерін де атап көрсетті. Ол сонымен бірге рефлексиядағы адам жанын дамытушы қозғалтқыш күшті де көре алды. Жалпы сол кезеңдегі Батыс Еуропа философиясында рефлексия бағыты қарқынды дами бастайды. Рефлексиялық қағиданың көптеген бағыттарының ішінен рефлексияның рөлі ерекше мәнді болғандарын қарастырайық [3, 290 б.].

Гуссерль феноменологиясында рефлексия сана танудың әмбебап тәсілі ретінде сипатталады. Қазіргі герменевтика (Г.Гадамер, П. Рикер, К. Ясперс) рефлексияның негізгі функциясы ретінде мәнділікті интерпретациялау және негіздеу деп қарастырып, рефлексияны мәнділік және «Мен» арасындағы қатынас ретінде көрсетеді. Экзистенциализм философиясы (Ж. Сартр, М.Хайдеггер, С.Франк) рефлексияның жаңа мазмұнын ашады: рефлексия адам ұятының дауысы бола отырып, сананы бақылаушы функциясына ие этикалық қасиетке жатады. Рефлексия «саналы ойлау» ретінде адамда кінәлілік сезімін оятады, адамды өзінің адамгершілік ұстанымын бағалауға итермелейді, оның өмір сүру барысын айқындайды. Қазіргі философияда рефлексиялық бағыт дәстүрлі және әртүрлі мәдениет формасындағы (өнерде, тілде, ғылымда және т.б.) білім мазмұны жайлы рефлексия, ойлау үдерісі жайлы рефлексияда белсенді жүзеге асырылуда. Ақпараттанған қоғамдық жағдайда, білімнің дифференцияциясы және ық-

палдастығының өсуіне байланысты рефлексияның әдіснамалық функциясы қарқынды дамуда. Осы рөлде рефлексия пәнаралық әдіснамалық мәселелерін шешуде, пәнаралық ғылыми зерттеулерді ұйымдастыруда, ірі жүйелерді басқарудың тиімділігін жоғарылату үшін қолданылады. Рефлексиялық бағытты қазіргі философиялық ғылымда жүзеге асырудың болашақтық бағыты ғылымның өзіндік рефлексиясын зерттеу болып табылады. Өзіндік рефлексия ғылымы қоғамның рухани өміріндегі өз орнының мәнділігін, моральдық қағидаларды, зерттеудің мүмкін болар салдарын саналау, ғылыми ізденістерді тіл құралдары арқылы сипаттау. Ғылымда рефлексия өзіндік ғылыми, әлеуметтік, этикалық, тіпті эстетикалық бағыттылыққа ие. Әрине, мұндай бағыт ғылыми ізденістердің дамуына ықпал жасап, оның өнімділігін арттырады және оның рухани әлеуетін байытады (Ладенко, Семенов, Степанов) [4, 176 б.].

Рефлексия жайлы білімнің дамуы оның ары қарайғы дифференциациялануына әкеледі. Қазіргі философияда рефлексияның негізгі үш түрін бөлі көрсетеді.

Тұлға мен оның іс-әрекетінің күрделілігі, көп мәнділігі адамның белсенділігінің психологиялық реттеу ерекшелігі мен іс-әрекетінің өзіне тән сипатымен шарттанады.

Адамның кәсіби іс-әрекеті меңгеруі мен таңдауы оның қоғамдық және жеке өмір тәжірибесіне байланысты. Сондықтан кәсіпті меңгеру тек қандай да бір когнитивті жүйелерді меңгеріп қана қоймай, сонымен қатар адамның жеке тұлғалық құрылымның қайта құрылуы мен субъективті тәжірибесін терең қарастыруды қажет етеді.

Рефлексия мәселесінің дамуы мен қалыптасуын зерттеген Г.П. Щедровицкий (1929-1994) болды. Оны рефлексия философиялық көзқараста қызықтырды яғни «құрастыруды басқаратын нақты ережелер немесе табиғи іс-әрекеттердің даму заңдылықтарының механизмдерінің көрінуі» болды. Г.П.Щедровицкий рефлексияны түсіндіру үшін «рефлексивті шығу»түсінігін енгізді, ол «индивит үшін қажет» іс-әрекеттің өткен көзқарасынаншығып жаңа жаңа көзқарасқа өту, сырттай қарағанда жасалған әрекеттерге қатынасымен және болашақ жоспарланған әрекетке қатынасы.

С.Ю. Степанов пен И.Н. Семенов еңбектерінде рефлексия жеке даму қасиеттерінің даму механизмдері ретінде қарастырылады. Сонымен бірге рефлексия іс-әрекеттің бағытында, оның мәні оны іс-әрекет құрылымының компоненті ретінде қарастырудан тұрады. Осы бағыттағы өкілдерге Л.С. Выготский, А.Н. Леонтьев жатады.

Практикалық қатынаста Л.С.Выготский психикалық дамуда рефлексияның теориялық рөлін ескерген. Ол «байланыстың жаңа типтері

мен функцияның бірлестігі санадағы өзіндік процестің бейнесі ретіндегі болжамы» деп есептейді. Мұның негізінде сыртқы әлемдегі жағдайларды өзінен кез келген қайғыруды өткеру деп түсіндіріледі.

Сонымен қатар Л.С. Выготский онтогенез үдерісінде адамның рефлексивті мүмкіндіктерінің игеруімен жеке психикалық актіде тұлғаның қатысуы байқалады деген ойы да маңызды. Бұл тұжырым ішкі тұлғалық белсенділіктің психикалық актісі арқылы байқалу мүмкіндігін менгереді. Выготский рефлексивтіліктің эмпирикалық зерттелу мүмкіндігін ескереді. Сонымен қатар жас ерекшеліктер, соның ішінде адамдағы рефлексияның пайда болуы мен сананың құрылу кезеңі ретіндегі жас өспірімдік кезең айтылады [5, 260 б.].

А.Н. Леонтьев рефлексияны психикалық бейненің формасы ретінде, сыртқы іс-әрекетің ішкіге механикалық түрде өтуідеп қарастырады. Рефлексия адамда өзінің сыртқы іс-әрекет шындығында, өзінде сананың пайда болуы ретінде қарастырылады. Мұнда рефлексия енді сананың критериясы ретінде көрінеді.

Б.Г. Ананьев тәрбиемен өзін ақылды етіп тәрбиелеу жайлы сұрақ қойып, оқушылардың өзіндік жұмыс процесінде оны бақылап, рефлексияның даму мәселесін ажыратты. Рефлексия мәселесі, оның рөлі нақты және гумунитарлық ғылымдардың әртүрлі теориялық бағыттарында, соның ішінде жалпы, әлеуметтік, педагогикалық психологияның т.б. әртүрлі бағыттарында зерттелген. Психологияда рефлексия мәселесі сананың мәселесімен үздіксіз байланыста, осындай сапада рефлексия шет елдердегі сияқты отандық психотерапияда да кен таараған.

Рефлексия ішкі және сыртқы тіршіктің күрделі және қайшылықты сипатын түсінудің, мәселелерді конструктивті шешудің және үйлесімді жан-жақты дамушы тұлға болып қалыптасудың қажетті шарты. Ойлауды денгейлі ұйымдастыру динамикасында, кәсіби міндеттерді шешудің әртүрлі сатыларында, рефлексивті тұлғалық реттеу мехонизмдері ең маңызды сипатқа ие. Рефлексия ойлаумен тығыз байланысты. Кәсіби міндеттерді сәтті шешуде заттық-операциялық жоспарды жанамалап түсіндіретін рефлексивті жоспардың рөлі өте зор.

Рефлексия тұлғаның өзіндік танымына апаратын жол мен форма, тұлғаның кәсіби өсуі мен өзіндік жетілуін қамтамасыз етеді. Рефлексия өзінді, басқаларды түсіну арқылы өз іс-әрекетінің нәтижесін түсінетін жанамаланған үдеріс. Рефлексия өзіндік даму мен өзін-өзі жетілдіру негізі, өмір әрекетінің нағыз субъектісі, тұлғаның даму шарты [6, 380 б.].

Рефлексия – адам санасының маңызды ерекшеліктерінің бірі.

Рефлексияны «ойлау туралы ойлау» деп те түсінеміз. А.П.Огурцовтың пікірінше, «рефлексия – бейнеден ауытқығанда, бұрынғы бейнеге қанағаттанбаған сезімді ұғынғанда пайда болады», - дейді. Ал А.З. Зак рефлексия мәселесі бойынша бірнеше бағыттарды көрсетеді, соның бірі, рефлексияның кәсіптік ойлаумен байланысты. Яғни санадағы идеялар әлемі, ұғымдар, тұрмыстық және ғылыми білімдер, әсерленулер, құндылықтар, эмоциялар, аффектілер. Ойлау жұмысының продуктивтілігін қамтамасыз ете алатын рефлексивті – тұлғалық реттеу механизмдерде негізгі рөл атқарады.

Рефлексия – тұлғаның өзіндік танымының негізгі формасы. Рефлексия арқылы субъект біртіндеп өзіндік даму мен өзіндік жетілдіру негізінде болатын, өз әрекетінің нағыз субъектісі жетілген тұлғаға айналады. Рефлексия – ойлаудың жүйе қалыптастырушы факторы және оның реттелуін жүзеге асырады.

Рефлексия ұғымының анықтамасын қарастыра келе, А.П.Огурцов теориялық іс-әрекеттің формасы екенін атайды. Ендеше ол тек теориялық әрекетте ғана көрінеді, ал дәстүрлі мәдениетте кездеспейді деген ұғымға әкеледі. Ол теориялық іс-әрекет ұғымын түсінуге байланысты. Адамдар тек не теориялық, не практикалық қана ойлайтын адамдар деп бөлінбейді ғой. Мұнда С.Л. Рубинштейннің пікіріне негізделеміз, яғни теориялық іс-әрекеттен өндіріледі [7, 432 б.].

Сонымен, рефлексия – тұлғаның жеке құндылық бағыт-бағдарының жаңаруын, ұмтылысын, іс-әрекет амалдарын, өзіне деген қарым-қатынастардың қалыптасуының жасалуына әсер етеді, адамның өзіндік дамуының негізгі механизмі болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Абульханова-Славская К.А. О путях построения типологии личности // Психол. журн. - 1983. - № 1.
2. Авилов А.В. Труд руководителя: Рефлексивное управление: Автореф. дис... канд. психол. наук. - М., 2000.
3. Адлер А. Практика и теория индивидуальной психологии. - М., 1995.
4. Айзенк Г.Ю. Проверьте свои способности. - М.: Мир, 1972.
5. Алдер Х. НЛП: современные психотехнологии. - СПб., 2000.
6. Ананьев Б.Г. О проблемах современного человекознания. - М., 1977.
7. Андреева Г.М. Социальная психология. - М., 1988.

БИОЛОГИЯ ПӘНІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚПЕН ЖҰМЫС ІСТЕУГЕ ДАҒДЫЛАНДЫРУ

Касенова Ш.И.

*Қазақстан-Американдық еркін университеті колледжі, Өскемен,
Қазақстан*

Уақыт озған сайын ғылым да қарыштап дамып, адамның білім өресі мен интеллектуалдық мүмкіндіктері бұрын-соңды болмаған белестерді бағындыруда. Кез-келген елдің экономикасы мен әлеуметтік саладағы дамуы, қол жеткен табыстары оның ғылым мен білім беру жүйесіндегі жетістіктеріне тікелей қатысты екіндігі бүгінгі күннің шындығы болып отыр. Бүгінде заманауи біліммен, ғылымның озық жетістіктерімен жана-жақты қаруланып қоймай, оны іс жүзінде қолдаудың тетіктерін меңгеріп, рационалды ойлауды нақты тәжірибеде жүзеге асырудың таба білген қоғам өзгеден озып тұр. Сол себепті бүгінде әлеуметтік қоғамның барлық саласында дендеп енген жаһандану дәуірінде әр егеменді ел әлемнің білім кеңдісінде өз орнын айқындап алуы керек.

Мұғалімнің шығармашылық ізденісінің ең бастысы- оқушының ойлау қабілетін дамыту және оқуға деген ынтасын қалыптастыру. Баланы бастауыш сыныптардан бастап шығармашылық ойлауға, қалыптан тыс шешімдер қабылдай алуға, практикалық әрекеттерге дайын болуға әкелудің жолдарын көрсету керек.

Бүгінгі күні оқушыларға қойылатын басты талаптардың бірі оларды танымдық іс ерекеті арқылы жан- жақты дамыған, шығармашылықпен жұмыс істейтін жеке тұлға ретінде қалыптастыру болып табылады.

Шығармашылық бүкіл тіршіліктің көзі. Адам баласының сөйлей бастаған кезінен бастап, бүгінгі күнге дейін жеткен жетістіктері шығармашылықтың нәтижесі. Бұған бүкілхалықтық, жалпы және жеке адамның шығармашылығы арқылы келдік. Әр жана ұрпақ өзіне дейінгі ұрпақтың қол жеткен жетістіктерін меңгеріп қана қоймай, өз іс әрекетінде сол жетістіктерді жаңа жағдайға бейімдей, жетілдіре отырып, барлық салада таңғажайып табыстарға қол жеткізеді.

Қоғам өміріндегі болып жатқан әлеуметтік, саяси және экономикалық өзгерістер мен аталған салалардың болашақтағы дамуы қоғамдағы негізгі фактор болып есептелетін жеке тұлғаның даму деңгейіне тәуелді. Бұл мәселе қоғамдағы білім берудің талаптарын түбегейлі өзгертуді, ақпараттық- коммуникациялық технологияларды қолдануды, ол өз кезегінде, жеке тұлғаның қоғамның талаптарына сай

жан жақты дауына жол ашады. Аталған міндеттің орындалуы студенттердің танымдық іс әрекетін қалыптастыруға бағытталған кәсіби құзырлығы мен педагогикалық шеберлігі қалыптасқан мұғалімдердің қолында. Дәлірек айтқанда, биология пәні мұғалімдерінің инновациялық әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы оқушылардың танымдық іс әрекетін қалыптастыруды арттыра түсуді көздейді.

Оқушылардың танымдық іс –әрекеті мектеп оқушыларының пән сабақтарында шығармашылықпен жұмыс істей отырып, проблеманы шеше алатын құзыретті тұлға ретінде қалыптасуына септігін тигізеді. Аталған әрекет кез-келген пән мұғалімдерінің қызмет түрімен біртұтас құрылымдық бірлікті құрай алады.

Оқушылардың биология саласында қалыптасатын танымдық іс әрекеті танымдық қызығушылық пән қажеттілікті туғызуға бағытталған оқу әрекетінің түрі болып саналады. Танымдық іс әрекеттің қалыптасуы негізінде студенттердің ой өрісі толысып, белсенді ойлау әрекеті мен шығармашылық ойлау үдерісін дамытумен қатар, студенттердің кәсіби мәдениеті мен ізденімпаздығын дамытады. Танымдық іс - әрекет -оқушылардың танымдық мотивтеріне мотивациялық тұрғыда басшылық жасау нәтижесінде туындайды. Оқушылардың орта білім беретін мекемелерде білім алуы, біліктіліктерінің қалыптасуы дағдыларының дамытылуы оларды шығармашылықпен еңбек етуге үйретеді.

Қазіргі таңда білім саласының алдында дайын білімді, дағдыларды меңгеретін, қайталайтын ғана емес, шығармашылық бағытта жұмыс істейтін, тың жаналықтар ашатын, біртума ойлау қабілетімен ерекшеленетін жеке тұлға қалыптастыру міндетінің тұрғаны баршамызға белгілі. Осы орайда оқушылардың шығармашылық мүмкіндіктерің даму тудың маңызды мәселе екендігі туындайды.

Ғылыми зерттеулерге сүйенетін болсақ, оқушы шығармашылығын дамытуда «шығармашылық тапсырмалар» үлкен рөл атқарады. Шығармашылық тапсырма ретінде біз оқушылар ұлайы тек акпарат өндіру емес, шығармашылықты талап ететін тапсырмаларды қарастырамыз. Себебі тапсырмалар белгісіздіктің кіші және үлкен элементтерінен және бірнеше дұрыс дауыстардан тұруы мүмкін. Шығармашылық тапсырма кез келген интерактивті әдістің мазмұны мен негізін құрайды. Оның айналасында жариялылық пен ізденімпаздықтың тапсырмалар оқу барысына үлкен мағына беріп, оқушыларды ынталандырады.

Шығармашылық тапсырма жеке дара күйінде мұғалімдер үшін де шығармашылық тапсырмалар мына төмендегі талапқа сай болуы керек:

1) бір мағыналы және тым карапайым жауабы немесе шешімі болмайды;

2) оқушыларға тәжірибелік тұрғыдан пайдалы болып табылады;

3) оқушылардың өмірімен байланыста болады;

4) оқушылардың қызығушылығын тудырады;

5) оқытудың мақсатына барынша сай келеді.

Оқушылардың танымдық белсенділіктері мектеп оқушыларының пән сабақтарында шығармашылықпен жұмыс істей отырып, мәселені шеше алатын күзиретті тұлға ретінде қалыптасуына септігін тигізеді. Аталған әрекет кез келген пән мұғалімдерінің қызмет түрімен біртұтас құрылымдық бірлікті құрай алады.

Шығармашылық тапсырмалар арқылы биология саласында оқушылардың танымдық іс-әрекетін қалыптастыру оқу үдерісін ойдағыдай ұйымдастырудың негізгі шарты болып табылады. Ол оқу үдерісінің тиімділігін арттыру, студенттердің оқу әрекетінің психологиялық ерекшеліктеріне сай дидактикалық әдіс-тәсілдерді қолданулы, оқытудың дамытушылық қызметін толық пайдаланып, танымдық іс-әрекетті дамытуды талап етеді. Орта білім беретін мектептерде шығармашылық тапсырмаларды шеберлікпен орындауда пән мұғалімдері мен оқушылардың өзара субъективтік қатынасына негізделген танымдық іс-әрекет онтайлы ұйымдастырылғанда оқытудың нәтижелілігі артады. Сондықтан оқушылардың танымдық іс-әрекетін қалыптастыру орта білім беретін мектептерде оқу үдерісін ұйымдастырудың маңызды міндеті.

Егемен еліміздің білім беру жүйесінде әлемдік деңгейге жету үшін жасалып жатқан талпыныстар жағдайында оқытудың әр түрлі әдіс-тәсілдерін қолдана шығарманы қайталап тыңдау.

Қорыта келе айтарамыз бірқатар қазақстандық және шетел ғалымдарының берілген анықтамаларына талдау негізінде танымдық іс-әрекетті тұлғаның құндылықтарымен қажеттіліктеріне сай өзін-өзі жетілдірумен дамытудың тұлғалық тәсілі ретінде қабылдан, томендегі негізгі компоненттері өзіміздің іс-тәжірибемізді қолданамыз:

1. Дидактикалық компонент, танымдық іс-әрекеттің дидактикалық сипатын білдіреді: мақсат, мазмұн, түрі, әдісі, құралдары, тәсілдері, т.б.

2. Кибернетикалық компонент, пән мұғалімі мен оқушының бірлескен іс-әрекетін танымдық деңгейде анықтайды т.б. қоғам, жеке тұлғалық сипатта болады.

3. Психологиялық компонент, оқушылардың танымдық іс-әрекетін психологиялық қамтамасыз ету.

4. Гносеологиялық, танымдық іс-әрекет үрдісінде ақпараттар ағы-

мын реттен, оны игеруді басқарады.

5. Әлеуметтік компонент, танымдық іс- әрекетті қалыптастыруда жалпы әлеуметтік байланыстардың ықпалып белгілейді.

6. Ұйымдастырушылық компонент, оқушының танымдық іс әрекетінің ұйымдастыру сапасын қамтиды.

Себебі биология пәнінде оқушылар білімді өз бетінше алуға дайындығы болады және оны түрлі жағдайда қолдана білуге дағдыланады; тұтас педагогикалық үдерісте биология пәні мұғалімінің басшылығымен мақсатты өзара әрекет жасайды; іргелі білімдерді игереді; танымдық іс- әрекет тәсілдерін меңгереді; өзін- өзі бақылау мен әрекетке беймделу біліктіліктері қалыптасады; шығармашылық тапсырмаларды орындауды үйренеді; мәселелерді шешудің қажетті ұжымдық нысандарын ұйымдастыру дағдыларын меңгереді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Куанышбаева Г. К. Биология пәнінде жана технологияларды колдану «орта мектеп, Алматы, 1 (4), 1991.
2. <http://bilimkozy.idhost.kz/31>
3. Божович Л.И. Психологические закономерности формирования личности в онтогенезе // Вопр. Психологии. 1976 № 6 - С. 45-53.

ЖАРЫС ӨТКІЗУ ЖҮЙЕСІНІҢ ТҮРЛЕРІ, ЖАРЫС ЖӘНЕ ЖАРЫСҚА ДАЙЫНДЫҚ

Рамазанов А.К.

*Қазақстан-Американдық еркін университеті колледжі, Өскемен,
Қазақстан*

Жарыс өткізу жүйесінің кең тараған түрлері айналмалы жүйе, жарыстан шығып қалу жүйесі және аралас жүйе.

Айналмалы жүйе. Айналмалы жүйе бойынша жарыс өткізілгенде әр команда өз алаңында және қарсыластың алаңында барлық командамен кезігеді. Бұл жүйемен өткізілген жарыста шындығында ең мықты команда анықталады. Бас төреші жеребе тартып, әркоманда нөмер алады. Ойын кестесін жасау үшін, жарыстың неше күнге созылатынын және неше кездесу өтетінін мына формуламен анықтайды: $X=A(A-1)/2$;

X – кездесу саны, A – барлық команда саны.

Ал жарыстың өтетін күндерінің саны – жарысқа қатысушы командалардың санына байланысты, егер командалар саны тақ болса,

командалар санына, командалар саны жұп болса, бір күнге аз болады.

Мысал үшін жарысқа 9 команда қатысуда, онда бір айналымда кездесулер саны 36-ға тең болады, және жарыс 9 күнге созылады, $X=9(9-1)/2=9*8/2=36$. Жарыс кестесін жасағанда, алаңды кезекпен ауыстырып өткізетін және алаң ауыстырмай өткізетін екі жүйе қолданылады.

Жарыстың алаң ауыстырып өткізетін жүйесін үйренейік: командалардың тақ санын алып, соншама тік сызық қатарлап сызамыз. Айтайық 5 команда:

		4		5		
4		3		5		4
5		2		1		3
		1		2		3
1 – 0		0 – 4		2 – 0		0 – 5
5 – 2		2 – 1		1 – 3		4 – 1
4 – 3		3 – 5		5 – 4		3 – 2
1 күн		2 күн		3 күн		4 күн

Ал алаңды ауыстырмай, бір-ақ алаңда өтетін жүйені алайық, мында жарыстың неше күнге созылатын күнін анықтайды да, осыған орай ойнайтын жұптарды белгілейді. Ойын кестесін құрғанда екінші және одан кейінгі күндері 1 – нөмер орнында қалады, ал басқа командалар сағат тіліне қарсы бағытта бір орын алға жылжып отырады.


1 – 6	1 – 5	1 – 4	1 – 3	1 – 2
2 – 5	6 – 4	5 – 3	4 – 2	3 – 6
3 – 4	2 – 3	6 – 2	5 – 6	4 – 5
1 күн	2 күн	3 күн	4 күн	5 күн

Жарысқа қатысушы командалар көп болған жағдайда, командаларды топқа бөліп тастайды, жеңімпаздар финалда кезігеді.

II. Жарыстан шығып қалу жүйесі

Бұл жүйе бойынша команда алғашқы жеңілістен кейін-ақ жарыстан шығып қалады, келесі айналымда барлығы екі есе аз команда

өнер көрсетеді, ең аяққы кездесудегі жұп финалдық кездесуді өткізеді. Бұл жүйеде жарысқа өте көп команда қатыса алады, бірақ аса мықты командалар финалға дейін-ақ жарыстан шығып қалуы жиі кезігеді.



III. Жарыс өткізудің аралас жүйесі.

Бұл жүйеде жарыстың айналмалы жүйесінен бастап жарыстан шығып қалу жүйесімен аяқталуы немесе керісінше жарыстан шығып

қалу жүйесінен бастап айналмалы жүйемен аяқтауға болады.

Жарыс және жарысқа дайындық.

Жарысқа дайындық күнтізбелік жарыс жоспарына өткізілетін жарысты кіргізіп, жарыс уақыты белгіленген күннен басталады. Жарыстың масштабына, маңыздылығына, қатысатын спортшылардың дәрежесіне, санына байланысты жарысқа дайындалу уақыты, кезеңдері белгіленеді. Шартты түрде жарысқа дайындалу кезеңін үшке бөлуге болады.

• Алдын ала дайындық кезеңінде өткізілетін жарыс күнтізбе жарыстар жоспарына кіргізіліп, өткізу уақытына 2-3 ай қалған уақыттан басталады.

Бұл кезеңнің негізгі жұмыстары:

- жарыстың мәлімдемесін жасау;
- демеушілерді дайындау;
- жарысты ұйымдастыру комитетін тағайындау;
- жиынын өткізу;
- жауап беретін жұмыстарын анықтау;
- марапаттау сыйлықтарын, мақтау қағаздарын белгілеу;
- қатысатын командаларды, жарысты өткізетін төрешілерді белгілеу;
- мекен жайларын анықтау;
- мәлімдемелерді қатысатын командалардың мекен жайына хат арқылы жіберу;
- жарыс болатыны жазылған хабарламаларды (афишаларды), жарыс бағдарламаларын, қойылымдарын, шақыру қағаздарын дайындау және т.б.

• Жарыс алдындағы дайындық кезеңі жарысқа бір-бір жарым ай қалған кезден басталады.

Бұл кезеңнің негізгі жұмыс мазмұны үш түрге бөлінеді:

А. Байланыс, қонақ үй мәселелері:

- қатысатын командалардан, төрешілерден келген телеграммаларды жинақтау;
- телеграмма келмегендермен телефон арқылы хабарласу;
- басқа қаладан келетін жарысқа қатысушылар үшін (санын анықтағаннан соң) қонақ үйге сұраныс беріп, хат тапсыру арқылы сол уақытқа бөлмелерді белгілеп қою.

Ә. Жарыс өткізетін жер, дәрігерлік қызмет жұмыстары:

- жарыс өткізілетін спорт кешеніне сұраныс беріп, уақытын белгілеп қою;
- жарысты дәрігермен қамтамасыз ететін медициналық мекемеге хат апарып беріп, оларға жарыс күнін ескертіп қою;

- жарыс кезінде тамақтандыруды ұйымдастыратын мекемелерге хабарласу.

Б. Жарыстың ашылу салтанатына байланысты жұмыстар:

Жарыс кезінде концерттік бағдарлама жүргізетін мәдениет мекемелерімен, спорттық көрсетілімдер көрсететін спорт мектептерімен хабарласу.

Жарыс салтанатында сөз (құттықтау) сөйлейтін ресми адамдарға, спорт және еңбек ардагерлеріне шақыру қағаздарын беру.

Ұйымдастыру комитетінің жиналысын өткізу.

Жарыс өткізілетіні туралы хабарламалар, жарнамалар ілу т.с.с.

1. Жарыс кезіндегі дайындық кезеңі:

Бұл шара жарысқа 3-4 күн қалғанда басталып, жарыс күніне дейін созылады.

Бұл кезеңнің негізгі жұмыстары:

Қонақ үйге, спорт кешеніне, дәрігерлік мекемеге, мәдени шараға жауапты адамдарға тағы бір рет хабарласып, пысықтап қою.

Жарыс орнын дайындау – жарыс алаңы, Мемлекеттік Жалау, Мемлекеттік Әнұран, радиофикация, құжаттар, хатшы, компьютер, ашылу, жабылу салтанаты, төрешілер мен спортшылар киінетін, отыратын жерлер және т.б.

Бір күн қалғанда төрешілер мен спортшыларды қарсы алу, орналастыру.

Мандаттық комиссия жұмысын ұйымдастыру.

Төрешілер отырысын өткізу.

Жарысты өткізу

Жарыс өткізілетін жер өте сәнді безендірілуі, ашылу, жабылу салтанаты, сауатты жоспарланып өткізілуі қажет. Оның қазіргі заманның талабына сай болуына өте көп көңіл бөлінуі керек. Спортшылар мен көрермендердің патриоттық сезімін ояту үшін міндетті түрде ашылу, жабылу салтанаты кезінде Мемлекеттік Ту көтеріліп, Мемлекеттік Әнұран ойналуы керек. Жарыстың өтуін хабарлап отырған диктордың нақты, сауатты сөздерінің де маңызы өте зор. Осы жердегі тәртіпті сақтаудың қатаң қадағалануы да маңызды мәселелердің біріне жатады. Спорт жарыстарында көрсеткіш тақталардың болуы, төрешілердің өз жұмыстарын нақты орындауы, төрешілік терминдерді, қолмен көрсететін төреші ымдарын нақты орындауы, өз жұмыстарына жауапты қарауы жарыс кезінде көзге көрініп тұрады. Өйткені көрерменнің назарына спортшының қимыл-әрекетімен бірге, төрешінің әрекеті де бірдей шалынады. Сондықтан, спортшының таза, қонымды спорттық формасымен бірге, төрешінің де төрешілік киімі сәнді, таза,

жарыс талабына сай болуы қажет.

Салтанатты мереке түрінде басталған жарыс әсем, әсерлі түрде салтанатты жабылуы қажет. Көрермендер өткен жарыстан эстетикалық қанағат алып, тамаша көңіл-күймен тарқағаны дұрыс болады.

Жарыстың құжаттары

Жарыстың құжаттары төртке бөлінеді:

1. Жарыстың мәлімдемесі.
2. Жарысқа қатысушының сұранысы.
3. Жарыстың хаттамалары.
4. Жарыстың бас төрешісінің есебі.

Барлық дәрежедегі жарыстарға даярлық алдында ең негізгі жарыс құжатын - мәлімдемені сауатты құрастыру қажет. Жарыстың атына, атауына үлкен мән берген дұрыс. Жарыстың атауында жарыстың масштабы, кімдер арасында өткізілетіні нақты түрде көрініс табуы керек. Мысалы: «Волейбол спортынан студенттер арасында өткізілетін Шығыс Қазақстан облысының біріншілігі». Барлық жарыс түрлерінің мәлімдемелері негізгі жеті түрлі бөлімнен тұрады:

1. Мақсаты мен міндеттері. Жарыс негізгі қандай мақсатта өткізілетінін жазамыз. Мысалы облыс біріншілігін өткізсек республикалық жарысқа қатысатын облыс құрама командасының мүшелерін анықтау т.с.с. Міндеттері бірден үшке дейін болуы мүмкін:

1. Спортшылардың денсаулығын нығайту, салауатты өмір салтын насихаттау.

2. Жарыс өткізілетін спорт түрін насихаттау.

3. Спорт түрінің техникасы мен тактикасын жетілдіру және т.б.

2. Жарыс өткізілетін орны мен уақыты. Өткізілетін орны мен уақыты қатаң белгіленіп, нақты жазылуы керек. Мысалы: «Жарыс Өскемен қаласында,

Б. Александров атындағы спорт сарайында 2013 жылдың 1-3 қыркүйек аралығында өткізіледі» деп жазылуы керек.

3. Жарысты басқару мен қаржыландыру.

Мәлімдемені бекітіп, оның оң жақ жоғарғы бұрышына «Бекіттім» деп қол қоятын мекеме басшысы жарысты басқаруға төрешілер тағайындайды. Сол төрешілер жарысты басқару бөлімінде жазылуы керек. Спортшылардың келуіне, қайтуына, қонақ үйге, тамақтануға қаржыны команданы жіберген мекеме көтереді.

4. Жарысқа қатысушы спортшылар мен командалар.

Бұл бөлімде жарысқа қатысушылардың кімдер екені (ерлер, әйелдер, ұлдар, қыздар), қай жас тобына жататыны (жасөспірімдер, жастар, ересектер, үлкен жастағы адамдар), қандай разрядтағы спорт-

шылар қатысатыны жазылады. Командалар арасында болса, команда аттары және қай лигада ойнайтын командалар арасында өткізілетіні нақты жазылады.

4. Жарыстың бағдарламасы мен кестесі.

Бұл бөлімде жарыстың өткізілу уақыты, сағаты, ашылу және жабылу салтанаты жазылады. Жарыс кестесі (графигі) қай команда кіммен ойнайтыны көрсетіледі.

5. Жарысты жүргізу, есептеу жолы мен марапаттау.

Бұл бөлімде жарыс қандай жолмен (айналмалы, шығып қалу, аралас) өткізілетіні, ұпай саны қалай есептелетіні жазылады. Марапаттауды жазғанда жүделі орын алған спортшыларға қандай мақтау қағазын, қандай сыйлықтар берілетіні жазылады.

6. Сұраныс және оны беру уақыты.

Бұл бөлімде сұраныс қандай түрде, қашан берілуі қажет екені жазылады.

Сұраныс беру үлгісін көрсетейік:

Өскемен қаласының колледждері арасында волейбол спортынан жарысқа қатысушы ҚАЕУ колледжінің

СҰРАНЫСЫ

№	Аты-жөні	Туған жылы	Спорттык разряды	Дәрігердің рұқсаты
1	Әбеуханова Шырын	1996ж	I	Дені сау
...12	Төлеуханова Айжан	1996ж	I	Дені сау

ҚАЕУ колледжі директоры _____ М.И. Кикина

Дәрігер _____ Н.А. Паньшина

Топ жетекшісі _____ А.Қ. Рамазанов

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Волейбол: Учеб. для институтов физической культуры. / Под ред. Ю.Н. Клещева, А.Г. Айриянца. - М.: «Физкультура и спорт», 1991.
2. Губенко Л.Я. Организация и проведение соревнований по волейболу. М.: «Физкультура и спорт», 1988.
3. Гурович Л.И., Иванова Г.П., Люшкинов Н.М., Ласин Г.С. Спортивные и подвижные игры. - М.: «Физкультура и спорт», 2002.
4. Уанбаев Е.Қ., Уанбаева Ф.Ж., Рамазанов С.М., Қамбетов Ж.З.

Мектептегі дене тәрбиесін бақылау, жоспарлау және есепке алу. - Өскемен, 2006.

5. Уанбаев Е.Қ., Уанбаева Ф.Ж. Дене мәдениеті және спорттың теориясы мен әдістемесі. - Өскемен, 2006.

БОКСТАҒЫ ТӨТЕ СОҚҚЫЛАРДЫҢ ТЕХНИКАСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ МАҢЫЗЫ

Бейбітұлы Ж., Шорганова А.Б.

Қазақстан-Американдық еркін университет, Өскемен, Қазақстан

Бокс спортының техникасын жан-жақты дайындығы бар, көп жаттыққан және рингте үнемі жекпе-жекке түскен спортшы ғана меңгере алады.

Бокс техникасы дегеніміз – үзбей жаттығу арқасында қорғаныс пен шабуылдың бір-бірімен сабақтасып, боксшының жекпе-жекте дағдысына айналуы, рингте тез әрі шапшаң қимылдау, жекпе-жек кезінде туатын көптеген қиын жағдайларда қорғанып қана қоймай, шабуыл жасай алатын қолайлы сәттер туғызу, қорғаныстан шабуылға көшу әдістерін жете меңгеру және оны дағдыға айналдыру, шабуыл кезінде әр түрлі соққыларды үйрену, қарсыласының шабуылы кезінде берік қорғанысқа көшіп өзіне соққы дарытпау, түрлі жағдайларда өзіне пайдалы әдіс-айлаларды толық пайдалану, барлық қимылды бір мақсатқа жұмылдыру.

Тактикалық есептерді басшылыққа алып отыратын жекпе-жек кезіндегі негізгі қару – боксшының техникасы болып есептеледі. Сондықтан боксшы техниканы жете меңгеріп, оны рингте сенімді және еркін пайдалана білуі қажет. Рингте, жекпе-жек кезінде боксшылардың жағдайы жиі өзгеріп тұрады. Бірақ қандай жағдайда болсын, спортшы өзіне ең пайдалы әдісті таба білуді үйренуі қажет. Техниканы жете меңгерген боксшылар ғана кез келген жағдайда дұрыс шешім таба алады. Боксшының жекпе-жек кезіндегі әр қимылы екіншісінен туындап, соны жалғастырып жатуы керек. Шабуыл мен қорғаныс бірімен-бірі сабақтасып жатпаған жерде боксшы өзіне аса қажет екі тізгінді де қарсыласына беріп қояды.

Әр боксшының техникасы тек өзіне ғана тән болуы мүмкін. Бірақ бұлардың негізі бір жүйе бойынша үйретіледі. Сол жүйені әр жаттықтырушы жақсы білуі және оны ұстаздық қызметінде жете пайдалануы керек.

Бокс техникасында негізгі үш түрлі соққы бар. Олар: төте соққы,

төменнен және қапталдан жасалатын соққылар. Бұл соққылардың әрқайсысын оң қолмен де, сол қолмен де қарсыластың басына немесе денесіне дарытуға болады. Соққылардың түрі сол соққыны атқаратын қол (оң немесе сол) және нысана (бас немесе дене) бірімен-бірі байланысты. Сондықтан бокс терминологиясында соққыларға арналған он екі тізбек бар: «оң қолмен басқа төте соғу», «оң қолмен денеге төменнен жасалған соққы», «сол қолмен денеге қапталдан жасалған соққы» және тағы басқалар.

Бокста, әсіресе, төте соққылар көп қолданылады. Ол үйренуге жеңіл және жылдам, дәл орындалады. Төте соққылар көбіне алыс және орта арақашықтықтарда пайдаланылады. Кейбір боксшылар жақын арақашықтықтарда да төте соққылар жасайды. Сонымен бірге мұндай соққылар шабуыл кезінде немесе қарсыласының шабуылын тоқтатуға, сондай-ақ алыс және орта арақашықтықтарды сақтауға жұмсалады.

Жекпе-жекті тек алыс қашықтықта өткізуге тырысқан боксшы көбіне төте соққылармен қаруланады. Мұндай жағдайларда олар үнемі әр жаққа жылжумен болады. Бұл оған бәсеке тізгінін уыстан шығармауға, жарыста көп ұпай алып, жеңіске жетуге мүмкіндік береді.

Боксты үйренгісі келгендер алдымен осы төте соққыларды үйренеді. Себебі, мұндай соққылар жекпе-жек кезінде жинақылыққа үйретеді. Сонымен қатар спортшыға алыс арақашықтықта бәсеке өткізудің техникасын жете меңгеруге мүмкіндік береді.

Сол қолмен басқа төте соққы беру. Бұл соққы рингте өте жиі қолданылады. Себебі, сол қолмен қарсыластың арасы жақынырақ болады. Сондықтан, боксшы бұл соққыны дәл және тез орындай алады.

Сол қолмен төте соққылар алыс қашықтықтағы түрлі-түрлі тактикалық шешімге байланысты қолданылады. Оның негізгі міндеттері – шабуыл алдында боксшының назарын басқа жаққа аударып, өзіне қолайлы алыс арақашықтықты сақтай отырып, жақындатпау, шабуылын тоқтату, келесі шешім қабылданғанша инициативаны қолдан шығармау үшін қарсыласының өзін осындай есептермен қақпанға түсіру. Сол қолмен жасалған көп әрі соққылар оның есін жиюына мүмкіндік бермейді.

Сол қолымен қарсыласының басына соққы берген кезде боксшы өзін сенімді сезінеді. Себебі, ол мұндай кезде қарсы соққы ала алмайды. Алыс арақашықтық қарсыластың қысқа соққыларынан сақтайды.

Мұндай соққылар негізінен боксшының бастапқы қалпынан басталады. Соққы болар алдында дененің салмағы екі аяққа тең түседі. Сонан кейін аздап оң аяққа ауыса бастайды. Оң аяқ серпілген кезде дене қарсыласқа қарай жылжиды да, сол аяқ ілгері қарай сүйретпе қадам жасайды.

Сол қолын қарсыласына тез сілтеген сәтте дене де солдан оңға қарай шапшаң бұрылады. Бұл соққының күшін бұрынғыдан да артыра түседі. Жұдырық нысанаға тиген кезде, бүгілген саусақтар төмен қарап тұруы қажет. Кейбір боксшылардың соққысы кезінде бүгілген саусақтар оңға қарап та тұрады.

Дененің бар салмағы сол аяққа түскен кезде ғана қол нысанаға тию керек. Бұл соққының күшті болуына көмектесіп қана қоймай, жұдырық қарсыласына тимеген сәтте тепе-теңдікті сақтауға да мүмкіндік береді. Жекелеген шабуыл кезінде, шешуші шабуылдарда да мұны естен шығармаған жөн.

Осындай соққы кезінде алақаны қарсыласына бағытталған оң қол иекті, сол шынтақ денені қорғап тұрады. Сонымен қатар иекті сол иықпен жабу керек. Шабуыл кезіндегі мұндай қорғаныстар боксшының дағдысына айналғаны дұрыс.

Сол қолмен денеге төте соққы беру. Бұл соққыны қолданған кезде де боксшының денесі ілгері әрі оңғақарай қозғалады. Ол қарсыласының қарсы соққыларынан басынқорғайды. Себебі, бастың негізгі бөлігі сол иықтың тасасындақалады. Сол қолмен соғу кейде қарсыласының басын қорғаныссыз қалдыратын алдамшы соққы ретінде пайдаланылады.

Мұндай шабуыл кезінде сол аяқпен бір қадам ілгері жылжиды. Иек астына қарай жұмсалған сол жұдырық нысанаға бағытталған сәтте, оң қол басты қарсы соққыдан қорғайды. Оның үстіне оң қол да соққы беруге дайын тұрады.

Соққы кезінде салқынқандылық өте қажет. Сол аяқтың басы оңға қарай бұрылуы керек. Бұл егер жұдырық нысанаға тимеген сәтте, дененің алға кетіп, тепе-теңдікті жоғалтуынан сақтайды. Оң аяқтың да қажетті қашықтықта болғаны дұрыс. Егер боксшы мұндай ұсақ жайларды ескермесе, нысанаға тие алмаған кезде теңдікті жоғалтып, қорғаныссыз қалады. Сөйтіп өзі қарсыласына ашық нысана болады. Оның үстіне нысанаға тимеген жұдырықты, сондай-ақ қолдың бұлшық еттерін тез босатып үйренген де дұрыс. Мұның да дененің теңдігін сақтауға тигізер көмегі аз емес.

Оң қолмен басқа төте соққы беру. Бұл ең күшті соққылардың бірінен саналады. Себебі оң қолды қарсыласына жұмсағанда, дене солға қарай кілт бұрылады. Дененің осындай бұрылысы және оң аяқтың серпілуі соққының күшін едәуір арттырады. Сол аяқты алға жіберген бастапқы қалыпта оң қол шешуші соққы жасауға үнемі дайын тұрады. Дененің бұрылысына, оң аяқтың қозғалуына және қарсыласынан алыстауға оң қолдың жұмсалыуына біраз уақыт кетеді. Қарсылас мұндай шабуылдан оңай қорғана алады. Сондықтан ондай шабуылды бас-

тауға, оң қолды нысанаға дәл жұмсауға алдын ала дайындалу керек.

Оң қолдың жұдырығы нысанаға дәл тию үшін алдымен шабуылды сол қолмен бастайды. Толассыз соққылар қарсыластың назарын басқа жаққа аударуы керек. Сонан кейін ғана қорғаусыз қалған нысанаға оң қол жұмсалады. Осындай шабуыл кезінде тепе-теңдікті сақтауды да ұмытпау керек.

Оң қолмен соққы берген кезде өте сақ болған жөн. Ол кезде басты сол қолдың жұдырығы, ал денені шынтақ қорғайды. Соққы бергеннен кейін боксшы бастапқы қалыпқа тез келуге тырысады. Себебі мұндай шабуыл кезінде кеуденің біраз жері қорғаусыз қалады. Әсіресе, оң қолдың жұдырығы нысанаға тимей кетсе, қорғанысты тез ұйымдастыру қиынға соғады. Егер дәл осы кезде шабуылға сол қол араласса, онда боксшының жағдайы бұрынғыдан жақсарады. Бұл арада сол аяқ та созылып, соққыға күш қосады.

Оң қолмен денеге төте соққы беру. Бұл соққының орындалу техникасы өте көп. Көбіне сол қолдың дайындық, жалған шабуылдарынан кейін орындалады. Сондай-ақ, сол қолмен қарсыласының басына соққы жасағаннан кейін қосалқы күшті соққы ретінде пайдаланылады. Немесе қорғанысқа тығыз байланысты қарсы соққы ретінде қолданылады. Сонымен қатар шабуылды өрбітетін соққылар тізбегінде енеді. Бұл да қарсыластың басына бағытталған төте соққының сынары болып есептелінеді. Оң қолмен денеге төте соққының одан айырмашылығы сол, бұл соққыны жасағанда дене көбірек иіледі, екі тізе жиі-жиі бүгіледі.

Оң қолмен денеге төте соққы жасаған кезде алда тұрған сол аяқ еденге ұшымен ғана тиіп тұрады. Бұл жұдырық нысанаға дарымай кеткен жағдайда дененің тепе-теңдігін сақтауға мүмкіндік береді. Оның үстіне осы соққыны жасаған кезде тізе көбірек бүгіледі. Бұл да соққыны күшейтуге көмек етеді. Сонымен бірге шабуылды одан әрі үдетуге де қолайлы болады.

Оң қолмен денеге төте соққы жасаған кезде қорғаныстың әлсірейтінін естен шығармау керек. Дене солға қарай бұрылғанда әсіресе, оң жақ ашық қалады. Боксшы сол қолдың жұдырығымен басты, сол білекпен және шынтақпен денені түгел қорғауға тырысуы керек.

Техникалық дайындық дегеніміз – жарыс жаттығуларын орындауды жоғары деңгейде меңгеру үрдісі. Оның негізгі міндеті спорт түріндегі негізгі қозғалысты шеберлікпен меңгеруді дағдылану. Сол үшін техникалық білімді болу, оны әр жаттығуда іс жүзінде көп қайталап жүйелі орындау, жақсы техниканы жоғары дәрежеде меңгеру жеңіске жетудің негізгі кепілі.

Әсіресе, бокс спортында техника өте маңызды, оны тактикамен

орынды пайдаланып, әр спортшы өзінің жоғары дене қуаты дайындығының арқасында жаттығу және жарыс кезінде бар мүмкіншілігін көрсете білуі. Қарыштап дамып келе жатқан егемен еліміздің намысын қорғайтын, көкбайрақты көк аспанға көтеріп, айдай әлемге қазақ елін, қазақ жерін, қазақ ерлігін паш ететін бокстың нағыз жанашыры болу, бұл қаны қазақ, кеудесінде жаны, көзінде оты бар әр спортшының арманы болуы міндетті.

Сондықтан бокстың техникасын, тактикасын, әр түрлі айла тәсілдерін меңгеру өте маңызды. Оларды көп қайталап жаттығу арқылы спорттық деңгейді көтеріп, жоғары жетістіктерге жетуге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Атилов, А.А. Школа бокса для начинающих. – Ростов н/Д: Феникс, 2005.
2. Атилов, А.А. Современный бокс. – Ростов на Дону, 2003.
3. Қаратайұлы Б. Соққы және оның түрлері // Ұлан. – 2007. – 9 қаңтар. – Б. 7-11
4. Қаратайұлы С. Бокстағы қорғаныс // Ұлан. – 2007. – 13, 27 ақпан. – Б. 6-10

АРНАЙЫ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ИНТЕРАКТИВТІ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ЖЕТІЛДІРУ

Нұрбекова Н.С.

*Қазақстан-Американдық еркін университеті колледжі, Өскемен,
Қазақстан*

Қазіргі заман талабы - оқытудың жаңа технологияларын меңгеру. Оқытудың жаңа технологияларының бірі - интерактивті техника және технология. Интерактивті техника және технологиясының дамуы кезеңінде осы заманға сай білімді, әрі білікті жұмысшы мамандарын даярлау оқытушының басты міндеті болып табылады. Қоғамдағы ақпараттандыру процестерінің қарқынды дамуы жан-жақты, жаңа технологияны меңгерген жеке тұлға қалыптастыруды талап етеді.

Білім беру реформасы - Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдардың бірі.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында «Осы заманғы білім беру мен

кәсіптік қайта даярлау, «парасатты экономиканың» негіздерін қалыптастыру, жаңа технологияларды, идеялар мен көзқарастарды пайдалану, инновациялық экономиканы дамыту қажет. Білім беру реформасы табысының басты өлшемі - тиісті білім мен білік алған еліміздің кез келген азаматы әлемнің кез келген елінде қажетке жарайтын маман болатындай деңгейге көтерілу болып табылады» делінген. Сонымен қатар бүкіл еліміз бойынша әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметін көрсетуге қол жеткізу, On-line тәсілінде оқыту тәжірибесін дамытып, елімізде оқу теледидарын құру, оқу жоспарларына жаратылыстану ғылымдары бойынша, бірінші кезекте, математика мен ақпараттандырудан қосымша сағаттар немесе пәндер енгізу қажеттігін баса айтты.

Дамыған елдердегі білім беру жүйесінде ерекше маңызды мәселелерді бірі - оқытуды ақпараттандыру, яғни арнайы пәндерді оқытуда интерактивті техника және технологияларды қолдану. Қазіргі таңда елімізде білім беру жүйесінде жаңашылдық қатарына ақпараттық кеңістікті құру енгізілді. Ақпараттандыру жағдайында оқушылар меңгеруге тиісті білім, білік, дағдының көлемі күннен күнге артып, мазмұны өзгеріп отыр. Білім беру саласында интерактивті техника және технологияларды пайдалану арқылы білімнің сапасын арттыру, білім беру үрдісін интенсификациялау мен модернизациялаудың тиімді тәсілдері іздестірілуде.

Оқушылардың құзіреттілігін арнайы пәндерді оқытуда интерактивті техника және технологияларды қолдану арқылы дамыту атты баяндамада қазіргі заман талабына сай ақпараттық технологияларды, электрондық оқулықтарды және Интернет ресурстарды пайдалану оқушының білім беру үрдісінде шығармашылық қабілетін дамытуға мүмкіндік беретіндігі туралы баяндалады.

Үшінші мыңжылдық кезінде қоғамның даму көрсеткіші ретінде ақпараттық қоғамға өту ісі алынады да, ал оның ең анықтаушы рөлін ақпарат түсінігі атқарады. Ақпаратта жинау, сақтау, өңдеу және тарату тәсілдері мен құралдары динамикалық түрде өзгеріске ұшырап, солар арқылы қоғамның инфрақұрылымы қалыптаса бастады.

Колледж оқытушылары үшін ақпараттық технологияларды пайдаланудың тиімділігі:

- оқушының өз бетімен жұмысына;
- уақытын үнемдеуге;
- білім-білік дағдыларын тест тапсырмалары арқылы тексеруге;
- шығармашылық есептер шығару кезінде физикалық құбылыстарды түсіндіру арқылы жүзеге асыру;
- қашықтықтан білім алу мүмкіндігінің туындауы;

- қажетті ақпаратты жедел түрде алу мүмкіндігі;
- экономикалық тиімділігі;
- іс-әрекет, қимылды қажет ететін пәндер мен тапсырмаларды оқып үйренуде (би өнері, қол еңбегі, дене шынықтыру сабақтары т.с.с);
- қарапайым көзбен көріп, қолмен ұстап сезіну немесе құлақ пен есту мүмкіндіктері болмайтын табиғаттың таңғажайып процестерімен әр түрлі тәжірибе нәтижелерін көріп, сезінуге мүмкіндік береді;
- оқушының ой-өрісін дүниетанымын кеңейтуге де ықпалы зор.

Оқытушы сабағында ақпараттық технологияның тиімділігін жүйелі түрде көрсете біледі. Арнайы пәндерді оқытуда интерактивті техника және технологияларды қолдану іс-тәжірибесі тиімді әдіс деп ойлаймын.

Электрондық оқу құралын арнайы пәндерді оқытуда интерактивті техника және технологияларды қолдану - бұл оқу курсының ең маңызды бөлімдерін, сонымен бірге есептер жинағы, анықтамалар, энциклопедиялар, оқу эксперименттерін жүргізу нұсқаулары, практикумға, курстық проектiлерге нұсқау және т.б. білім беруді басқаратын электрондық оқу құралы.

Сонымен қатар электрондық оқулықтарды сабақта пайдалану кезінде оқушылар бұрын алған білімдерін кеңейтіп, өз бетімен шығармашылық тапсырмалар орындайды. Әрбір оқушы тандалған тақырып бойынша тапсырмалар мен тарау бойынша тест жұмыстарын орындап, анимациялық практика тапсырмаларымен жұмыс жасауға дағдыланады. Электрондық оқулық арқылы түрлі суреттер, видео көріністер, дыбыс және музыка тыңдатып көрсетуге болады. Бұл, әрине мұғалімнің тақтаға жазып түсіндіргенінен әлдеқайда тиімді, әрі әсерлі. Меңгерілуі қиын сабақтарды компьютердің көмегімен оқушыларға ұғындырса, жаңа тақырыпқа деген баланың құштарлығы оянады деп есептеймін. Осылайша оқыту құралдарының бірі - электрондық оқулық. Ол оқушыларды даралай оқытуда жаңа информацияларды жеткізуге, сондай-ақ игерілген білім мен біліктерді тестік бақылауға арналған бағдарламалық құрал.

Білім - болашақ бағдары, кез-келген маман даярлайтын оқу орнының басты міндеттерінің бірі - жеке тұлғаның құзіреттілігін дамыту. Құзірет - оқушының жеке және қоғам талаптарын қанағаттандыру мақсатындағы табысты іс-әрекетіне қажетті білім дайындығына әлеуметтік тапсырыс. Құзыреттілік - оқушының әрекет тәсілдерін жан-жақты игеруінен көрінетін білім нәтижесі. Ақпараттық құзыреттілік арнайы пәндерді оқытуда интерактивті техника және технологияларды қолдану - бұл жеке тұлғаны әртүрлі ақпаратты қабылдау, табу,

сақтау, оны жүзеге асыру және ақпараттық -коммуникациялық технологияның мүмкіндіктерін жан-жақты қолдану қабілеті. Оқушылардың түпкілікті құзіреттіліктері - білім берудің жаңа нәтижелері. Құзіреттілікті оқушының пән бойынша игерген білім, білігінің жинағы деп қабылдауға келмейді. Ол - оқу нәтижесінде өзгермелі жағдайда меңгерген білім, білік, дағдыны тәжірибеде қолдана алу қабілеті болып табылатын жаңа сапа.

Ақпараттық құзіреттілікті дамытудың басты мақсаты – оқушыларды ақпаратты беру, түрлендіру және оны қолдану білімдерімен қаруландыру, олардың арнайы пәндерді оқытуда интерактивті техника және технологияларды қолдану өз қызметтеріне еркін, тиімді пайдалана алу қабілеттерін қалыптастыру.

Кәсіптік білім беруде оқушылардың құзіреттілігін арнайы пәндерді оқытуда интерактивті техника және технологияларды қолдану арқылы төмендегідей нәтижелерге жетуге болады:

- кәсіптік білім беретін оқу орындарын қазіргі заманға сай жаңа ақпараттық құрал - жабдықтармен жабдықтау, интерактивті тақталар мен мультимедиялық кабинеттермен және арнаулы пәндер бойынша электрондық оқулықтармен қамтамасыз ету;

- кәсіптік білім саласында оқытудың жаңа ақпараттық технологияларын пайдалану бойынша білім жетілдіру курстарын жиі ұйымдастыру.

Ақпараттық құзіреттілікті дамытудан күтілетін нәтиже жаңа заманға сай ақпараттық мәдениеті мен құзіреттілігі қалыптасқан, теориялық білімдерін іс жүзінде қолдана алатын, информатика пәнін басқа пәндермен байланыстыра алатын жеке тұлға қалыптастыру.

«Қазіргі заманда болашақ жұмысшы мамандарды ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет» деп, Елбасы атап көрсеткендей жас ұрпаққа білім беру жолында ақпараттық технологияны оқу үрдісінде оңтайландыру мен тиімділігін арттырудың маңызы зор.

Арнайы пәндерді оқытуда интерактивті техника және технологияларды оқу - тәрбие үрдісінде қолдану оқушының өз мамандығына қызығушылығын арттырып, шығармашылық шабытын шыңдап, ғылыми көзқарасын қалыптастырып, мамандық сапасын арттырып, еңбек нарығындағы бәсекеге қабілетті мамандар даярлауда үлесі мол.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаевтың Н.Ә. Қазақстан халқына Жолдауы, 2012.
2. Өстеміров К. Қазіргі педагогикалық технологиялар мен оқыту құралдары: оқу құралы.- Алматы: ЖШС «Казпрофтех», 2007.

3. «Қазақстан мектебі» журналы №8, 2012 жыл
4. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы

ЖАСӨСПІРІМНІҢ ӨЗІНЕ-ӨЗІ ҚОЛ САЛУ МӘСЕЛЕСІ

Баженова Н.К.

*Қазақстан-Американдық еркін университеті колледжі, Өскемен,
Қазақстан*

Суицид (лат. тілінен *sui* – өзін + *caedere* – өлтіру) - өзін-өзіне қол жұмсауға икемді адамның әрекеті. Адамның өзінің «ішкі болмысына» жасалған қатігездігі, яғни жауыздығы. Суицид дертіне әдетте рухани әлсіз, психикалық тұрғыдан тұрақсыз адамдар шалдығады. Сондай ақ, өз-өзіне қол жұмсауға күнделікті күйзеліс түрткі болуы да мүмкін.

Суицид оқиғасының мамандар жиілеуіне әртүрлі себептерді алға тартады. Соның ішінде айтатын болса ол әлеуметтік жағдай, тиісті отбасылық және қоғамдық тәрбиенің жоқтығы, моральдық және физикалық зорлық-зомбылық, есірткі қолдану, жоғары сынып оқушыларының төменгі сынып балаларының намысына тиетін әрекеттер жасауы сияқты жағдайлар негізгі факторлар. Дінге сенетін адам үшін бұл аталғандар өлімге себеп емес, пәни дүниеде әр адамға кезігетін кәдімгі жағдайлар ғана.

Өмірін қиюға бағытталған саналы ерікті түрдегі әрекет қазіргі таңда бүкіл жаһандық қоғамдық мәселеге айналып отыр. Ересектер тарапынан баланың саналы деген талап-тілек, мұқтаждықтарын өнегелі тұрғыдан ескермеу, олардың жас мөлшері мен балалық психологиясына көңіл бөлмеу сияқты кемшіліктерден болып жатады.

Балалар өз бастарына түскен проблемаларын ашылып ешкімге айтпайды. Біреуге айтса, елдің бәріне жария болып кете ме деп қорқыныш сезім туындайды. Сонымен өзіне-өзі қол салу өміріндегі кездескен дағдарыстан шығудың түйық жолы деп біледі, өмірмен күресуге қабілетсіздік, қиыншылдыққа төзе алмау. Алдын ала өзін өлімге ақырын бейімдеп жүреді де, кейін сәл ғана нәрсе түрткі болады. 15-25 жас аралығында жастар арасында жыл сайын өзіне-өзі қол салушылар көбеюде. Зерттеу нәтижесі бойынша әрбір бесінші жас осы дертке ұшырайды екен. Өзіне-өзі қол жұмсауға ұмтылған көптеген жастар, өздерінің осы іс-әрекеті туралы ылғи ескерту жасайды. Кейде айтады, кейде соны білдіретін іс-әрекеттер жасайды, кейде ыммен білдіреді. Өзін қоршаған адамдардың барлығына білдірмегенмен жақын досына немесе туысына білдіреді. Ешқандай білдірмей кететіндер аз.

